

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Ғылыми кеңесінде ұсынылған

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Арыстанбек Мұхамедиұлы – *Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры, өнертану докторы, профессор, алқа төрағасы.*

Н.Н. Кадримбетова – *директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары.*

А.К. Сатубалдин – *директордың қор жөніндегі орынбасары.*

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің есебі музей қызметінің негізгі бағыттары: қор, реставрация, ғылыми-зерттеу жұмыстары, экспозициялық-көрме, баспа қызметі, халықаралық ынтымақтастық бойынша жүргізілген 2020 жылғы жұмыс қорытындылары туралы ақпараттарды қамтиды.

Есепте Ұлттық музей қызметінің, мәдени-әлеуметтік институт ретіндегі негізгі принциптері сараланып, оның ғылыми-зерттеу, көркемдік және мәдениеттану дискурсиясы ретіндегі қызмет көрсету аясын кеңейту аспектілері көрсетіледі.

Басылым барша музей ісі мамандарына, ғылыми қызметкерлеріне, білім және мәдениет мекемелерінің қызметкерлеріне арналады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің 2020 жылғы есебі. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 121 бет.

ISBN

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінде әлемдік музейлер тәжірибесі олардың аймақтың экономикалық жандануында маңызды рөл атқаратындығын, мәдени және туристік индустрияның көрнекті нысандарына айналатындығын дәлелдеп отыр. Өз кезегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі де барша қазақстандықтар мен шетелдік қонақтар келіп тамашалайтын ірі мәдени орталық болып қалыптасты.

2020 жыл әлем үшін сынаққа толы кезең болды. Коронавирус пандемиясының салдарынан барлық рухани, мәдени орталықтар уақытша жұмыстарын тоқтатып, жаңа форматтағы жұмыс тәртібіне көшуге мәжбүр болды. Ел аумағында індеттің таралуы салдарынан орын алған карантиндік шектеулерге байланысты Ұлттық музей өз жұмысын виртуалды форматта жалғастырды. Мысалы, карантин кезінде музейде Facebook және Instagram әлеуметтік желілері арқылы онлайн форматта 200-ге жуық дәрістер, кездесулер, оқу сабақтары мен шеберлік сағаттары ұйымдастырылып, жалпы саны 289 843 қаралымға ие болды. Сонымен қатар 29 онлайн тақырыптық және экскурсиялық турлар жүзеге асырылып, оны 16 634 адам тамашалады.

Орын алған қиындықтарға қарамастан Ұлттық музей «2020-2023 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын» бекітті. Осы орайда бәсекелестік басымдықтарға қол жеткізу стратегиясында мынадай міндеттер алға қойылып отыр:

- ұлттық-мәдени бірегейлікті сақтау және оны танытпал ету;
- қоғамдық сананы жаңғырту;
- қол жетімді мәдени ортаны дамыту (әлеуметтік-мәдени бастама);
- ұлттық тарих пен мәдениетті насихаттауда жаңа технологияларды пайдалану;
- еліміздің Орталық Азия және әлемдік аренадағы мәдени имиджін арттыруға ықпал ету;

Қазақстандағы музейлер мен тарихи-мәдени мұра



АРЫСТАНБЕК МҰХАМЕДИҰЛЫ
ҚР Ұлттық музейінің директоры,
өнертану докторы, профессор.

объектілеріне келушілерді тарту және мәдени туризм индустриясын дамыту мақсатында 2020 жылдың наурыз айында Ұлттық музей базасында Қазақстан музейлерін дамыту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталығы құрылды. Аталмыш орталықтың құрылуы музейдің функционалдық қызметін кеңейте түсті.

Ұлттық музейдің 2020 жылғы маңызды қадамдарының бірі – «Мәдени мұра-Культурное наследие» басылымын ғылыми бағыттағы журнал ретінде ҚР Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеуден өткізіп, жаңа форматта шығара бастауы. Есептік кезеңде журналдың 4 саны жарық көріп, оқырмандардың ерекше ықыласына бөленді. Алдағы уақытта журналды ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдар қатарына енгізу жоспарға қойылып отыр.

Есептік кезеңде Ұлттық музейде «Көне түркі өркениеті», «Ұлы Даланың ежелгі өнері және технологиялары», «XIII-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихы» залдары ашылып, құнды тарихи жәдігерлер халық назарына ұсынылды. Сонымен қатар барлығы 15 көрме, оның ішінде 11 көрме музей қабырғасында, 3 көрме музейден тыс жерлерде және 1 көрме шетелде өтті.

Музейдің ғылыми-зерттеу қызметі салалық және музейтану ізденістерінен тұрады. Салалық зерттеулермен «Халық қазынасы» институты және «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы, музейтанумен ғылыми-әдістемелік қызмет айналысады.

Музейдің ғылыми қызметкерлері есеп беру мерзімінде 6 монография, 2 кітап, 1 каталог, 1 энциклопедия, 108 ғылыми мақала және БАҚ-та 46 мақала жариялады. Сонымен бірге 14 ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастырып, 2 конференция, 7 дөңгелек үстел өткізді. Бүгінде музейдің ғалымдары 5 жоба бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде.

Қол жеткен жетістіктерге қарамастан ҚР Ұлттық музейінің алдында үлкен мақсаттар мен міндеттер тұр. Алдағы уақытта ұжым тарихи жәдігерлерді жинақтап, мәдени құндылықтарды насихаттауға қатысты өз қызметін жалғастыратын болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

МУЗЕЙДІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Музей Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен «Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының аясында құрылды. 2013 жылы 2 шілдеде «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» Республикалық мемлекеттік мекемесін құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 675 Шешімі қабылданды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 жетоқсандағы № 1439 «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрлігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі» Республикалық мемлекеттік мекемесін қайта құру туралы» Шешімінен кейін 2014 жылы 2 шілдеде ресми түрде ашылды. Жарғысы жаңа редакцияда Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру Комитеті төрағасының 2015 жылғы 6 ақпандағы № 145 бұйрығымен бекітілген.

Заңды мекен-жайы:

010015, Нұр-Сұлтан қ., Тәуелсіздік даңғылы, 54

Музей ғимараты:

Архитекторы В.А. Лаптев, Қазақстан архитекторлар одағының мүшесі, архитектура докторы, Халықаралық архитектура академиясының профессоры

Құрылыстың жалпы ауданы – 74 000 м²

Экспозиция ауданы – 14 095 м²

Қор сақтау ауданы – 8 000 м²

Алқалық органдар:

Ғылыми кеңес

Реставрациялық кеңес

Ғылыми-әдістемелік кеңес

Қор іріктеу комиссиясы

МУЗЕЙ ҚОРЫ

Музей экспонаттарының саны 202 220 сақтам бірлігін құрайды, оның ішінде 160 634 сақтам бірлігі тұрақты сақтауда.

Штат құрамы

Штат саны 462 адамды құрайды, оның ішінде: басқарушы қызметкерлер құрамы – 64 адам, әкімшілік қызметкерлер құрамы – 39 адам, негізгі қызметкерлер құрамы – 242 адам (ғылыми қызметкерлер, сарапшылар, экспозиционерлер, экскурсия жүргізушілер, суретші-дизайнерлер, қор сақтаушылар және т.б.), көмекші қызметкерлер құрамы – 69 адам, жұмыскерлер – 48 адам.

Қаржыландыру

Музей ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты мекеме ретінде өз бюджетін субсидия негізінде қалыптастырады. 2020 жылы ол 2 685 107,0 мың теңгені құрады. Музейдің өз кірісі: келушілердің кіру ақысы, экскурсиялық қызмет көрсету, залдарды уақытша көрмелерге беру, музейдегі зерттеу мен оқыту: сурет салу және шығармашылық шеберханасы, бейне түсірілімдер өткізу, кәдесыйлар және баспа өнімдерін дайындаудан түсетін кірістер.

Жарғылық қызмет:

Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларын сақтау және көпшілікке таратуға бағытталған музей қызметін жүйелі түрде жетілдіру жолындағы негізгі мақсатқа қол жеткізу.

Музейдің стратегиясы:

Музей қызметінің негізгі мақсаты:

- мәдени құндылықтар мен тарихи-мәдени мұраларды кешенді жинақтау, жүйелеу, сақтау, ғылыми зерттеу және дәріптеу бойынша музей қызметінің жаңа моделін меңгеру және келешек дамуын қамтамасыз ету;
- қоғамдық сананы жаңғырту арқылы ұлттық тарих пен мәдениетті қабылдау тәжірибесін жетілдіруге, еліміздің Орталық Азия және әлемдік аренадағы мәдени имиджін арттыруға ықпал ету.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- музей қызметін жетілдіруге қажет ресурстық базамен (қаржылық, материалдық-техникалық, кадрлық) қамтамасыз ету және қолдау көрсету, мекеменің толыққанды жұмыс істеуіне жағдай жасау;
- музей қорын еліміздің тарихи-мәдени мұраларының сирек кездесетін үлгілерімен толықтыру, олардың есебін, сақталуын және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету;
- музей қорын ғылыми және сандық есепке алу;
- ғылыми-ағарту және бос уақытты ұйымдастыру қызметінің сапасын арттыруға қажетті ғылыми-зерттеу және әдістемелік құралдарының деңгейін көтеру;
- музей ісін дамыту және үйлестіру;
- музей сайтының қызметін жандандыру;
- музей саласын ақпараттандыру; қала тұрғындары мен қонақтарының мәдени құндылықтар мен ақпараттық ресурсқа кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету;
- сапалы және әртүрлі көрме-экспозициялық өнімдер жасау;
- тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, қала төңірегінде тұратын Қазақстан халқының мәдени дәстүрінің үзілмеуін қамтамасыз ету; рухани-тарихи мұраға және ұлттық тамырға қызығушылықты қолдау, халықтық өнерді, қолөнерді, мерекелер мен салт-жораларды сақтау және қайта жаңғырту;
- ұлттық мақтаныш, азаматтық, патриоттық сезімдерді тәрбиелеуге бағытталған қала тұрғындары мен қонақтарының адамгершілік құндылықтарын музей құралдары арқылы қалыптастыру;
- PR, жарнама, жариялылық әдістерін қолдану арқылы музейдің позитивті беделін қалыптастыру.

ҚОР САҚТАУ ЖӘНЕ РЕСТАВРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІ

ҚР Ұлттық музейі (бұдан әрі қарай – Музей) – қоғамның ұлттық мәдени және мемлекеттік бірегейлігін жете түсінуі үшін ұлттық мәдени брендтер түрінде тарихи-мәдени мұраны сақтау, таныстыру, ғылыми тұрғыда зерттеу, қалпына келтіру, дәріптеу негізінде еліміздің мәдени өмірінің дәстүрлері мен жаңашылдықтарының арасындағы байланыстырушы ұйым болып табылады.

Музей қоры ұлттық мәдени мұраның ажырамас бөлігі болып табылатындықтан оны қорғау – Музейдің әлеуметтік мәдени институт ретінде маңызды міндеті болып табылады.

Музей қорының ғылыми, мәдени айналымға түсуінің көрсеткіші – қорды жинақтау, есепке алу, ғылыми инвентаризация жүргізу мен музей заттарын сақтау. Қор жұмыстары қызметі бұл жұмыстарды бірнеше бағытта жүргізеді, атап айтқанда: жинақтау, есепке алу, сақтау. Ұлттық музейге Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогын жүргізу қызметі тапсырылып, қор қызметкерлері каталогты қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыруда. 2020 жылдың 10 айында каталогқа енгізу үшін 36 музейден 26 360 с.б. туралы ақпарат қабылданды. Барлығы 2017 жылдан бері 108 мемлекеттік музейден 101 428 с.б. туралы ақпарат қабылданған.

Есеп беру мерзімінде қызмет бойынша барлығы 36 адам қызмет етеді, оның ішінде 9 ғылым магистрі бар.

ҚОР ЖИНАҚТАУ ЖҰМЫСЫ, ЖАҢА ТҮСІМДЕР

Музей қорын қалыптастыру әдістерінің бірі – музей қоры мен коллекцияларын мақсатты, жүйелі жинақтау. Музей қорын қалыптастыру көздері сан алуан: ғылыми іссапарлар, сатып алу, сыйға алу, жеке және заңды тұлғалардан ақысыз негізде қабылдау, ғылыми-зерттеу экспедициялары, т.б.

Бөлімнің негізгі мақсаты – музейтанудың әдістемелік принциптеріне сүйене отырып, музей қорын мәдени құндылықтармен жүйелі толықтыру мақсатында іздестіру, ақпараттық және басқа да қызмет түрлерін ұйымдастыру, анықтау.

Жинақтау міндеттеріне:

– құжаттандыру жұмыстарын жүргізу және ұзақ мерзімді сақтауды қамтамасыз ету үшін заттардың атрибуциясы мен ақпараттық, эмоционалдық, физикалық қасиеттерін, сондай-ақ маңыздылығын анықтау;

– музей заттарын түріне қарай топтау және жүйелендіру;

– әртүрлі көздер (сыйға тарту, сатып алу, археологиялық және этнографиялық экспедициялар кезінде жинақтау) арқылы жинақталған заттарды музей қорына енгізу жұмыстарын ұйымдастыру.

Есепті кезең аралығында жинақтау және жаңа түсімдер бөлімінің қызметкерлері музей қорын толықтыру мақсатында музейлік маңызы бар жәдігерлер жинақтау жұмыстарын жүргізді. Барлығы 720 с.б. музей заты жинақталды. Бөлім қызметкерлері жинақталған заттарға алғашқы тіркеу құжаттарын ресімдеді, фотоға түсірді, қайырмаалдық шарттарын жасады, қор сақтау бөліміне материалдық жауапкершілікке тапсыру актілерін ресімдеп тапсырды.



Қор жинақтау жұмыстары

2020 жылы музей заттары бірнеше бағытта жинақталды:

1. Жеке және заңды тұлғалар ақысыз негізде берген мәдени құндылықтар есебінен.
2. Археологиялық экспедициялар нәтижесінде жинақталған археологиялық жәдігерлер есебінен.
3. «Ұлттық музейге сый» акциясы бойынша.
4. Мекемелерден жинақталған заттар есебінен.
5. Мәдени құндылықтарды сатып алу есебінен.

1. Жеке және заңды тұлғалар ақысыз негізде берген мәдени құндылықтар есебінен танымал тұлғалардың жәдігерлерін, ел тарихына қатысты мұраларын жинақтау жұмыстары жүргізілді. Солардың ішінде:

- күйші Ә. Измұханбетованың домбырасы;
- Кеңес Одағының Батыры Н. Әбдіровке қатысты жазба дерек материалдары;
- мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада жүлдегері Д. Теннің конькиі мен өзі жазған өлеңдері жинақталған кітабы;
- жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері А. Смайыловтың қолжазбасы мен жеке заттары;
- композитор, этномузыкант, музыкатанушы Б. Сарыбаевтың шәкірті Е. Құсайыновтың жеке коллекциясындағы ұлттық аспаптар;
- Абай мұрасын насихаттаушы, Қазақстанның еңбек сіңірген әншісі К. Мыржықбай сыйға тартқан Ұлы Абайдың 175 жылдығына арнап шығарылған кәдесый;
- Атырау өңірінің тумасы Ж. Іздібаева тапсырған 1958 жылы былғарыдан тігілген әйел етігі;
- Қазақстанның халық әртісі Т. Мейрамовтың сахналық киімдері;
- Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қ. Құлыштың сахналық киімі;
- суретші В. Кельдің «Морозное утро Целинограда» картинасы, кенеп, майлы бояу, 1995;
- Қазақстанның халық әртісі, дәстүрлі ән мектебінің негізін қалаушы Қ. Байбосыновтың жеке заттары;
- ғалым, жоғары білікті санаттағы травматолог-ортопед, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Нұрлан Жұмағұлұлы Батпеневке қатысты заттар қабылданды.



Мәнерлеп сырғанаудан Олимпиада жүлдегері Д. Теннің конькиі. 2017-2018 жж.



Суретші В. Кельдің «Морозное утро Целинограда» картинасын тапсыру сәтінен.



Сазсырнай. Композитор, этномузыкант Е. Құсайыновтың жеке коллекциясынан. 2018 жыл.



Кітап «Странный День – Странная Тень». Өлеңдер жинағы. Авторы: Д. Тен.



Эндопротездің макеті «ҚазТОҒЗИ» Н. Батпенновтың нұсқасы атты жамбас-ұршық буынына арналған цементсіз бекитін құрылғы.



Қолжазба «Ақтаңдақтар ақиқаты». А. Смайловтың Алжир лагері жайында жазылған қолжазбасы.



Қазақстанның халық әртісі Т. Мейрамовтың 2010 жылы «Абай» спектаклінде Абайдың рөлін сомдағанда киген шапаны.



Күйші Ә. Измұханбетованың домбырасын қорға тапсыру сәтінен.

2. Археологиялық экспедициялар нәтижесінде жинақталған заттар есебінен де толықтырылды:

– археолог, т.ғ.к. А. Бейсеновтың Павлодар облысы, Баянауыл ауданы аумағындағы қорымдарда жүргізген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған археологиялық заттар;

– «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің

• 2015-2017 жж. Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Айғырлы-2 ғибадатханасында;

• 2013 жылы Павлодар облысы, Екібастұз ауданы, Төртүй қорымында;

• 2016 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Қараөткел кесенесінде;

• 2013 жылы Қарқара жерлеу-ғұрыптық кешенінде;

• 2016 жылы Төртоба қорымы, Ақтөбе облысы, Қобда ауданында жүргізген археологиялық экспедициялары нәтижесінде жинақталған заттар;

• Американың Канзас университетінен 2000-04 жж. Ақмола облысы аумағындағы қорымдарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған остеологиялық коллекциялар қабылданды.

Археолог, т.ғ.к. А. Бейсеновтың Павлодар облысы, Баянауыл ауданы аумағындағы қорымдарда жүргізген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған археологиялық заттарын қабылдау сәті.



*Жатқан киік мүсіні түріндегі алтын жапсырма.
Табылған орны:
Павлодар облысы, Қызылшілік қорымы, 8 қорған.
Мерзімі: б.з.д. VII-VI ғғ.*



*Сүйек қасық.
Мерзімі: ж.с.д. III-II ғғ. 2016 жылы Қараөткел
кесенесінен табылған.
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы.*



*Қорамсақ ілмегі.
Мерзімі: ж.с.д. VI-IV ғғ. 2016 жылы
Төртоба қорымынан табылған.
Ақтөбе облысы, Қобда ауданы.*



*Құрбандық тас.
Мерзімі: б.з.д. VII-VI ғғ. Бірлік қорымынан та-
былған. Павлодар облысы.*



*Тас ұршық.
Мерзімі: ж.с.д. IV – II ғғ
Айғырлы-2 ғибадатханасынан
табылған. Маңғыстау облысы.*



3. Мекемелерден жинақталған заттар есебінен:

– Авторлық құқық жөніндегі үшжақты келісім негізінде «Экспонат» ЖШС жасаған музей заттарының көшірмелері;

– «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты жүргізген зерттеулер бойынша тапсырылған этнографиялық заттар (бешмет). 1960-70жж.;

– Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне танымал тұлғалардың әр жылдары сыйға берген заттары;

– Қазақстан Республикасы «Ұлттық банкінің» 2019-20 жж. шығарылған монеталары;



Бешмет.
Мерзімі: XIX ғ. аяғы-XX ғ. басы.

ҚОР ІРІКТЕУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Есепті кезеңде музей қорына қабылданған экспонаттарды іріктеу және қор қызметіне байланысты басқа да мәселелерді талқылау мақсатында қор іріктеу комиссиясының мәжілістері ұйымдастырылып, хаттамасы жазылды. Қор іріктеу комиссиясының шешімі бойынша негізгі және ғылыми көмекші қорға бөлінген музей заттарын қор сақтау бөліміне материалдық жауапкершілікке тапсыру актілері жасалып, қорға тапсырылды. Есепті кезеңде Қор іріктеу комиссиясында 722 с.б. музей заты қаралып, 524 с.б. негізгі қорға, 196 с.б. ғылыми көмекші қорға қабылдау және 2 с.б. ғылыми кітапханаға тапсыру жөнінде шешім қабылданды.



Білезік (көшірме)
Тақсай I, 6-оба. Б.д.д VI ғ.



Боксер қолғабы.
Қазақстан Республикасы спортшыларының
Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгіновке сыйы.

18.01.2020 жылы өткен бірінші отырыста 558 с.б. музей заттарын негізгі және ғылыми көмекші қорға бөлу қарастырылып, олардың ішінен:

- 476 с.б. негізгі қорға;
- 82 с.б. ғылыми-көмекші қорға қабылданды.

Комиссия мәжілісінде қор қызметіне қатысты басқа да күн тәртібінде тұрған мәселелер қаралды.

8.10.2020 жылы өткен екінші отырыста 164 с.б. музей заттарын негізгі және ғылыми көмекші қорға бөлу қарастырылып, олардың ішінен:

- 48 с.б. негізгі қорға;
- 114 с.б. ғылыми-көмекші қорға қабылданды.

Музей қорына 162 с.б. қабылданды;

- 2 с.б. ғылыми кітапханаға тапсырылды.

Комиссия мәжілісінде қор қызметіне қатысты басқа да күн тәртібінде тұрған мәселелер қаралды. Комиссия шешімімен музей қорына қабылданған заттар материалдық жауапкершілікпен сақтауға тапсырылды.

Ұлттық музейдің есепті кезең ішіндегі музейлік заттарының саны 202 220 сақтау бірлігін құрайды, оның ішінде заттардың 160 634 сақтау бірлігі тұрақты сақтауда (негізгі қорда – 111 474 бірлік, ғылыми-қосымша қорда – 49 160 бірлік), ал уақытша қор музейлік заттарының саны – 41 586 бірлік.



Қор іріктеу комиссиясының жиналысы




Диаграмма 1. Музей қорындағы 2019-2020 жылдардағы музейлік заттардың саны

Соңғы бес жылдағы музей қорындағы музейлік заттардың саны төмендегі кестеде беріледі:

Қор	2016	2017	2018	2019	2020
Негізгі қор	109311	110212	110 544	110 642	111 474
Ғылыми-қосымша қор	47492	47918	48 409	48 727	49 160
Уақытша қор	41650	51380	52 877	42 080	41 586
Барлығы	198 453	209 510	211 830	201 449	202 220

Кесте 1. Соңғы 5 жылдағы қордағы музейлік заттардың көрсеткіштері

Түсім

Есепті кезең ішінде музей қорларына тұрақты сақтау үшін 720 бірлік зат түсті, оның ішінде жеке тұлғалардан – 30 бірлік, әртүрлі ұйымдардан 645 бірлік, акция бойынша 45 бірлік қабылданды, олардың ішінде негізгі қордағы музейлік заттардың саны 524 бірлікті, ғылыми-қосымша қордағы 196 бірлікті құрайды.

Түсімдер кітабы

Жұмыс жоспарына сәйкес негізгі, ғылыми-қосалқы және уақытша қорлардың түсім кітаптарына музей заттары туралы тіркеу және жазбаларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілді.

Есепті кезең мерзімінде түсім кітабына 10 340 с.б. (оның ішінде 7 210 с.б. негізгі қордың, 3 130 с.б. ғылыми-қосымша қорда) туралы мәліметтер енгізілді.

Түсім кітабына барлығы 95 915 с.б. (оның ішінде 80 398 с.б. негізгі қордың, 15 517 с.б. ғылыми-қосымша қорда) туралы мәліметтер енгізілді.

Таңбалау

Музейлік заттарды таңбалау бойынша да жұмыстар жалғасты: түсім кітабы және түгендеу кітаптары бойынша қорлардан 35 188 с.б. номер қойылды:

- нумизматика – 628 с.б.;
- бағалы металл (алтын, күміс) – 34 399 с.б.;
- кілем-киіз – 111 с.б.;
- археология – 28 с.б.;
- ат әбзелдері – 22 с.б.

«АС Музей»

Есепті кезең ішінде музей қор сақтаушылары «АС Музей» жүйесіне деректерді ендіру бойынша жұмысты жалғастырды. Қазіргі таңда жүйе бойынша жұмыс әртүрлі модульмен жүргізілуде:



«Музей» АЖ бойынша жаңарту жұмыстарын жүргізу барысы.



Қару-жарақ қорындағы музей заттарын салыстырып тексеру барысы



Нумизматика қорындағы музей заттарын салыстырып тексеру барысы

1) «Түсім» модулі. Негізгі және ғылыми-қосалқы қорлардағы музей заттары туралы деректерді, жазбаларды кіргізу және жүргізу, түсімдердің электронды кітаптарына тіркеу, алғашқы деректерді тіркеу, түсім кітаптары бойынша музей заттарына номерлер қою.

Есепті кезең ішінде бағдарламаға 14 036 с.б. (оның ішінен негізгі қор заттарынан 9 858 с.б., ғылыми-қосымша қордан – 4 178 с.б.) бойынша деректер кіргізілді.

Бағдарламаға барлығы 104 521 с.б. деректері (оның ішінде негізгі қордың заттарынан 85 125 с.б., ғылыми-қосымша қордан – 19 396 с.б.) кіргізілді.

2) «Басқару» модулі. Контрагенттер, материалдар, техника, түсу амалдары, т.б. сынды анықтамалықтарды редакциялау бойынша жұмыс жалғасты.

3) «Есептер» модулі, бұл жерде түсім кітаптары бойынша, негізгі және ғылыми-қосымша қорлардағы музейлік заттардың саны бойынша заттарды тіркеу және есепке алу көзделген.

Салыстырып тексеру

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы № 372 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының музей қорларындағы музейлік заттарды есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің музейлік заттары және музей топтамаларына салыстырып тексеру жұмыстары қорға түскен кітаптар, түгендеу кітаптары, тұрақты сақтауға қабылдау актілері, жауапты сақтауға қабылдау актілері бойынша жүргізілді:

- бағалы металл (алтын) – 44 031 с.б.;
 - бағалы металл (күміс) – 4 215 с.б.;
 - И. Тасмағамбетовтың жеке коллекциясы – 1 381 с.б.;
 - бейнелеу өнері – 1 525 с.б.;
 - нумизматика – 4 493 с.б.;
 - кітаптар – 1 468 с.б.;
 - археология – 10 500 с.б.;
 - кілем-киіз – 1 084 с.б.;
 - қару-жарақ, ат әбзелдері – 577 с.б.;
 - металл, фаянс, фарфор, шыны – 550 с.б.
- Барлығы: 65 609 с.б.



Қор сақтаушыларының жазба және фотоқұжаттар қорында салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізу барысы

Қор сақтаушылары бағалы металл (күміс) қорында салыстырып тексеруде



Қор қызметкерлері алтын қорында салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізуде



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МУЗЕЙ ҚОРЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК КАТАЛОГЫН ҚҰРУ
ЖӘНЕ МӘДЕНИ ИГІЛІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІМІН ЖАСАУ БОЙЫНША ЕСЕП**

Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 193 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қоры каталогын жүргізу қағида-

ларының» 4-тармағына сәйкес ҚР Ұлттық музейі каталогты қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

2020 жылдың 10 айында каталогқа енгізу үшін 36 музейден 26 360 с.б. туралы ақпарат қабылданды. Барлығы 2017 жылдан бері 108 мемлекеттік музейден 101 428 с.б. туралы ақпарат қабылданған.

**ҚОРЛАРДЫ ЕСЕПKE
АЛУ БӨЛІМІ УАҚЫТША
ҚОР САҚТАМАСЫ**

Есепті кезең аралығында құжаттарды дайындап және ресімделуі бойынша жұмыстар жүргізілді, 4 уақытша көрменің музей заттарын қабылдау-тапсыру актілері дайындалды. Оның ішінде 1 халықаралық, 3 республикалық көрме бар.

Есептік кезеңде уақытша қорға 525 сақтау бірлігі, оның ішінде мекемелерден 175 сақтау бірлігі, халықаралық көрме ұйымдастыру үшін 32 сақтау бірлігі, ал республикалық көрмелерге – 318 сақтау бірлігі түсті.

Есеп беру мерзімі аралығында уақытша қордан музей заттарының 12 884 с.б. қайтарылды, 16 с.б. тұрақты қорға өткізілген.

ҚОР САҚТАУ ЖҰМЫСЫ

ҚР Ұлттық музейі қорында жалпы саны – 160 634 с.б. музейлік мәні бар заттар сақтаулы. Олардың ішінде:

1. «№1 Бағалы металл (алтын)» қорында – 43 688 с.б.;
2. «№2 Бағалы металл (күміс)» қорында – 4 152 с.б.;
3. «Археология» қорында – 16 859 с.б.;
4. «Жазба дерек және ақпарат (фото-негатив, құжат)» қорында – 63004 с.б.;
5. «Нумизматика» қорында – 9 618 с.б.;
6. «Металл» қорында – 869 с.б.;
7. «Шыны, фарфор және фаянс» қорында – 1 172 с.б.;
8. «Ағаш» қорында – 1 661 с.б.;
9. «Қару-жарақ» және «Ат әбзелдері, тері бұйымдары» қорында – 900 с.б.;
10. «Киім мен кесте» қорында – 2 663 с.б.;
11. «Кілем-киіз бұйымдары» қорында – 1 068 с.б.;
12. «Бейнелеу өнері» қорында – 4 617 с.б.;
13. «Кітап» қорында – 9 175 с.б.;
14. «Аудио-бейне» қорында – 1 161 с.б. бар.

Музей қорына тұрақты сақтауға жалпы саны – 720 с.б. экспонат қабылданды.

Музейдің тұрақты экспозициясына жалпы саны – 10 128 с.б. экспонат қойылған. Музей экспозициясында түгендеу жұмыстары жүргізіліп, экспозиция жұмыстары және экспозициялық зал-

дарды қамтамасыз ету бөліміне экспонаттар 2020 жылдың желтоқсан айына дейін материалдық-жауапкершілікке беру актілері арқылы тапсырылды. «Тарих» залының реэкспозициясына байланысты 390 с.б. экспонат қорларға қайтарылды. Экспозицияны жасақтау мақсатында музей заттары тапсырылды:

- «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» залына – 179 с.б.;
- «Нұр-Сұлтан» залына – 1 с.б.;
- «№1 Алтын» залына – 29 с.б.;
- «Асыл мұра» залына – 2 с.б.;
- «Бейнелеу өнері №2» залына – 6 с.б.;
- «Түркі өркениеті» залына – 63 с.б.;
- «Сақтар қазынасы» залына – 101 с.б.;
- «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залына – 41 с.б.;
- «Сәндік-қолданбалы өнер» көрме залын толықтыру мақсатында – 90 с.б.

Реставрациялық кеңес өткізіліп, барлық қорлардан 1082 атаулы, 1296 с.б. музей заттары тізімі кеңеске салынды. Оның ішінде актімен реставрацияға берілгені – 188 с.б., қорға қайтарылғаны – 117 с.б.

«Музей» АЖ бағдарламасына инвентарлық карточкалар 1849 с.б. толтырылды.

«Музей» АЖ бағдарламасында инвентарлық карточка толтыру, экспонаттарды қалпына келтіруге тапсыру актілері және музей ішіндегі алу-беру актілерін енгізу, экспонаттарды материалдық жауапкершілікке қабылдау жұмыстары «Музей» АЖ бағдарламасы бойынша 2020 жылға арналған талаптарға сәйкес жүргізілді. «Музей» АЖ бағдарламасына қою үшін экспонаттар кәсіби фотоға түсірілді. Модуль инвентаризациясымен жұмыс жүргізіліп, музей заттары 15 қор жинақтарына жіктелді.



Қор сақтаушылары археология қорында салыстырып тексеруде

Музейдің ішкі және сыртқы көрмелер өткізу үшін уақытша сақтауға және пайдалануға музейлік мәні бар 575 с.б. (ішкі көрме – 172; сыртқы көрме – 403) зат берілді.

Ішкі көрмелерге:

– Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына орай ұйымдастырылған көрмеге – 2 с.б.;

– «Суретшілер мен Целиноград: Тіршілік пен қала» атты көрмеге – 157 с.б.;

– композитор Нұрғиса Тілендиевтің 95 жылдығына орай «Ғасыр сазын тербеген» атты еске алу кешіне – 8 с.б.;

– «Асыл мұра» залында өткен сұхбатқа – 4 с.б.;

– ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Суретшілер одағының мүшесі Ахмет Ахаттың 65 жылдық мерейтойына арналған «Шығыс әлемі» атты көрмені жабдықтауға – 1 с.б. экспонат берілді.

Сыртқы көрмелерге:

– 2020 жылдың 18 қаңтарында Нұр-Сұлтан қаласында өткізілген «Жыл жобасы» сыйлығында «Алтын Адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы «Халықтың сүйіктісі» аталымының лауреаты атанды, жоба аясында ұйымдастырылған көрмеге Ұлттық музей қорынан – 13 аталым бойынша, 40 с.б. берілді;

– «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық көрме жобасы аясында Үндістан Республикасының Нью-Дели қаласында «Ұлы Дала: Уақыт. Кеңістік. Мәдениет» атты көрмесін ұйымдастыруға және жасақтауға 81 аталым бойынша 292 с.б. берілді;

– атақты композитор Ш. Қалдаяқовтың 90 жылдығына орай Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәмші музей-үйінде өткізілген көрмені жасақтауға – 1 с.б. берілді;

– Түркістан қаласында «Ұлы дала орталығы» музейінің ашылу салтанатына байланысты ұйымдастырылған көрмені жасақтауға – 30 аталым бойынша 70 с.б. берілді.

Музей заттары және музей топтамаларына салыстырып тексеру жұмыстары жүргізілді. Қорды есепке алу бөлімімен бірлесіп, жалпы саны 64816 с.б. тексерілді.

Бухгалтерия бөлімі қызметкерлерімен бірге бухгалтерия балансында тұрған 5943 с.б. түгенделді:

– «№1 Бағалы металл (алтын)» қорынан – 189 с.б.;

– «№2 Бағалы металл (күміс)» қорынан – 1019 с.б.;

– «Археология» қорынан – 114 с.б.;

– «Металл» қорынан – 5 с.б.;

– «Нумизматика» қорынан – 1102 с.б.;

- «Киім және кесте» қорынан – 26 с.б.;
- «Бейнелеу өнері» қорынан – 3342 с.б.;
- «Кілем-киіз бұйымдары» қорынан – 1 с.б.;




Диаграмма 4. 2016-2020 жж. «Музей» АЖ-не енгізілген музей заттары туралы мәліметтер саны



Диаграмма 5. «Музей» АЖ-не енгізілген музей заттары туралы мәліметтердің 2016-2020 жж. жылдық көрсеткіштері

- «Қару-жарақ» және «Ат әбзелдері және тері бұйымдары» қорынан – 138 с.б.;
- «Ағаш» қорынан – 3 с.б.;
- «Аудио-бейне» қорынан – 4 с.б.

Музей қорындағы бағалы металдарға апробация 1042 с.б. жүргізілді. «Экспертиза және сертификациялау Ұлттық орталығы» АҚ-ның Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалында «№1 Бағалы металл

(алтын)» қорындағы – 799 с.б. және «№2 Бағалы металл (күміс)» қорындағы – 243 с.б. музей заттары апробациядан өтті.

2020 жылы жоспарға сәйкес музей заттарын сандық нысанға көшіру мақсатында 163 аталым бойынша, 200 с.б. тізімі жасалып, барлығы – 161 с.б. музей заты фотограмметриялық 3D сканерлеуден өткізілді.

Қор қызметкерлері ғылыми қызметкерлермен бірге «Археология» қорындағы экспонаттарды кезеңдері бойынша классификациялау жұмыстарын жүргізді. «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтына қарасты Археологиялық мұра бөлімінің жетекшісі Р. Дәрменов Тюмень Ғылым орталығының ғылыми қызметкері К.Н. Солодовниковпен бірлесе отырып, «Археология» қорында сақтаулы Ижевский қорымынан табылған экспонаттарға зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Ашық қор. Жеңіс жаңғырығы» виртуалды жобасына байланысты Ұлы Отан соғысына қатысты экспонаттар іріктеліп, сканерден өткізілді.

Ғылыми қызметкерлермен бірлесіп залдарды жасақтау және «Музей» АЖ бағдарламасына экспонаттардың ғылыми төлқұжатын енгізу бойынша жұмыстар атқарылды. Экспонаттарды таңбалау жұмыстары жүргізілді. Негізгі қорға түскен заттардың түгендеу кітаптары толтырылды. Экспонаттардың заттық дереккөзіне арналған түгендеу карточкалары жазылды. Топографиялық тізімдемелерді реттеу, сипаттамаларды толықтыру жұмыстары жүргізілді (фотосуреті, инвентар-



Музей заттары және музей топтамаларына салыстырып тексеру жұмыстары



Музей қорындағы бағалы металдарға апробация жүргізу барысы



лық номері, т.б.). Қорлар бойынша құнды экспонаттар, коллекциялар туралы мәліметтер жинақталып, мақалалар жазылды.

Сонымен қатар экспонаттарды залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді: «Кілем-киіз» қорынан – 50 с.б., «Бейнелеу өнері» қорынан – 20 с.б., «Киім және кесте» қорынан – 25 с.б., «Кілем-киіз бұйымдары» қорынан 30 с.б. далаға шығарылып, күнге кептірілді.

1 блок, 2 этаж №202 қор сақтамасындағы «Нумизматика» қоры 2 блок, 1 этаж №101 сақтамаға көшіріліп, экспонаттар топографиялық тізім бойынша орындарына орналастырылды. Ал «Бейнелеу өнері» қоры 1 блок, 2 этаж №202 қор сақтамаға көшірілді.

Қор сақтамалардың температуралық-ылғалдылық режимі психрометрдің көмегімен тексеріліп, экспонаттардың сақталуы бақыланды. Экспозиция залдарындағы экспонаттардың сақталуы, залдардың температурасы тексеріліп, журналға тіркелуде. Қор сақтамаларда тазалық шаралары жүргізілуде (экспонаттардың, сөрелер мен мобильді стеллаждардың шаңдары сүртіліп, ауа желдеткіштер тазартылып, едендері жуылды).

Есептік кезеңде Музей қорына музейден тыс жерде пайдаланған заттар қайтарылды:

– 2018 жылдың 7 қыркүйек пен 15 желтоқсан ара-

лығында Америка Құрама Штаттары Нью-Джерси қаласында өткен көрмеден уақытша қордың 2 жұмысы және 2018 жылдың 20 қазан – 2019 жылдың 3 сәуір аралығында Оңтүстік Корея мемлекеті Сувон қаласында өткен көрмеден тұрақты қордың 5 актімен қабылдап алу-тапсыру жұмыстары жүргізілді. Барлығы 7 зат;


– 2005 жылы бұрынғы ҚР Президенттік мәдениет орталығының (Нұр-Сұлтан қ.) қорынан ғылыми зерттеулер жүргізу үшін АҚШ-қа жіберілген Ботай мәдениетінің остеологиялық коллекциялары, барлығы – 528 с.б. қорға қайтарылды;

– «Алтын Адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы аясында Үндістан Республикасы Нью-Дели қаласында өткен «Ұлы дала: Уақыт. Кеңістік. Мәдениет» атты көрмеге жіберілген экспонаттар қабылдап алынып, 81 аталым, 292 с.б. қор сақтамаларға орналастырылды.

– Түркістан өңірінде ұйымдастырылған танымал композитор Ш. Қалдаяқовтың 90 жылдығына арналған көрмеден композитордың бас киімі қайтарылды.

ҒЫЛЫМИ, ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ШАРАЛАРЫ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған қашықтан «Жеңіс жаңғырығы» жобасы ұйымдастырылып өткізілді. Жобаның мақсаты: соғыс ардагерлерінің майданнан жазған хаттары мен соғысқа қатысушының, сондай-ақ соғыс қимылдарын бейнелейтін фотосуреттерін жинақтап, Музейдің әлеуметтік желідегі парақшаларына жүктеу арқылы ұрпаққа өнеге болар аталарымыздың ерлігі мен батырлығын дәріптеу, мәңгі есте сақтау, өткенге құрмет көрсету. Республикалық, облыстық, қалалық ардагерлер ұйымдарымен қашықтан байланыс орнатылды. Жобаға ерікті түрде ниет білдірген 40-тан астам жеке және заңды тұлғалар, соғысқа қатысқан жауынгерлердің ұрпақтары қатысты. Бүгінгі күні барлығы 176, оның ішінде 11 хат, 70 фотосурет, 95 құжат жинақталып, музей қорын толықтырды. Кеңес Одағының Батыры,



Музей заттарын фотограмметриялық 3D сканерлеуден өткізу



«Кілем-киіз бұйымдары» қорындағы залалсыздандыру жұмыстары



Музей қорына музейден тыс жерде пайдаланған заттарды қабылдап алу сәтінен

әскери-ұшқыш Нүркен Әбдіровтың майданнан жазған хаттары, Кеңес Одағының Батыры Боран Нысанбаевтың, Халық Қаһарманы, ұшқыш Хиуаз Доспанованың, абайтанушы, ғалым Қайым Мұхамедхановтың фотосуреттері мен құжаттарының электронды нұсқалары жинақталды.

ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Бөлім қызметкерлерінің мақалалары сайттар мен баспасөздерде жарық көрді.

Ғылыми қызметкер Д.А. Кусаиновтың Музей сайтында төмендегідей мақалалары жарияланды:

1. «Ерлік ұмытылмайды» 13.03.2020 ж;
2. «Ақын сыйы – сіздерге» 7.04.2020 ж;
3. «Монеталар тарихтан үн қатады» 10.04.2020 ж.

Дәрістер, шеберлік сабағы және семинарлар

Қор қызметінің басшылары есептік кезеңде «ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қор жұмысы», «ҚР Ұлттық музейі қорларындағы зергерлік өнер бұйымдарының коллекциясы» атты онлайн форматта 2 дәріс оқыды.

«Қазақ халқының ұлттық құндылықтары. Домбыра – музей қорында» атты онлайн дәріс өткізілді. Дәріс барысында музей қорындағы «Танымал тұлғаларға тиесілі» домбыралар, «Ұлттық музейге сый тарту акциясы» аясында келіп түскен экспонаттар, заманауи үлгіде жасалып, қолданыста жүрген домбыралар жай-



Ғ. Хакимованың 1944 жылы 6 сәуірде жолдаған хаты



Ю. Хакимовтың 1942 жылы 15 желтоқсанда жолдаған соңғы хаты



Кеңес Одағының Батыры, әскери-ұшқыш Н. Әбдіровтың немере інісі Ә. Әбдіров



Ұлы Отан соғысының қатысушысы А. Қыстаубаев

КОНСЕРВАЦИЯЛАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ӨНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

ында және олардың өңірге бөліну ерекшеліктері мен шығу тарихы жайлы сөз қозғалды.

Қор жұмыстары қызметінің қызметкерлері музейдің әлеуметтік желісінде тікелей эфирде «Киіз басу өнері – ұлттық мұра» атты онлайн шеберлік сабағын өткізді. Онлайн-шеберлік сабағында музейдің «Кілем-киіз бұйымдары» қоры туралы баяндама оқылып, киізден әртүрлі бұйымдар жасау технологиясы көрсетілді.

Қор жұмыстары қызметінің қызметкерлері «Қазақстандағы музейлердің қор қызметі: қиыншылықтары мен оларды шешу жолдары» тақырыбындағы республикалық онлайн-семинар дайындап, 4 баяндама жасады. Баяндама барысында жинақтау, қор сақтау, есепке алу, «Музей» АЖ-мен жұмыс жасау және органикалық археологиялық материалдарды сақтау мәселелері талқыланды.

Семинар республикалық деңгейде өтті, семинарға 6 мемлекеттік музей, оның ішінде бас қор сақтаушылар, қор сақтаушылар, реставраторлар, Семей, Алматы, БҚО, Қостанай, СҚО музейлерінің өкілдері қатысты.

Консервациялау, қалпына келтіру

және қолөнер бұйымдарын өндіру қызметі қалпына келтірілетін экспонаттардың құрамына қарай мамандандырылған консервациялау және қалпына келтіру зертханасы мен мынадай секторлардан тұрады:

1) Кескіндеме, графика және қағаз бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру;

2) Темір, ағаш, тері және сүйек бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру;

3) Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру;

4) Керамика, фарфор және шыны бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру;

5) Қолөнер бұйымдарын өндіру секторы;

6) Консервациялау және қалпына келтіру зертханасы.

«Консервациялау және қалпына келтіру қызметі» үстіміздегі жылдың қыркүйек айынан бастап «Консервациялау, қалпына келтіру және қолөнер бұйымдарын өндіру қызметі» болып өзгеріп, қолөнер бұйымдарын өндіру секторы ашылды. Сектордың жетекшісі болып Олжас Ибраев тағайындалды. Сектор түрлі ұлттық қолөнеріміздің, музейдің құнды жәдігерлері «Алтын



Реставрациялық кеңес отырысы.

адам» әшекейлерінің (бұлан, таутеке, арқар, түрлі құс бейнелері, т.б.) көшірмелерін жасап, музейдің кәдесый дүкенінде келушілерге ұсынбақ. Биылғы жылы 26 дана плакеткалар жасап, музей қоймасына өткізді.

Қазіргі таңда қызметте 23 маман еңбек етуде. Олардың арасында біраз жылдан бері осы салада еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі суретші-реставраторлар мен жас мамандар да бар. Тәжірибелі мамандар жас реставраторларға өз тәжірибелерімен бөлісіп, жәдігерлерді жаңғыртудың қыр-сырын үйретуде.

Қызмет мамандары музей заттарын зерттеу, тіркеу, қажетті күйде бірқалыпта ұстау және олардың мәдени құндылық ретінде маңыздылығын сақтай отырып, бастапқы физикалық және химиялық құрылымын қалпына келтіру бағытында консервациялаумен айналысады.

Музей заттарын реставрациялаудың түпкі нәтижесі тарихи ескерткіштің мәдени мән-мағынасының қасиеттерін ашып көрсету болып табылады. Реставрация түпнұсқа материалына ұқыппен қарауға және объектінің бұрынғы қалпы туралы анық біліп жұмыс жасауға негізделген.

Консервация және реставрация қызметі төмендегідей



Реставраторлардың бетперделер тігу сәтінен.

Жылдар	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Қалпына келтірілген музей заттарының саны	328	116	156	188	405	381	1272
Барлығы							2 846

Кесте 2. 2014-2020 жж. реставрацияланған музей заттарының саны



міндеттерді атқарады:

- музей жинағының жағдайын үнемі бақылауда ұстау (консервация және реставрацияны қажет ететін заттарды іріктеу);
- музей заттарын табиғи ескіруден қорғайтын тәртіп жағдайында сақтау;
- заттың бұзылуын тоқтатып, әрі қарай материал мен құрамын бекіту;
- заттың бүліну себептерін жою үшін шара қолдану, материалы мен құрылымын нығайту, сыртқы қабатындағы зиянды қабыршықтардан арылту;
- табиғи ескіру салдарынан пайда болған бүліну, бүлдіріп алу немесе әдейі өзгертудің әсерін жою.

Экспонаттарды қалпына келтіру жұмыстары бойынша шешімдер әр жылдың басында Реставрациялық кеңес отырысында талқыланып қабылданады. 2020 жылдың 15 қаңтарындағы Реставрациялық кеңес отырысында 1025 дана экспонатқа қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылданды.

Төмендегі кестеде Консервациялау, қалпына келтіру және қолөнер бұйымдарын өндіру қызметінің



Грек-рим күресінен әлем және Олимпиада чемпионы (1980), КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері Ш. Серіковтің белдігінің көшірмесін жасау барысы.



Реставратор-мамандар шеберлік сабақтарын түсіру барысында.



Реставратор-мамандар шеберлік сабақтарын түсіру барысында.

музей іргесін қаланған 7 жылдың ішіндегі қалпына келтірген музей заттарының көрсеткіштері беріліп отыр.

Үстіміздегі жылы ел аумағында орын алған пандемия кезінде Қызмет мамандары аз қамтылған отбасыларына бетперде тігу, онлайн шеберлік сағаттарын түсіру сияқты шараларға атсалысты. Қызметкерлер пандемия кезінде жалпы саны 709 бетперде тікті.



Украин археолог-реставраторы Т.Н. Крупа музейіміздің құнды жәдігерлерінің бірі Қазыбек би шапанының жай-күйімен танысуда.

Сонымен қатар осы айда кескіндеме, графика және қағаз бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының жетекшісі Г. Молдиманова, қолөнер бұйымдарын өндіру секторының жетекшісі О. Ибраев, суретші-реставраторлар С. Аятбеков, Ж. Әлімғазыева, И. Мусина музей залдарының еденіне алшақтық сызықтар жапсырды.

Тамыз айынан бастап музейдің жұмысы қайта жанданып, суретші-реставраторлар қалыпты жұмыс жағдайына көшті. Мата және кілем-киіз бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының суретші-ре-

ставраторлары 137 дана орындыққа жапқыш тікті. Суретші-реставраторлар: М. Аятбеков, М. Шарипов, А. Закиқан, С. Аятбеков, Қ. Тулегеновалар Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі макетін қалпына келтіру жұмыстарын жүргізді.

2020 ж. 14 қыркүйегінде Реставрациялық кеңес өткізіліп, суретші-реставраторлар қалпына келтірген жәдігерлері жөнінде баяндап, есеп берді. Есеп беру мерзімінде 1272 дана жәдігерге қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Бұл 2019 жылғы көрсеткішпен (338) салыстырғанда 934 жәдігерге артық.

2020 жылы төмендегідей категориялар бойынша жәдігерлер қалпына келтірілді:

- Берел жәдігерлері – 10 с.б.
- Мата және кілем-киіз бұйымдары – 37 с.б.
- Кескіндеме, графика және қағаз бұйымдары – 65 с.б.
- Керамика, фарфор және шыны бұйымдары – 40 с.б.
- Темір, ағаш, тері және сүйек бұйымдары – 1152 с.б.

Диаграмма 6. 2020 ж. қалпына келтірілген музей заттарының категориялары мен саны

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

18-20 қаңтар аралығында консервациялау және қалпына келтіру лабораториясының жетекшісі Д. Досаева мен керамика, фарфор және шыны бұйымдарын консервациялау және қалпына келтіру секторының суретші-реставраторы Ж. Әлімғазыева Нара қаласында (Жапония) өткен «Археологиялық олжаларды зерттеу, тіркеу және консервациялау» атты семинарға қатысты.

ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫ

Қызметтің реставратор-суретшілері Б. Жақсылық, М. Аятбеков, Н. Ашимбаева, С. Хабар, Қ. Тулегеновалар металл, керамика, кескіндеме, қағаз бұйымдарын қалпына келтіруден онлайн шеберлік сабақтарын таспаға түсірді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

Қараша айының 18-19 күндері Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің «Margulan Centre» базасында «УМАІ» Халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының жетекшісі, украин архе-




Диаграмма 7. Музей ғылыми қызметкерлерінің 2020 жылдағы жарияланымдары

олог-реставраторы, ежелгі тоқыма технологиялары бойынша маман Т.Н. Крупа музейіміздің құнды жәдігерлерінің бірі Қазыбек би шапанының жай-күйімен танысып, сақталуы жөнінде кеңестер берді. Сонымен қатар музей қызметкерлерімен бірге суретші-реставраторлар ғалымның «Орталық Қазақстанның Алтын Орда кезеңіндегі ескерткіштерден органикалық материалдарды зерттеудің кейбір қорытындылары мен перспективалары» атты дәрісін тыңдап, біраз мағлұматтар алды.

МАРАПАТТАР

Халықаралық музейлер күні мен Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Н. Қарабекова ҚР Ұлттық музейі директорының Құрмет грамотасымен марапатталды.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Музейдің ғылыми-зерттеу қызметі салалық және музейтану ізденістерінен құралады. Салалық зерттеулермен «Халық қазынасы» институты және «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы, музейтанумен ғылыми-әдістемелік қызмет айналысады.

«Халық қазынасы» институты және «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы ғылыми экспедициялар және далалық зерттеулер жүргізу, жинақтау, сақтау, бастапқы өңдеу және дереккөздерді жүйелеу, табылған деректерді талдау, білім мен біліктілікті қолдана отырып оларды ғылыми фактілер жүйесіне айналдыру арқылы эмпирикалық дәлелдерді жинақтаумен айналысады. Ғылыми-әдістемелік қызметтің негізгі атқаратын жұмысы жаңа мәліметтерді ғылыми тұрғыдан зерделеу және оларды ғылыми қалыптасқан ұсыныстар жүйесіне енгізу болып табылады.

Музейдің ғылыми қызметкерлері есеп беру мерзімінде 6 монография, 108

ғылыми мақала және БАҚ-да 46 мақала жариялады. Сонымен бірге, 2 конференция, 7 дөңгелек үстел, 7 көрме ұйымдастырылды.

Еліміздегі пандемия кезінде ғылыми қызметкерлер жаңа форматта виртуалды қызмет көрсетті. Карантин кезінде музей қызметкерлері «Маманмен сұхбат» және «Art Talk» жобаларын жүзеге асырды. Музейдің әлеуметтік желілерінде 2 онлайн конференция, 28 онлайн дәріс, 8 онлайн сұхбат, 5 шеберлік сабақтары көрермендер назарына ұсынылды.

«ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ

«Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының мақсаты – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және насихаттау болып табылады.

Көрсетілген мақсаттың негізінде «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу




Диаграмма 8. «Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлерінің 2020 ж. жариялаған мақалалары туралы мәлімет

№	Атқарылған жұмыстар	2016	2017	2018	2019	2020
1	Ғылыми-зерттеу жобалары	8	10	9	9	5
2	Далалық зерттеулер соның ішінде:	11	15	13	8	8
	археологиялық экспедициялар	10	13	41	5	6
	этнографиялық экспедициялар	1	2		2	1
	музыкалы-фольклорлық экспедициялар				1	1
3	Кітаптар соның ішінде:	8	6	10	13	6
	монографиялар	3	4	3	4	4
	ескерткіштер жинағы			1	1	1
	жылдық басылым каталогтар альбом	3	2	5	1	-
		2		1	6	1
					1	-
4	Мақалалар соның ішінде:	45	87	56	70	32
	ғылыми мақалалар	36	60	48	36	28
	ғылыми-көпшілік мақалалар	9	27	8	24	4
5	Имидждік іс-шаралар	24	34	28	50	46
6	Дөңгелек үстел, семинар	4	7	2	3	3
7	Лекция	-	-	-	-	22
8	Оқыту курсы	-	1	1	-	1

институтының 2020 жылға арналған жұмыс жоспары жасалып, соған сәйкес нақты міндеттер жүзеге асты. Олардың ішінде институттың жұмыс бағыты бойынша ізденістері, арнайы жобалар, жеке ғылыми-зерттеу жұмыстары, далалық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу, ғылыми-тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыру мен өткізу және ғылыми-көпшілік мақалалар мен баспа өнімдерін дайындап жарыққа шығару жұмыстары бар.

Кесте 3. «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының 2016-2020 жж. атқарған іс-шаралары

Жалпы институттың штатында 23 қызметкер болуы тиіс. Қазіргі таңда 16 қызметкер жұмыс атқарады: 1 ҚР ҰҒА академигі, 3 т.ғ.к., 1 ph.d доктор және 11 магистр. Оның ішінде толық өтілде 12 қызметкер, жартылай өтілде 4 қызметкер бар.

2020 жылы институтта 7 далалық зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды:

1. «Астана-Арқа» кешенді экспедициясының этнографиялық отряды;
2. «Астана-Арқа» кешенді экспедициясының музыкалы-фольклорлық отряды;
3. «Астана-Арқа» кешенді экспедициясының барлау-іздігі отряды;
4. «Астана-Арқа» кешенді экспедициясының археологиялық отряды;
5. Ортағасырлық Жанкент қала жұрты;
6. Ортағасырлық Асанас қала жұрты;
7. Ерте сақтардың Елеке сазы қорымы.

Лабораториялық-аналитикалық жұмыстар шеңберінде музей қорына тұрақты пайдалану үшін 253 бірлік өткізілді. Қатартөбеден табылған 910 бірлік затты тапсыру жоспарда бар. «Ұлық ұлыс мұралары» атты тақырыпқа қатысты музей қорындағы 150 жәдігердің тізімі жасалып, оларды ғылыми сипаттау жұмыстары жасалды. Сонымен қатар, музей қорындағы ерте темір дәуірінің қыш ыдыстары мен әйнек моншақтары жайлы мәліметтер жинақталды және талданды.

Материалдық емес мұралар бағытында «Қазақтың материалдық емес мәдени мұрасы бойынша мәліметтер базасын»: сәндік-қолданбалы өнер, салт-дәстүрлер, табиғат пен ғаламға қатысты білім мен ырымдар, орындаушылық өнер салаларының негізінде құру жұмыстары жүргізілді. Осы бағытта «Рухани мұра» қорын қалыптастыру

жұмыстары жалғасын тапты.

Мәдени мұраларды цифрлық зерттеулер бойынша Сарыарқаның мәдени мұра үш нысанына (Балбырауын кесенесі, Балтабай кесенесі, Бурабай) фотограмметриялық 3D сканерлеу жүргізіліп, олардың цифрлы 3D моделдері жасалды. Геоақпараттық базаға 51 жаңа ескерткіш енгізілді. Сарыарқа топонимдерінің (шамамен 89 атау) қалыптасу тарихы, шығу тегі мен семантикасына зерттеулер жүргізіліп, сипаттамалар берілді.

Институт қызметкерлері жеке ғылыми-зерттеу тақырыптары бойынша ізденістерін 2020 жылы кеңінен жалғастырды. Соның нәтижесінде 7 кітап: 5 монография, 1 жинақ, 1 каталог дайындалды. Ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалар саны – 28: 4 - скопус, 6 - КОК-СОН, 18 – әр түрлі басылымдар. БАҚ-та 23 сұхбат, мақала берілді. 22 дәріс оқылды. 1 оқыту курсы дайындалды. Сонымен қатар, 1 дөңгелек үстел, 5 шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Домбыра күйі мен домбыра үйрету бойынша 23 сабақ үйретілді.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін тарих, археология, этнография және Қазақстанның музей ісіне байланысты зерттеулер жүргізу барысында кеңінен пайдалануға болады.

ҒЫЛЫМИ -ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

ҚР БҒМ қаржыландырған «Сарыарқаның мәдени мұрасын зерттеу, сақтау және насихаттау».

Мерзімі: 2018-2020 жж.

Жұмыстың мақсаты – Сарыарқаның мәдени мұрасы бойынша кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Ақмола облысының аудандарында жүргізілген жіті барлау-іздістіру жұмыстары нәтижесінде 183 тарих пен мәдениет ескерткіштері жаңадан ашылды. Батыс Сарыарқадағы Саба қорымындағы 6 оба зерттелінді. Далалық этнографиялық зерттеулер барысында 40 мұрагерлер жайлы ақпараттар жинақталды және 5 ұлттық тағам табылды. Қарағанды облысы қазақтарының музыкалық мұрасы бойынша 310 шығарма жазылып алынды.

Ақмола облысының тарихи топонимдерін зерттеу барысында 89 елді мекеннің тарихи атауы анықталды. 45 елді мекеннің тарихи атауларын қайтару жайлы ұсыныс берілді. Зерттелінген обалардың 19 нақты радиокөміртекті мерзімдері анықталды. Адамның бас сүйегі бойынша 2 пластикалық және 1 графикалық қайта жаңғыртпалар жасалынды. Энеолит, ерте қола дәуірі және ерте темір дәуірі ескерткіштерінің қышыдыстарының жасалу технологиясы мен өрнектелінуі зерттелді. Сарыарқаның мәдени мұраларын сақтау, қорғау мен насихаттау мақсатында 59 векторлық карталар мен өңірдегі бірегей 11 тарих пен мәдениет ескерткіштерінің 3D модельдері дайындалды.

Жоба аясында 7 кітап дайындалып, баспадан шығарылды: 3 кітап «Қазына» сериясымен, «Ақмола облысы тарих пен мәдениет ескерткіштерінің жинағы» бойынша 3 кітап және бейзаттық мәдени мұраның өзекті мәселелері бойынша «Ұлы Дала мұралары» атты жинақ.

Жоба орындаушылары 2018–2020 жылдары 41 ғылыми мақалалар жариялады. Орындаушылар 23 халықаралық және отандық ғылыми, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысты.

ҚР БҒМ қаржыландырған «Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалық мәдениеттің қалыптасу барысында түркі-оғыздардың Арал маңының отырықшы-егінші тайпаларымен этномәдени байланысы (ж.с. I мыңжылдығы)» (жоба жетекшісі т.ғ.к. А.Ә. Тәжекеев).

Мерзімі: 1-20 тамыз

Атқарылған орны: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанкент қалашығы.

Жоба мақсаты: Шығыс Арал өңірінің ежелгі дәуірде және ортағасырларда көрші орналасқан Орта Азия және Шығыс Еуропа мемлекеттерімен этномәдени, саяси, экономикалық қатынастардағы рөлін анықтау.

Зерттеу тобы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы (Қызылорда, Қазақстан), Эберхард-Карл атындағы Тюбинген университетінің (Тюбинген, Германия) докторанттары, ҚР Ұлттық музейі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Қызылорда облысының тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің мамандарымен жасақталған.

Тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы: Жанкент қала жұрты тек Арал маңы аймағы емес, Қазақстанның ерте ортағасырлық тарихы мен археологиясында маңызды орын алады. Ескерткіш Қазалы ауданында (Қызылорда облысы) орналасқан. Жанкент қалашығына кең көлемде археологиялық зерттеулер жүргізудің бірнеше себептері бар: 1. Тек қана Арал маңы аймағында емес, сондай-ақ оңтүстік орыс далаларындағы этникалық және мәдени процесстерді зерттеудің ғылыми маңыздылығы; 2. Ескерткіштің фортификациясының жақсы сақталып, жоспарының айқын

көрінуі; 3. «Батпақтағы қалалардың» және оған жататын қорымдардың жеткілікті зерттелмеуі; 4. Микроаймақта экспедицияларды ұйымдастыруға қажетті инфрақұрылымның болуы.

Қызылорда облысының әкімдігінің қаржыландыруымен жүзеге асатын «Асанас қалашығындағы археологиялық зерттеулер» (жоба жетекшісі т.ғ.к. А.Ә. Тәжекеев)

Мерзімі: 21 тамыз – 10 қыркүйек.

Зерттеу жұмысының нысаны Қызылорда облысы, Сырдария ауданында орналасқан ортағасырлық Асанас қалашығы болып табылады.

Жоба мақсаты – қазіргі Қазақстан территориясындағы қала құрылысы мәдениетінің генезисі мен эволюциясын анықтау, сондай-ақ тарихи Асанас қаласының мысалында сәулет-кеңістіктік құрылымның қалыптасуы мен дамуының, елді мекендерді жоспарлаудың негізгі заңдылықтарын анықтау.

Зерттеу тобы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы (Қызылорда, Қазақстан), Эберхард-Карл атындағы Тюбинген университетінің (Тюбинген, Германия) докторанттары, ҚР Ұлттық музейі (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Қызылорда облысының тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің мамандарымен жасақталған.

Тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы. Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениеті, жас тәуелсіз мемлекет ретінде, ел тұрғындарының қызығушылығын тудырады.

Алайда бұл жерде жүзден астам қалашықтардың орны сақталған және оларды тарихи қалалар ретінде қарас-

тыра аламыз. Тиісінше бұл Қазақстанда өзіндік қала құрылысы мәдениетінің болғандығын көрсетеді. Осындай нысандардың бірі – көпестер мен саяхатшылар қалдырған тарихи деректерге сәйкес, Ұлы Жібек жолындағы үлкен қала болған Асанас ескерткіші. Асанастағы жаңа заманауи әдістемелік деңгейде зерттеулер өңірдегі қала құрылысы мәдениетінің қалыптасу процесін қарастыруда көптеген сұрақтарды шешуге мүмкіндік береді.

«АЛТЫН АДАМНЫҢ ӘЛЕМ МУЗЕЙ-ЛЕРІНЕ ШЕРУІ» АТТЫ КӨРМЕ ЖОБАСЫ

Институт қызметкерлері «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық жоба аясында «Ұлы дала: кеңістік. уақыт. мәдениет» атты көрменің «Дала әміршілері. Owners of the Steppe. Властители степей» атты үш тілдегі 20 баспа табақ көлеміндегі каталогы баспаға дайындалды. Ұлттық музей қорынан 150-ден астам экспонаттар таңдап алынып, фотосуретке түсірілді және жәдігерлердің ғылыми сипаттама-сы екі тілде (қазақша, орысша) жасалды.

ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

«Астана-Арқа» кешенді экспедициясы, археологиялық қазба отряды

2020 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі «Халық қазынасы» ҒЗИ қызметкерлері Торғайдағы археологиялық жұмыстар кезінде сақ билеушілерінің бірі жерленген бай алтын әшекейлер көмілген обаны зерттеді.

Жерлеу бұйымдарына бай сақ мәдени-



Жанаталап қорымы. Бурабай ауданы

етінің ескерткіші Қостанай облысының Арқалық қаласынан 90 шақырым жерден табылды. Торғай даласында орналасқан Қараторғай және Сабасалды өзендерінің аралығын ежелгі уақытта көшпелілер, яғни сақтар мен сарматтардың тайпалық одақтарының өкілдері мекендеген. Археологиялық зерттеулерді 2016 жылдан бастап т.ғ.к. Ақан Оңғарұлының жетекшілігімен ҚР Ұлттық музейінің «Астана-Арқа» кешенді археологиялық экспедициясы жүргізуде.

Сақ билеушілерінің бірі жерленген оба орташа және ірі көлемдегі тастармен жабылған үлкен топырақ үйіндіден тұрады. Үйінді петриметрі бойынша жерге тігінен орнатылған тас тақталармен қоршалған. Орталық бөліктегі күмбезді жерлеу камерасы ірі тастармен саздан тұрғызылған, оның шығыс жағынан дәліз жалғасып жатыр. Мәйіт жерлеу камерасының ортасындағы шұңқырда жатты. Басы солтүстік-батысқа бағытталып, арқасымен жатқан қайтыс болған адамның жерлеу костюмі мен әшекейлерінің сақталған бөліктері негізінен, көптеген алтын жапсырма-

лар, шар тәрізді салпыншақтар, моншақтар, диаметрі мен пішіндері әртүрлі ұсақ моншақтар, сондай-ақ көгілдір ақық моншақтар болып табылады. Диаметрі 1-2 мм болатын 3000-ға жуық алтын әшекейлер киімге тігілген. Бұл осында жерленген жауынгердің киімін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жерлеу шұңқырынан құрбандық тасы мен өсімдік тектес ою-өрнектері бар сүйектен жасалған түтік тәрізді бұйым табылды.

Табылған заттар негізінде ескерткіш ж.с.д. VIII-VII ғасырлардағы ерте сақ кезеңімен мерзімделеді.

«Астана-Арқа» кешенді экспедициясы, барлау отряды жобасы бойынша бөлім қызметкерлері 2020 жылда келесі жұмыстарды атқарды:

- Бурабай ауданының картографиялық негізі жасалды;
- Бурабай ауданының тарихи және мәдени мұра нысандарының геоақпараттық базасы толтырылды;
- Бурабай ауданының ауылдық округтерінің жерлерінің векторлық қабаттары құрылды;
- Археологиялық барлау жұмыстарына қажетті электрондық және картографиялық материалдар даярланды;
- 20.06-18.07.2020 ж. «Арқа-Астана» кешенді зерттеу экспедициясының құрамында Бурабай ауданында барлау жұмыстары жүргізіліп жаңадан 51 ескерткіш анықталды;
- Сарыарқаның мәдени мұра үш нысанына фотограмметриялық 3D сканерлеу жүргізіліп, олардың цифрлы 3D моделдері жасалды;
- Бурабай ауданының физикалық географиялық сипаттамасы жасалып ол мәліметтер Бурабай ауданының та-

рих пен мәдениет ескерткіштерінің жинағына енгізілді;

- Ауданның ауылдық округтері бойынша ескерткіштер картографияланды;

- «Сарыарқа мәдени мұрасы» еңбегінің 2 бөлімі жазылып, баспаға тапсырылды;

- Бурабай ауданының тарихына және топонимикасына қатысты материалдар өңделіп, мақалалар, кітаптың бір бөлімі ретінде жарыққа шықты;

- 6 ғылыми мақалалар жазылды.

«Астана-Арқа» кешенді экспедициясының этнографиялық отряды

Павлодар, Қарағанды және Ақмола облыстарында далалық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мақсат – қазақ этнографиясына қатысты материал жинақтап, Сарыарқаның материалдық емес мәдени мұрасын сақтап отырған мұрагерлерді тізімдеу. Материал жинау барысында формальды емес сұхбат, фото/видео жасау және үнтаспаға басып алу әдістері қолданылып, арнайы дайындалған сауалнама негізінде 40 пен 70 жас аралығындағы ақпарат берушілер (информаторлар) сауалнамалардан өткізілді. Қазақ халқының дәстүрлі тағамтану, тағам дайындау әдістері, сәндік-қолданбалы өнер, қазақтың дәстүрлі халық емшілігі саласының мұрагерлерін (ағаш және тері өңдеу, киіз басу, кесте тоқу, және т.б.) анықтау жұмыстары жүргізілді. Мұрагерлердің жалпы саны – 10. Алдағы уақытта аталған экспедиция нәтижесінде жиналған материалдар ғылыми монография ретінде жарық көріп, сәндік-қолданбалы өнер,



Күйші Қайролла Сәдуақасовтан күй жазып алу сәті. Қарағанды қаласы

тағамтану саласында ұмыт болған білім мен дағдылар қайта жаңғыртылатын болады. Сондай-ақ аймақтық туризм басқармаларымен бірлесе отырып, маусымдық халықтық мерекелердің іс-шаралар күнтізбесі де (көрісу, наурыз мерекесін атап өту, мизам және т.б.) әзірленеді.

04.09–23.09 аралығында Павлодар, СҚО, Қостанай, Ақмола облыстарына өңірдің топонимикасын зерттеу мақсатында этнографиялық экспедиция жұмыстары жүргізілді. Экспедиция барысында облыстың қасиетті нысандарында болып, жергілікті өлкетанушылармен, тарихшы, лингвист ғалымдармен, музей қызметкерлерімен ашық сұхбат жүргізу арқылы аймақтың жер-су атаулары, өңір тарихы жайында материалдар жинақталып, архив құжаттарымен жұмыс жасалды. Зерттеу нәтижесінде Павлодар, СҚО, Қостанай, Ақмола облыстарының топонимикасы бойынша бірқатар деректер жинақталды.

Астана-Арқа кешенді экспедициясының музыкалық-фольклорлық отрядының зерттеу жұмыстары Қарағанды облысының Шет, Жаңарқа және Ұлытау аудан-



Жанкент қалашығы



Тұрғын-жай бөлмесін қайта қалпына келтіру және музейге айналдыру. Жанкент қалашығы

дарының Ескене, Шеңбер ауылдары мен Қарағанды, Қарсақбай, Жезді, Жезқазған, Сәтбаев қалаларын қамтып, қазақтың күйлері, күй аңыздары, әндері, қара өлеңдері сынды жиыны 134 тың шығарма және 2 бейнесұхбат жазылып алынды.

Жанкент археологиялық отряды

«Халық қазынасы» ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері Р. Дарменов Қорқыт-Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Сырдарияның төменгі ағысындағы қалалық мәдениеттің қалыптасу барысында түркі-оғыздардың Арал маңының отырықшы-егінші тайпаларымен этномәдени байланысы (ж.с. I мыңжылдығы)»

атты тақырыптағы гранттық жобаның орындаушысы ретінде ортағасырлық Жанкент қалашығына археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

2020 жылы қалашықтың Р-1 бөлігіндегі және оған шекаралас бөліктердегі тұрғын б. Жаңа зерттеулер: 2020 жылғы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Жанкент археологиялық экспедициясымен Қазақстан Республикасының Қызылорда облысында орналасқан Жанкент ескерткішінде археологиялық жұмыстар жалғастырылды.

Зерттеу нысаны Жанкент қалашығындағы тұрғын үй-жайлар (№1 қазба) және қалашықтың маңында орналасқан ауыл (№9 қазба) болды. №1 қазба (бұдан әрі – Р1) 2005 жылы (бірінші далалық маусым) қалашықтың солтүстік-шығыс бөлігінде көлемі 35×30 м сопақша пішін-



Қазба орнын тазалау. Асанас қалашығы



Қазба орнын консервациялау. Асанас қалашығы

ді үлкен төбеде жүргізілді. Р1 төбенің солтүстік-батыс тік беткейінің бойымен, яғни рельефке бағытталып бөлінді, сондықтан оның меридионалды осі С-О бағытынан солтүстік-шығысқа қарай 30° ауытқуға ие болды. Р1 учаскесіндегі археологиялық жұмыстар 2006-2007, 2009-2010 және 2011-2017, 2018-2020 жылдары да жүргізілді. Ескерткіште 300 шаршы метрден астам алаң ашылды. Олар аяқталғаннан кейін тоқтатылды.

Асанас археологиялық отряды

2020 жылы «Халық қазынасы» ҒЗИ жетекші ғылыми қызметкері Р. Дарменов Қызылорда облысы әкімдігінің қаржыландыруымен жүзеге асқан «Асанас қалашығындағы археологиялық зерттеулер» атты тақырыптағы жобаның орындаушысы ретінде Асанас қалашығында кешенді археологиялық зерттеу жұмыстарын бастады. Биылғы далалық қазба кезеңінде үш археологиялық нысанда қазба жұмыстары жүргізілді: №1 қазба – қалашықтың шахристан бөлігінде орналасқан үлкен үй-жайға, №2 қазба – батыс қақпасына және №3 қазба – цитадельдің оңтүстік қамал қабырғасына салынды. Сонымен қатар, №1 қазбаның үстіне жабынды тұрғызылып, батыс қақпаның аршылған архитектуралық құрылыстары уақытша тұмшаланды.

Ерте сақтардың Елеке сазы қорымындағы элитарлық оба мен екі қатардағы обаларда қазба жұмыстары жүргізілді.

2020 жылдың далалық маусымында біз Тарбағатай жотасының солтүстік беткейінің орталық бөлігіндегі Базар және Қарғыба өзендерінің аралығын-

дағы кең таулы алқапта орналасқан Елеке сазы қорымында далалық археологиялық жұмыстарды жалғастырдық.

Елеке сазы қорымының 4-ші қорғандар тобына 56 топырақ-тас қорғандар кіреді. Нысандар оңтүстік, оңтүстік-шығыс – солтүстік, солтүстік-батыс бағыты бойынша созылып жатыр. Обаның солтүстік жартысы №1 обадан №27 обаға дейін тізбектеліп орналасқан. Ерекшеліктер олардың ең ірілері ғана №6 және №7. Олар сақтардың элиталық қорғандары. Мұнда кеңістікті жасанды игеру кезінде қорғандарды жоспарлаудың тік сызықты әдісі қолданылды.

Бұл далалық маусымда Елеке сазы қорымы 4-тобындағы үлкен солтүстіктегі оба барлық оба маңы құрылымдарымен қоса және 6-топтағы екі орташа көлемді обалар зерттелінді.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Физикалық антропология зертханасы

2020 жылы Физикалық антропология зертханасының қызметкерлері Оразақ Смағұлов пен Айнагүл Смағұлованың «Қазақ халқы және ата тегі» атты монографиясы жарыққа шықты. Онда алғаш рет қазақ тілінде қазақ халқының этноантропологиялық тарихының маңызды мәселелері және ежелгі қазақ жерінде 40 ғасыр бойы оның ата-бабаларының биологиялық тарихы баяндалған. Өзінің ғылыми мазмұны бойынша бұл монография Қазақстанның антропологиясы мен тарихнамасында алғашқы зерттеу болып табылады.


Аталған қызметкерлер «Әйтеке Би (тарихи-антропологиялық зерттеу)» атты кітабын баспаға дайындау үстінде. Онда алғаш рет қазақ халқының егеменді да-

муының арқасында тек үш жүз жыл өткен соң, XVII ғ. аса көрнекті қоғам қайраткері, ойшыл және философ, Байбекұлы Әйтеке бидің жеке тұлғасына толық назар аударар алды. Соның нәтижесінде алғаш рет Әйтеке би өмірінің үш маңызды мәселелерінің бірі, ең алдымен оның жерленген жеріне байланысты ғылыми ізденістер жүзеге асырылды. Осылайша, қазіргі заманғы және болашақ ұрпақ үшін алғаш рет Әйтеке бидің мүсін портреті антропологиялық қайта қалпына келтірілді және оның негізінде қазақ халқының физикалық келбетінің морфологиялық ерекшелігінің ортақтығы жатыр. Демек, зерттелген адамның сүйектеріне байланысты бұл нақты деректер бізге Әйтеке бидің сүйектерін ғана емес, оның нақты портретін көре аламыз деп айтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, О. Смағұловтың «Қазақтың айбарлы диссиденті (Махмет Құлмағамбеттің өмір жолы)» атты кітабы жарыққа шықты. Бұл кітап Кеңестік Қазақстанның атақты диссидентінің қиын өмірі туралы әңгімелейді. Махмет Құлмағамбет – қазақтың санаулы диссиденттерінің бірі. 60-шы жылдардың соңында ол коммунизм идеологиясында алдау көп деген ойға келді. Махметті «аты аңызға айналған диссидент» деп те атайды, себебі 80-ші жж. ол туралы кеңестік баспасөзде жазған ақпараттарда «сілімтік» және «құбылмалы» деп атаған, тіпті шетелде де қудалап, бақылауда ұстаған.

Археологиялық материалдарды алғашқы өңдеу зертханасы

5 археологиялық ескерткіштерден табылған жәдігерлерді Ұлттық музей қо-



«Қазақ халқы және ата тегі: Кешенді физикалық антропологиялық анықтамаларына негізделген (ж.с. XX ғ. – ж.с.д. XX ғ. дейін)» атты монографиясы



«Қазақтың айбарлы диссиденті (Махмет Құлмағамбеттің өмір жолы)» атты кітабы

рына тұрақты өткізу актісін жасалды. Акт бойынша Төртүй қорымынан (8 аталым, 15 бірлік музей заты), Қараөткел кесенесінен (6 аталым, 6 бірлік музей заты) және Айғырлы-2 ғибадатханасынан (48 аталым, 220 бірлік музей заты), Қарқара ЖҒК (1 аталым, 5 бірлік музей заты), Төртоба ЖҒК (2 аталым, 7 бірлік музей заты) табылған олжалар тапсырылды. Қатартөбе қорымынан 2012 жылы табылған жәдігерлерді музей қорына тұрақты сақтауға беру туралы 1 акт дайындалды (22 атау, 28 сақтау бірлік).

2019 жылы Саба қорымында табылған олжалардың сызбалары жасалды, саны: 58 дана. Олардың сипаттамасы жазылып, өлшемдері алынды.

2019 жылы Саба қорымынан табылған қыш ыдыс бөліктерін тазалау және суретке түсіру жұмыстары атқарылды. Нәтижесінде 50-ден астам бірлік тазаланып, суретке түсірілді және затбелгісі жасалды. Саба қорымының №2, 4-тобы обаларынан табылған 49 қыш ыдыс бөлшектері тазартылды.

Саба қорымы, 1-тобының №2-обасынан табылған материалдың бір бөлігіне бастапқы өңдеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, жұқалтыр алтыннан жасалған 23 жапсырма, 8 көгілдір ақ моншақ, 3 алтын моншақ, алтын жұқалтырдан жасалған конус тәрізді және шар пішіндегі 6 салпыншақ шифрленіп, жинақталды. Сондай-ақ, «Халық қазынасы» ҒЗИ археологиялық материалдарды алғашқы өңдеу зертханасында жерлеу шұңқырынан алынған 7 қорап құм електен өткізілді. Нәтижесінде 2000 данадан астам ұсақ алтын моншақтар табылды. Бүгінгі күні табылған ұсақ моншақтардың салмағы 58,30 грамм. Қазіргі уақытта ұсақ моншақ араласқан

құмның қалған бөлігін електен өткізу жұмыстары жалғасуда. Қатартөбе (Алматы облысы) қорымынан табылған бұйымдардың ұқсастықтарын (аналогия) іздеу жұмыстары жүргізілді. Табылымдардың арасында: алтын сырғалар, тігілмелі әшекейлер, сүйек жебе ұштары, қыш құмыралар және тостағандар, қола айналар бар.

Ақтөбе облысы, Қобда ауданында орналасқан Төртоба қорымының №1 обасынан табылған сүйек қасық туралы ақпараттық мәтін жазылды. Қола дәуіріндегі Шідерті-2 қонысынан табылған қыштарға техникалық-технологиялық талдау жүргізілді. Төртоба қорымының қыштары талдауға дайындалды. Техникалық-технологиялық зерттеу үшін 2011-2014 ж. ж. қазба жұмыстарынан 91 ыдыстан фрагменттер алынды.

Саба қорғандарынан жасалған керамика фрагменттерінің микрофототүсіру жұмыстары жүргізілді, бірақ сломдардың рельефтілігі осы мақсаттарға арналған арнайы жабдықтың болмауы фактісін ескере отырып, жоғары ақпараттық суреттер алуға мүмкіндік бермеді.

ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасы

«Дәстүрлі қолөнер» бағыты бойынша 8 элемент жайлы (бесік жасау, ер-тұрман жасау, кесте, киіз басу, қазақтың дәстүрлі кілем тоқу өнері, текемет жасау дәстүрі, тері өңдеу дәстүрі, қазақтың зергерлік өнері) екі тілде материал жинақталды; 11 мұрагер бойынша материалдар дайындалды; 4 зерттеуші және 1 қауымдастық жайлы мағлұмат

дайындалды.

«Әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер» бағыты бойынша 7 элемент негізінде (тұсау кесу, сәукеле салты, ашамайға отырғызу, ит көйлек кигізу, көрісу, қыз ұзату) далалық зерттеу материалдары жинақталды және өңделді. Өмірлік циклдің салт-дәстүрлері туралы жетік білетін 8 мұрагер, 5 зерттеуші және 3 қауымдастық жайлы материалдар дайындалды.

«Табиғат пен ғаламға байланысты білім мен әдет-ғұрыптар» бағытында 4 элемент (халықтық медицина, тасаттық, маусымдық салт-дәстүрлер, мал шаруашылығына байланысты білім мен дағдылар) бойынша материалдар жинақталып өңделді. Халықтық медицина бағытында 3 мұрагер бойынша материал дайындалды.

«Орындаушылық өнер» бағытында 12 элемент бойынша (айтыс, батырлар жыры, естірту, жоқтау, жарапазан, қара өлең, көңіл айту, терме, арбау, беташар, жалбарыну, жұмбақ, мақал-мәтелдер) қол жетімді материалдар жинақталып өңделді. 35 мұрагер жайлы бейне және фото материалдар дайындалды, 8 зерттеуші, 4 қауымдастық жайлы ақпарат жинақталды.

Шет елдердің тәжірибесін зерттеу (шетелдік қауымдастықтардың тізімін жасау және т.б.) жалғасуда. Корея, Жапония, Қытай, Беларусь және Өзбекстан сияқты елдердің тәжірибесі қарастырылды. Аға ғылыми қызметкер Н. Малибаева осы жұмыс аясында шетелдік зерттеушілердің еңбектерімен танысты, олардың ішінде: *The Contribution of UNESCO Member States of South-Eastern Europe to the Implementation of the Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage*, Sofia, 2016 (A Jubilee Edition Dedicated to the 70th Anniversary of UNESCO); Hanna Schreiber.

10th Anniversary of the Entry into Force of the 2003 UNESCO Convention through the Prism of Sustainable Development, 2017 National Heritage Board of Poland; Museums and intangible cultural heritage: towards a third space in the heritage sector, 2020.

«Рухани мұра» қорын қалыптастыру бойынша жұмыс.

2020 жылдағы далалық зерттеу материалдары төрт бөлімнен тұратын фольклорлық және этнографиялық материалдар мұрағатына тапсырылды. Қазіргі уақытта дыбыстық жазу қорына 178 дана, бейне жазу қорына – 267 дана, фотоматериалдар қорына – 1500 дана, қолжазба материалдарының қорына - 3 дана, 13 далалық дәптерлер тапсырылды.

Тарихи-мәдени мұра нысандарына мониторинг және сараптама жасау

Бөлім қызметкерлері «Сарыарқаның мұрасы» еңбегінің 2 бөлімін дайындады. Сарыарқа жерінде үш жылда жасалған кешенді зерттеу жұмыстар барысында геоақпараттық және 3D технологияларды қолдану бойынша ақпараттар дайындалды.

Бөлім қызметкерлері Бурабай ауданының әлеуметтік-демографиялық, физикалық, географиялық жағдайы туралы қазақша және орыс тілінде мәтіндер даярлады. Бұрын ашылған ескеркіштердің геоақпараттық базасы әзірленді. Бурабай ауданында жүргізілген археологиялық барлау экспедициясына қатысып, геоақпараттық базаға 51 жаңа ескерткішті енгізді. Геоақпараттық бағдарламаның көмегімен ауданның тарихи және мәдени мұрасына қатысты 16 карта жасалды. Сонымен қатар ауданның жер бедері, геологиясы, әкімшілік бөлінісі карталары да әзірленді.



1-1897 жылы жобаланған қоныс аудару және қосалқы учаскелердің картасы

Сарыарқаның бірегей нысандарының 3D моделдерін жасау бойынша Қарағанды және Ақмола облыстарында орналасқан Балбырауын және Балтабай кесенелерінің цифрлы моделі жасалды.

Жазба және археологиялық мәліметтер негізінде 14 ғ. Қазақстан жеріндегі қалалар тізімі электрондық картаға түсіріліп, базасы жасалды. Картографиялық деректер негізінде Алтын Орда империясының аумағы картаға түсіріліп, Қазақстан жері арқылы өткен керуен жолдарының векторлы қабаты сызылды.

Ақмола облыстық өлкетану музейі, Еуразия Ұлттық университеті және Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қызметкерлері бірлесіп жүргізген «Жәнібек хан кесенесіндегі антропологиялық деректерді идентификациялау» жобасы аясында Жәнібек-Шалқар кесенесі орналасқан аумақтың жер бедерінің цифрлы моделі жасалды. ГАЖ жобасы жасалды. Жазба барысына 3D фиксациялау жүргізілді. Жасалған жұмыстар бойынша ғылыми есеп әзірленді.

Тарихи жер-су атауларына қатысты зерттеулер

Ақмола облысының топонимикасы бойынша жиналған материалдар жүйеленді. Ақмола облысының ландшафт ерекшелігінің облыс топонимиясының қалыптасуындағы рөлі, қазақ халқының ежелгі тарихы, дәстүрлі шаруашылығы және мәдениетімен байланысты ұлттық топонимдер, аумақ топонимиясының өзгеріске ұшырауының тарихи-саяси аспектілері, кеңестік дәуірдегі және қоныс аудару саясаты нәтижесінде пайда болған елді мекен атаулары мен бұрмаланған жер-су атауларын қалпына келтіру мәселелері зерттелді.

Ақмола облысы Бурабай ауданының ескерткіштер жинағын құрастыру үшін мәліметтерді жинау және өңдеу барысында Бурабай ауданының тарихы, географиясы, топонимикасы және тарихи-мәдени мұра нысандары бойынша деректер жинақталды. Барлық жинақталған материалдар бір жүйеге келтіріліп, жинаққа енгізілді. Бұрын тір-

келген және жүргізілген барлау жұмыстары барысында жаңадан анықталған археология, қала құрылысы және сәулет ескерткіштері, сондай-ақ табиғи-ландшафтық ерекшеліктері бойынша деректер және Ақмола облысы Бурабай ауданының әкімшілік бөлінісі мен топонимикасы туралы мәліметтер зерттелді. Аймақтың өзіне тән мәдени және табиғи ландшафт ерекшеліктері ауданның географиялық нысандарының атауларынан көрінеді. Аудан топонимдерінің қалыптасу тарихы, шығу тегі мен семантикасына сипаттама берілді.

ҒЫЛЫМИ, ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ ШАРАЛАРЫ

Дөңгелек үстел, конференция

Ағымдағы жылдың 13 наурызында «Қазына» сериясы аясында Институттың даярлаған «Болат Сарыбаев.

Қазақтың музыкалық аспаптары» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Оқыту курсы

А. Мусағажинова «Kazakh Tourism» ҰК АҚ бірлесе отырып, «Национальные бренды: традиционная кухня и народный костюм» атты оқыту курсы дайындады.

Дәрістер

Ғылыми қызметкерлер Қазақстан тарихының ерте көшпенділер кезеңінен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі тарихи кезеңдер бойынша музейдің экскурсия бөлімінің қызметкерлеріне арнап келесі тақырыптарда дәрістер оқыды:

Елдегі төтенше жағдайдың орын алуына байланысты Институт қызметкерлері келесі тақырыптарда онлайн дәрістер оқыды:

Онлайн-конференциялар, кездесулер, шеберлік-сағаттар

№	Дәріс тақырыбы	Лектор	Уақыты
1.	«Халық қазынасы» ҒЗИ: қорытындылар мен перспективалар	А. Онғарұлы	05.02.2020
2.	№№ 1 және 2 Алтын залдарына шолу	А. Онғарұлы	07.02
3.	Казахстан в эпоху средневековья: власть и управления	Р. Дарменов	12.02
4.	Қазақ даласындағы байырғы жазбалар (сақ, қаңлы және түркі жазбалары)	Ә. Нұсқабай	14.02
5.	Города на Великом шелковом пути: особенности и характеристика	Р. Дарменов	19.02
6.	Технология изготовления керамических сосудов в эпоху неолита-раннего средневековья	С. Рахимжанова	21.02
7.	Вооружение и военное дело эпохи бронзы Казахстана	А. Каирмагамбетов	26.02
8.	Ортағасырлық қалалардағы құрылыс және сәулет өнері	Ә. Нұсқабай	28.02
9.	Петроглифы Казахстана	Р. Дарменов	04.03
10.	Ерте темір дәуірінің Тасмола мәдениеті (қазандар, құрбандық тастар)	А. Каирмагамбетов	06.03

Кесте 4. Институт қызметкерлерінің музейдің экскурсия бөлімінің қызметкерлеріне оқыған дәрістері

А. Оңғарұлы С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-нің «Алтайтану» ҒЗО ұйымдастырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстан археологиясын дамытудың факторы» халықаралық онлайн дөңгелек үстеліне қатысып, «Рухани жаңғыруды қалай түсінудеміз» тақырыбында

№	Дәріс тақырыбы	Лектор	Уақыты
Ұлттық музейдің «Жәдігер» жобасы			
1.	«Алтын обалардың» құпиялары https://www.facebook.com/704560159665767/videos/223287522243461/	А. Оңғарұлы	26.03
2.	Саумал как источник здорового образа жизни https://www.facebook.com/ulattyqmuzei/videos/512784222738229/	А. Мусагожинова	29.03
3.	Кетбұға және Алтын Орда дәуіріндегі күй өнері https://www.facebook.com/ulattyqmuzei/videos/533671490625819/	А. Маулет	07.04
4.	«Халық қазынасы» ҒЗИ зерттеу жұмыстарының негізгі қорытындылары мен перспективалары https://www.facebook.com/ulattyqmuzei/videos/151439816311660/	А. Оңғарұлы	15.04
5.	Пути сохранения и возрождения НКН в современных социокультурных условиях https://www.facebook.com/ulattyqmuzei/videos/938091886625163/	А. Мусагожинова	16.04
6.	Опыт применения цифровых технологий в изучении и сохранении культурного наследия https://www.facebook.com/ulattyqmuzei/videos/228847748356194/	К. Асылбеков	17.04
7.	Лучшие рецепты казахской кухни. Наука и практика https://www.facebook.com/ulattyqmuzei/videos/544013306296376/	А. Мусагожинова	29.04
8.	Ақмола облысының тарихи атаулары	И. Бекзатқызы	14.05
Өзге де жобалар бойынша			
9.	ZOOM платформасында ҚР экскурсоводтар мектебіне «Гастрономический туризм, перспективы будущего» атты дәріс	А. Мусагожинова	
10.	Лекции в сети Инстаграм «Традиционный стиль от истории к модерну» https://www.instagram.com/p/B-udGLqJ8SN/?igshid=1t6v1w2imolpv	А. Мусагожинова	
11.	Лекции в сети Инстаграм «Мир Ювелирного искусства символика и традиции» https://www.instagram.com/p/B-T9z9XpDP0/?igshid=kcbxuepsj68c	А. Мусагожинова	

Кесте 5. Ғылыми қызметкерлердің карантин кезінде оқыған онлайн дәрістері

баяндама жасады.

Қ. Асылбеков Ұлттық музейдің жобасы «Қазақстанның киелі нысандарды 3D фотограмметриялық сканерлеу» жобасы бойынша 24.04.2020 ж. жобаны атқарушы Exponential Kazakhstan компаниясының өкілдерімен Zoom арқылы онлайн видео кездесуге қатысты.

М. Қозыбаев ат. СҚУ «Рухани жаңғыру» әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер институтының бастамасымен «Солтүстік Қазақстан: дәм мен дәстүр» атты онлайн конференция өткізілді.

Н. Малибаева 24–28.08 күндері ЮНЕСКО эксперттерінің халықаралық онлайн тренингіне қатысты.

Қ. Асылбеков «Қазақстан музейлеріндегі цифрландыру тәжірибесі және мәселелері» атты онлайн дөңгелек үстелде «Геоақпараттық жүйелер мен 3D-фотограмметрияны мәдени мұра нысандарын зерттеу мен сақтауда қолдану тәжірибесі» атты баяндама жасады.

А. Маулет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің El.KZ танымдық ақпараттық порталына 20 домбыра үйрену (әр сабақтың уақыты 10-25 минут аралығында) телесабағын жүргізді. Тамыз айында 15 бағдарлама эфирге шықты.

Қазақ ұлттық музыкасын насихаттау мақсатында «Домбыра» арнасына 5 күй берілді (бейне форматта).

Дәстүрлі музыкалық мұраны насихаттау мақсатында ҚР Ұлттық музейінің «Домбыра үйренейік» жобасы аясында онлайн-сабақтар берілді.

Материалдық емес мәдени мұра бөлімінің қызметкері А. Мусагажинова Қазақстанның бас аспаздарымен «Қазақтың ең жақсы ас мәзірлері. Ғылым және тәжірибе», Қазақ туризмімен бірге «Материалдық емес мәдени мұра және

Этнографиялық туризм» және ҚР Гидтері мектебінің ZOOM платформасында «Гастрономдық туризм, келешектің еншісінде» тақырыптарында шеберлік сабақтарын жүргізді.

Музей ісі бойынша жұмыстар

Л.Т. Тлегенова «Абылайхан саябағы» жобасының контенті бойынша пікір жазды.

Музей қорымен және көрме залдарымен жүргізілген жұмыстар:

– Музей қорына тұрақты пайдалануға 253 бірлік өткізілді. Қатартөбеден 910 бірлік затты тапсыру жоспарда бар. 5 археологиялық ескерткіштердің актісі жасалды. Акт бойынша Төртүй қорымынан (8 аталым, 15 бірлік музей заты), Қараөткел кесенесінен (6 аталым, 6 бірлік музей заты) және Айғырлы-2 ғибадатханасынан (48 аталым, 220 бірлік музей заты), Қарқара ЖҒК (1 аталым, 5 бірлік музей заты), Төртоба ЖҒК (2 аталым, 7 бірлік музей заты) табылған олжалар музей қорына тапсырылды.

– Музей қорын танымал ету және кеңінен таныстыру жүйесін қалыптастыруға, оларды ел ішінде және шет елдерде экспозициялауға, музейаралық ықпалдастықты арттыру мақсатында «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» атты халықаралық жобасы аясында Институт қызметкерлері Музейдің алтын және бағалы бұйымдар қорындағы жәдігерлермен жұмыс жасады: жәдігерлерге үш тілде сипаттама жазылып, фото түсірілім жасалды. Осыған орай каталогтарды жазу барысында музей қорындағы экспонаттарға ғылыми сипаттама берілді.

– «Ұлық ұлыс мұралары» тақырыбы бойынша Музей қорындағы 150 жәдігердің тізімі жасалып, оларға ғылыми сипаттама жасау жұмыстары басталды.

– Музей қорындағы ерте темір дәуірінің қыш ыдыстары мен әйнек моншақтары жайлы мәліметтер жинақталды, талданды.

– Музейге ұсынылған 1837 жылғы сағат бойынша сараптамалық қорытынды жасалынды.

– Музей қорындағы андронов мәдениетіне тән Ижевск қорымынан табылған адамның бас сүйегінің өлшемдерін алу жұмыстары жүргізілді. Бас сүйектің жынысын-жасын анықтауға қажетті мәліметтер алынды және бас сүйек сынықтарының әртүрлі мәйіттерге тән екендігі анықталды. Сонымен, Ижевск-1 қорымындағы 31-жерлеу орнында (Инв. № 7161) екі бала жерленген: 1) 3-7 жаста, және 2) 5-9 жас. Қалғаны егде адамдар: Ижевск-1, 29-жерлеу орны (Инв. №7162) – 45-55 жастағы ер адам. Балыхты, 2-қоршау (Инв. № 7163) – 25-35 жастағы ер адам. Ижевск-1, 18-жерлеу орны (Инв. №7164/1) – 18-20 жастағы әйел адам. (Инв. № 7164/2) – 40-50 жастағы әйел адам. Ижевск-1, 3-жерлеу орны (Инв. №7165) – 5-6 жастағы бала.

– №1 Алтын залының контентін толықтыру, «Ұлы Даланың ежелгі өнері мен технологиялары» залын ашу бойынша материалдар дайындау. Ұлы Дала елінің батыс пен шығыс өркениеттері арасындағы алар орнын, мәдени байланысын көрсету мақсатында импорттық бұйымдарды Музей қорынан, көрме экспозицияларынан қарай отырып, тізімі жасалып, залдағы контентті толықтыру бойынша ұсыныс берілді. Институт қызметкерлерінің Торғай даласынан табылған алтын бұйымдарын көрсету мәселесі талқыланып, витрина белгіленді. Екі тілдегі аннотациялар мен этикетаждардың мәтіндері дайындалып, дизайнерлерге берілді.

Ғылыми іс-сапарлар, тағылымдамалар

Археологиялық артефактілерді консервациялау және қалпына келтіру, ескерткіштерді цифрлау және құжаттау саласындағы жапон тәжірибесін зерттеу және игеру, ортақ зерттеу жұмыстарын талқылау мақсатында институт қызметкерлері Жапонияның Нара мәдени құндылықтар ұлттық зерттеу институтында 17–26.01 аралығында ғылыми тағылымдамадан өтіп, тәжірибе алмасты.

Ғылыми қызметкер А. Маулет Қарағанды облысында 10–23.02 күндері іссапарда болды. Экспедицияның бағыты Қарағанды облысының Шет ауданын, Майқұдық және Сортировка шағын аудандарын, Қарағанды қаласын қамтыды. Жалпы 94 күй аңыздарымен, 2 бейне сұхбат жазылып алынды.

2020 жылдың 10-21 ақпан аралығында Зертхананың ғылыми қызметкері Сәуле Рахимжанова РФ Челябинск қаласындағы Оңтүстік Орал мәдени мұрасын сақтауға жәрдемдесу қорына іс-сапарға барды. Іс-сапарда шынтақ көмегімен жапсыру эталоны зерттелді.

«ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ӨЛКЕТАНУДЫ ДАМУЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы 2017 жылғы 15 мамырда Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінің қабырғасында мемлекет басшысының «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының қойылған міндеттерін іске асыру аясында құрылды.

Орталық қызметінің негізгі мақсаты – жергілікті өлкетану саласындағы ғылыми-зерттеулер, өлкетану саласындағы ағарту жұмыстары, республикадағы өлкетану жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз ету, мемлекеттік және қоғамдық өлкетану ұйымдарымен, жергілікті мемлекеттік органдарымен, оқу орындарымен, мұрағаттармен, Қазақстанның мұражайларымен ынтымақтаса отырып, өлкетануға байланысты ғылыми-зерттеу іс-шараларын ұйымдастыру.

Орталықтың ғылыми қызметкерлері

2020 жылы шетелдік және республикалық ғылыми басылымдарда 28 мақала, 1 монография жариялады. Сонымен бірге орталық қызметкерлері ауқымды іс-шаралар, атап айтқанда 1 дөңгелек үстел, 1 онлайн конференция, онлайн форматта 4 дөңгелек үстел ұйымдастырып, 2 онлайн дәріс оқыды. Еліміздің 10 өңірінде киелі нысандар бойынша 3 этномәдени экспедициялар өткізді. Этномәдени экспедициялардың арқасында жаңа өңірлік киелі нысандар анықталып, экспедиция материалдары бойынша «Сакралды Қазақстан» энциклопедиясының Павлодар, Солтүстік Қазақстан мен Шығыс Қазақстан облыстарына арналған IV томы дайындалды.

Есеп беру кезеңінде музей орталығы қызметкерлері «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша бекітілген «Қа-

"Қасиетті Қазақстан" ҒЗО-ның 2020 жылы жариялаған мақалалары




Диаграмма 9. «Қасиетті Қазақстан» ҒЗО-ның 2020 жылы жариялаған мақалалары

зақстанның қасиетті географиясы» арнаулы жобасын жүзеге асыру аясында жұмыс істеді.

Осы жобаның аясында Қазақстанның қасиетті орындарының тізімін әрі қарай толықтыру жұмыстары жалғастырылды. Еліміздің барлық аймақтарынан 230-дан астам объектіні жұмыс топтарының хаттамасымен жалпыұлттық және аймақтық қасиетті объектілердің тізімдеріне енгізу жөнінде ұсыныс жасалды. Орталық қызметкерлері түскен ұсыныстарды жинақтап, зерттеп және сараптап Ғылыми-сараптамалық кеңеске қарауға ұсынды. Нәтижесінде жалпыхалықтық қасиетті объектілер тізімі 20 объектіге, аймақтық тізім – 130-ға толықты.

Қазақстанда республикалық маңызға ие барлық объектілер саны 205-ке, аймақтық маңызға ие объектілер саны – 575-ке өсті.

Әлеуметтік желілерге арналған Қазақстанның киелі объектілері туралы ұзақтығы 40 секунд қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде мобильдік форматтағы 60 бейнеролик әзірленді. Бұл бейнероликтер әлеуметтік желілерде (Фейсбук, Вконтакте, инстаграм, WhatsApp, Telegramm) және ютуб видео хостингінде кеңінен жарияланды. Бірінші аптада бейнелер 300 000-нан астам қаралды. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілерде «Қасиетті Қазақстан» орталығының ресми парақшаларында 20 000-нан астам жазылушы бар. Сондай-ақ, бұл бейнероликтер сайтқа жүктелді, ru.kz. осылайша, бұл бейнероликтер киелі нысандарды туристік қызығушылығы жоғары орындарға айналдыру мақсатында тарихи-мәдени объектілерді жарнамалауға көмектеседі.



Қостанай қаласында өткен «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясы III томының тұсаукесері



Тараз қаласында өткен «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясы III томының тұсаукесері

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша атқарылған жұмыстар:

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің тапсырмасы бойынша «Қасиетті Қазақстан» Өлкетануды дамыту ғылыми-зерттеу орталығының 2021-2023 жылдар аралығына арналған даму жоспары даярланды.

– «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» ҚР Президенті әкімшілігі ішкі саясат бөлімінің тапсырмасы бойынша «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасының тұжырымдамасы дайындалды.

– ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Туризм комитеті тапсырмасымен мектеп оқушылары, студенттерге, экскурсия жүргізушілерге және туристерге арналған 10 оқу-әдістемелік құрал әзірленді.

– Құралға туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы аясына енген ТОП-10 және ТОП-50 туристік нысандары, сондай-ақ еліміздің жалпыұлттық және өңірлік қасиетті нысандары негізге алынды. 1. Нұр-Сұлтан қаласы; 2. Маңғыстау; 3. Ақмола облысы; 4. Алматы қаласы – Алматы облысы; 5. Түркістан облысы – Шымкент қаласы; 6. Ақтөбе–Атырау–Батыс Қазақстан облыстары; 7. Жамбыл – Қызылорда облыстары; 8. Қарағанды – Қостанай облыстары; 9. Солтүстік Қазақстан – Павлодар облыстары; 10. Шығыс Қазақстан облысы.

– Оқу құралына туристік қызмет көрсететін тарихи-мәдени ескерткіштер, археологиялық және қасиетті орындар мен кешендер, туристік орындар туралы аңыз-әпсаналар мен тарихи мәліметтер енгізілді. Есеп беру кезеңінде оқу құралына енген туристік нысандар тізімін қарап, нақтылау үшін облыстық және қалалық туризм басқармасына жіберілді. Барлық облыстардан жауаптар алынды. Қарағанды облысы, Ақтөбе облыстары қосымша нысандар қосуды ұсынды. Қосымша Қарағанды облысы

бойынша Дәндібай – Беғазы мәдениеті, Қаражар қорымы, Ақтас бекінісі туралы мәліметтер жазылды.

ЦИФРЛЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ЖОБАЛАР, ИНТЕРАКТИВТІ КАРТАЛАР

3D-түсірілімі бар көпсалалы виртуалды карта жаңа нысандармен (85 нысан) 5 тілде (қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше, қытайша) (жалғасы) толықтырылды.

Іс-шаралар, дөңгелек үстел, конференциялар

2020 жылдың 26-шы ақпанында «Көне Тараз» этно-мәдени кешенінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Тараз қаласында А.С. Екімбаева және Г.А. Шәуенованың қатысуымен «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты республикалық семинар болып өтті.

«Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының III томының тұсаукесері 2020 жылдың 26 ақпанында Б.Е. Жұмбаевтың қатысуымен Қостанай қаласында өтсе, А.С. Екімбаева және Г.А. Шәуенованың қатысуымен Тараз қаласында ұйымдастырылды. Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл энциклопедиялық еңбек Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда облысы өңірлерінің қасиетті нысандарын қамтиды.

Наурыз айында Музейде «Қасиетті Қазақстан» орталығының ұйымдастыруымен А. Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Абай Құнанбайұлының шәкірттерінің көсемсөз мұралары» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Есеп беру мерзімінде институт қызметкерлерінің қатысуымен еліміздің

бірнеше өңірлеріне жүргізілген экспедициялар қорытындысы бойынша онлайн форматта тақырыптық дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, өткізілді:

- Қостанай қаласында I дөңгелек үстел;
- Атырау қаласында II дөңгелек үстел;
- Түркістан қаласындағы III дөңгелек үстел;
- Нұр-Сұлтан қаласындағы IV дөңгелек үстел (қорытынды).

2020 ж. 5 қарашасында онлайн форматта ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылып өткізілді. «Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі киелі жерлер: дәстүрлер мен инновациялар» тақырыбында конференцияның мақалалар жинағы құрастырылды.

«Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы мен Нұр-Сұлтан қаласының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі екіжақты меморандумға қол қойды.

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР

Бүгінгі күні жобаны зерттеу тақырыбына сәйкес ғылыми және ғылыми-көпшілік басылымдарға жарияланған және жариялауға қабылданған 28 жарияланым дайындалды. Олардың ішінде: Scopus (Orсion) деректер базасындағы рецензияланатын журналда 1 мақала, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мақұлдаған басылымдарда 5 мақала, шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 мақала, 14 жарияланым «Мәдени мұра» журналында жарық көрді.



Атырау қаласында өткен онлайн дөңгелек үстел



«Абай Құнанбайұлының шәкірттерінің көсемсөз мұралары» атты дөңгелек үстел



Екіжақты меморандумға қол қою сәтінен

Монографиялар, жинақтар

«Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының IV томы Шығыс Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша әзірленіп, басылды. «Қоңыр әулие үңгірі - киелі орын» атты кітабының қазақша және орысша мәтіні дайындалды.

Онлайн дәрістер

Елдегі төтенше жағдайдың орын алуына байланысты Орталық басшысы Жұмабаев Батырхан Елікұлы «Қасиетті жерлер – рухани қалқанымыз» және «Қазақи сананың қасиеті» тақырыптарында онлайн дәрістер оқыды.

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

«Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» жобасы аясында төмендегі жұмыс түрлері атқарылды.

Далалық фольклорлық, этнографиялық, мәдени материалдарды жинау, жүйелеу және талдау бойынша далалық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу объектісін дамыту туралы болжамды ұсыныстар: жүргізілген далалық зерттеулер негізінде ғылыми айналымға кеңестік және қазіргі кезеңдегі мінажат мәдениетінің, әлеуметтік-мәдени практикалардың (құлшылық ету, құрбан-

дық шалу ғұрыптарының), Қазақстанның киелі объектілері туралы аңыздар мен мифтер түріндегі материалдық емес мәдени мұраның жай-күйі туралы жаңа материал енгізілді.

Экспедициялар бойынша материалдарға талдау жүргізілді. Далалық экспедициялар:

I – батыс бағыты – Ақтөбе, Атырау, БҚО, Маңғыстау облыстары.

II бағыт – солтүстік бағыты – Ақмола, Павлодар, Қостанай облыстары, СҚО.

III бағыт – оңтүстік бағыты – Алматы, Тараз, ОҚО, Қызылорда облыстары.

4. Қазақстанның киелі жерлерін зерттеу бойынша далалық этнографиялық экспедицияларға қатысушыларға арналған әдістемелік нұсқаулық әзірленді.

5. Сауалнама жүргізу арқылы Қазақстанның қазіргі мәдениетіндегі киелі кеңістік пен нысандарының маңызын зерттеу және анықтау бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Әлеуметтік зерттеуге еліміздің барлық өңірлерінен 500 респондент қатысты. Зерттеулер Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Instagram және Facebook әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында – онлайн платформалары арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижелері халықтың мәдениет саласында іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларға, атап айтқанда «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бағдарламасына оң көзқараспен қарайтындығын көрсетті. Бағдарламаны заманауи байланыс құралдары арқылы кеңінен танымал ету айтарлықтай аудиторияға қол жеткізуге мүмкіндік берді, бұған сауалнама нәтижесінде алынған мәліметтер дәлел бола алады.

31.03.2020
САФАТ **12:00**

ОНЛАЙН-ДӘРІС
"ҚАЗАҚИ САНАНЫҢ ҚАСИЕТІ"

ВИДЕО ЛЕКЦИЯ

MUZEI LIVE

ҚР Ұлттық музейінің
"Қасиетті Қазақстан"
өлкетануды дамыту ҒЗО басшысы
ЖҰМБАБЕВ БАТЫРХАН ЕЛІҚҰЛЫ
#oneronline

@Ultyqmuzei
@Nationalmuseumkz

Онлайн дәрістердің афишалары

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР ҚЫЗМЕТІ

Ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметі үш бөлімнен тұрады: «Археология және этнография», «Қазақстан тарихы» және «Заманауи өнер». Қызметтің негізгі жұмысы ғылыми зерттеуден басқа ғылыми құжаттарды дайындауға, жәдігерлерді ғылыми сараптаудан өткізуге, ғылыми басылымдарға мақалалар, конференция баяндамаларын дайындау, семинарлар және дөңгелек үстелдер ұйымдастыруға, әдістемелік және зерттеу жұмыстарын жүргізуге, сонымен бірге көрме экспозицияларын құруда консультативті кеңес беруге және т.б. жұмыстар атқаруға бағытталған.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметінде өз саласының жоғары білікті мамандары: археологтар, тарихшылар, музейтанушылар, этнограф ғалымдар жұмыс жасайды.

Ғылыми қызметкерлер музей жәдігерлерін 3D форматқа көшіру және «Музей» АЖ-де музей жәдігерлерінің төлқұжатын толтыру, ғылыми сипаттамасын беру бағыттарында тынымсыз еңбек етіп келеді. Есеп беру мерзімінде қызмет мамандары Музей АЖ-не 556 жәдігер бойынша ақпарат енгізді, 52 жәдігерді 3D форматқа көшіріп, музейдің әлеуметтік парақшаларында 42 өнер туындысына сипаттама берді.

Сонымен қатар, Ғылыми-әдістемелік

жұмыстар қызметінің қызметкерлері ел аумағында орын алған карантин кезінде 15 онлайн дәріс оқып, «Art Talk» жобасы аясында 2 онлайн конференция, 8 онлайн сұхбат ұйымдастырды.

Қызметке қарасты «Археология және этнография» және «Қазақстан тарихы» бөлімдерінің мамандары музейде 3 жаңа залдың экспозициясын құрып, 4 көрме залдарында қайта жасақтау жұмыстарын жүргізсе, «Заманауи өнер» бөлімінің мамандары 8 көрме ұйымдастырды.

Ғылыми қызметкерлер жеке тақырыптар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіп, ғылыми басылымдарға мақалалар жариялап, конференцияларға қатысып, тәлімдемеден өтіп, БАҚ-да сұхбат беріп, музей ісін танытуға өз үлестерін қосып келеді.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметі қызметкерлері 2020 жылы 1 монография, 57 мақала жазып, әртүрлі басылымдарда жариялады. Соның ішінде:

- Халықаралық рецензияланатын журналдарда – 3;
- Отандық ғылыми журналдарда – 9;
- Ғылыми конференция жинақтарында – 30;
- БАҚ құралдарында – 15;
- Монография – 1.

2020 жылы жарияланған мақалалар саны




Диаграмма 10. «Ғылыми-әдістемелік жұмыстар» қызметінің 2020 жж. жариялаған мақалаларының көрсеткіштері

Төмендегі кестеде «Ғылыми-әдістемелік жұмыстар» қызметінің 2014-2020 жж. аралығында атқарған жұмыс көрсеткіші:

Жыл	Мақалалар	Конференциялар	Дөңгелек үстелдер	Дәрістер	Көрмелер	Экспедициялар	АС музей
2014	-	-	5	-	1	1	-
2015	80	1	6	2	-	2	-
2016	60	1	11	3	2	2	-
2017	106	2	7	7	3	2	-
2018	109	3	9	6	4	5	-
2019	73	-	4	-	14	4	44
2020	57	1	5	17	7	3	556
Жалпы	485	8	47	38	22	19	600

Кесте 6. «Ғылыми-әдістемелік жұмыстар» қызметінің 2014-2020 жж. атқарған іс-шараларының түрлері мен сандық көрсеткіштері

ҒЫЛЫМИ-ҚОР БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

«Музей» автоматтандырылған жүйесімен жұмыс

«Музей» АЖ бағдарламасына жәдігерлердің ғылыми сипаттамасын енгізу мақсатында «Ежелгі және ортағасырлар тарихы», «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залы және №1, №2 «Алтын» залдары, «Қару-жарақ және тері бұйымдары», «Металл бұйымдары», «Кілем-киіз қоры», «Киім және кесте» қорлары бойынша жәдігерлерге қазақ және орыс тілдерінде ғылыми сипаттама беріліп, жәдігерлердің ғылыми төлқұжаттары әзірленді. Жалпы саны 556 жәдігер бойынша ақпарат жүйеге жүктелді.

«Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық көрме жобасы

Жоба аясында 2020 жылдың 18 наурыз күні Үндістанның Нью-Дели қаласында ашылған көрмеге жіберілген жәдігерлерге (жалпы саны 81 дана жәдігер) қазақ және орыс тілдерінде ғылыми сипаттама жазылды.

Музей жәдігерлерін 3D форматқа көшіру жұмыстары

Музей жәдігерлерін 3D форматқа көшіру бойынша 200 с.б. іріктелді. 52 с.б. фотоға түсіріліп, ақпараттары әзірленді.

«Ұлы Жібек жолының ортақ мұрасы» атты халықаралық көрме

Арнайы бекітілген тұжырымдама бойынша 2021 жылы ЮНЕСКО мен Еуропа Одағының ұйымдастыруымен Еуропаның музейінде өтетін «Ұлы Жібек жолының ортақ мұрасы» атты көрмеге 35-ке жуық жәдігер таңдалды.

«Ортақ буддистік мұра» көрмесі

2020 жылы Үндістан Ұлттық музейімен ұйымдастырылатын «Ортақ буддистік мұра» атты көрмеге тұжырымдама дайындалды. Музей қорынан 7 жәдігер іріктелді.

Қор-жұмыстары және есепке алу қызметінен келіп түскен қызметтік хатқа сәйкес, «Отырар» қорық-музейінен көшіріп алынған экспонаттарға «Археология және этнография» бөлімі қызметкерлері бірлесе отырып, ғылыми сипаттама жазды.

2020 жылы Ресейде (Мәскеу қ.) өтетін көрмеге ұсынылатын сакралды (Ясауи кесенесі, Бәйгетөбе обасы, Тақсай ханшайымы, «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» аркасы, Еңлік-Кебек кесенесі, Жошы хан кесенесі, Аралтөбе обасы, Берел жылқылары, Бұқар жырау, Құнанбай қажы мешіті, Пирамида, Ақорда, Хан шатыр, Экспо, Тәуелсіз Қазақстан т.б.), объектілер бойынша ғылыми сипаттама әзірленді.

«Даңқ кітабына» толықтырулар енгізу мақсатында 5 тұлға бойынша ақпарат берілді (Қосымша 2).

«Ұлық Ұлыс» залының экспозициясын жасақтау үшін «Нумизматика», «Археология», «Металл» қорларында «Ұлық Ұлыс» дәуіріне жататын жәдігерлерге іріктеу жүргізіліп, тізімі жасалды. Іріктелген жәдігерлердің ішіндегі Сарайшық, Отырардан табылған теңгелер реставрация бөліміне қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін ұсынылды (Қосымша 3).

«XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залының реэкспозициялық жұмыстарына орай, Ш. Уәлиханов және Әбу Насыр әл-Фараби ко-



Музей қорында жәдігер іріктеу барысы

лонналарына Кеңес үкіметі, Алаш Орда витринасына «Кітап қорынан» кітаптар іріктелді (Қосымша 4).

Бөлім жетекшісі Г. Ибраева мен С. Хасенов тоқсан сайын өткізілетін музейдің қор іріктеу комиссиясы отырысына және реставрациялық кеңес жиналысына қатысып, қорға алынатын жәдігерлерге ғылыми кеңес беріп отырды.



ҒЫЛЫМИ-ӘДИСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

- 2020 жылғы 30 қарашадан бастап 2021 жылғы 28 ақпанға дейін Үндістанның Ұлттық музейінде өтетін ШЫҰ мемлекеттерінің «Ортақ буддистік мұрасы» атты көрмеге ұсынылатын жәдігерлерге қатысты мәліметтер ресми хатпен Мәдениет және спорт министрлігіне жіберілді. Сонымен қатар аталмыш жәдігерлердің фотосуреттері жасалып, арнайы жазылған сценарий бойынша бейнеролик түсірілді.

- ЮНЕСКО мен Еуропа Одағының



Бейнеролик түсірілімі барысында

ұйымдастыруымен 2021 жылы Еуропаның музейінде өтетін «Ұлы Жібек жолының ортақ мұрасы» атты көрмеге Музей тарапынан қажетті мәліметтер ЮНЕСКО өкілдеріне жіберілді. Аталмыш көрмеге ұсынылған жәдігерлерге ғылыми сипаттама жазылды.

- Музейде Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ашылған экспозицияға ғылыми аннотация (3 тілде) жазылды. Зал қабырғасына берілетін ақпараттық стендке А.Құнанбайұлына қатысты фотосуреттер, ұлағатты сөздер іріктелді (Қосымша 6).

- «Ұлық Ұлыс», «Қазақ хандығы» экспозициялары бойынша дайындалған ғылыми тұжырымдамалар өзгертіліп, қайта жазылды, тақырыптық-экспозициялық жоспарлар, экспозиция маршруттары, слайдтар дайындалды.

- «Қазақ хандығы» экспозициясына қойылатын «Хан тағын» ғылыми негіздеу үшін тарихи деректер мен ғылыми мақалалар іздестіріліп, зерттеу жұмысы жүргізілді.

- «Тәуелсіз Қазақстан» залы бойынша 2014-2019 жж. хронологиялық оқиғалар желісін (3 тілде) толтыру үшін Ақорда сайтымен жұмыс жасалды (Қосымша 7).

- «Тәуелсіз Қазақстан» залы экспозициясына толықтырулар мен өзгертулер енгізу үшін ұсыныс берілді (слайд-презентация жасалды).

- Ұлттық музейдің «Жәдігер» жобасы аясында Facebook және Instagram парақшаларында Берел қорғанынан табылған ат әбзелдері, Отырар алқабынан табылған сырлы құмыра жайында ақпарат дайындалып, жарияланды.

- 18 мамыр – Халықаралық Музейлер күніне арнап түсірілетін тарих

залындағы құнды жәдігерлер туралы видеороликке (2 тілде) ақпарат (Дина Нұрпейісованың домбырасы, Абылай ханның шапаны) және музей залдары бойынша қысқаша мәтін дайындалды. 18 мамыр – Музей түніне арналған бөлім атынан ұсыныс-тұжырымдама әзірленді.

- Музейге келіп түскен хатқа орай «XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залындағы қазақ хандарының дипломатиялық байланысы көрсетілген хаттар және қазақ хандарының мөрлері жайында «Қазақстан» телеарнасына ақпарат берілді.

- ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Абай – рухани реформатор» мақаласына пікір жазылып, Музейдің фейсбук парақшасында жарияланды.

- «Нұр-Сұлтан», «Тәуелсіз Қазақстан» залдарының этикетаждары (3 тілде), экскурсиялық мәтіндері (2 тілде) Ғылыми кеңесте бекітілген талапқа сай қайта жазылды.

- Музейде ұйымдастырылған ҚР Ғылым Академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Н.Ж. Батпенновтың көрмесінің этикетажы орыс тіліне аударылды (132 дана).

- «XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залының экскурсиялық мәтіні реэкспозициялық өзгертулерді ескере отырып, қайта жазылды.

- «XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залындағы мультимедиялық киоскіге қазақ батырлары (Қанжығалы Бөгенбай батыр, Қапал батыр, Баян батыр), т.б. туралы ақпарат жинастырылды.

- Түркістан қаласында ашылған музей концепциясы дизайнына қажетті ежелгі діни наным-сенімдердің (ша-

манизм, анимизм, тотемизм, магия) анықтамасы, суреттері іздестіріліп, дизайн бөліміне тапсырылды. Қожа Ахмет Яссауи хикметтері іріктелді (12 дана) (Қосымша 8).

- Музейдің атриумында орналасқан киоскілерді толтыру бойынша «XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы», «Тәуелсіз Қазақстан», «Нұр-Сұлтан» залдары бойынша зал аннотациялары (2 тілде), әр зал бойынша 10 жәдігердің ғылыми сипаттамалары жазылып, фотосуреттері тапсырылды (Қосымша 9).

ҒЫЛЫМИ-ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ

«Көне Түрік өркениеті» залы

«Көне Түрік өркениеті» залының ғылыми тұжырымдамасы дайындалып, Музейдің Ғылыми кеңесінде талқылаудан өткізілді.

Ғылыми кеңесте ғалымдар тарапынан берілген ескертулер мен ұсыныстарды негізге ала отырып, тұжырымдамаға сай зал экспозициясына қойылатын музей қорындағы және экспозицияларындағы түрік кезеңіне қатысты жәдігерлерді іріктеу жұмыстары жүргізілді. Іріктелген 70-тен астам жәдігерлердің 49 данасы бүгінгі таңда зал көрмесіне шығарылды. Сондай-ақ, зал экспозициясын қосымша деректермен толықтыру мақсатында археолог З. Самашевтан қазба жұмыстары барысы мен жекелеген артефактілер бойынша иллюстрациялық материалдар топтамасын алып, бөлім қызметкерлері іріктеу шараларын жүргізді.

Залға шығарылатын жәдігерлерді негізінен 4 топқа бөліп қарастыруға болады: 1. Жазба мәдениеті ескерт-

кіштері; 2. Түрік дәуірінің тас мүсіндер кешені; 3. Түрік дәуірі ескерткіштерінен анықталған ат-әбзелдері; 3. Қару-жарақтар мен заттай мәдениет көрсеткіштері.

«Қазіргі түрік әлемі» интерактивті картасының дизайн нұсқасы дайындалды. Картада қазіргі түрік тілдес мемлекеттер мен 49 түрік тілдес халықтардың орналасу территориялары көрсетілген.

«Палеонтология» залы

Ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметімен «Ежелгі және ортағасырлар тарихы» залына өтетін кіреберісте «Палеонтология» залын ашу идеясы ұсынылған болатын. Осыған байланысты «Палеонтология» залының тұжырымдамасы дайындалып, басшылыққа ұсынылды. Сонымен қатар, «Палеонтология» залын жасақтау үшін Ғылым Ордасындағы палеонтология залынан Қазақстан территориясында мекендеген ежелгі жануарлардың қаңқаларын жеткізу немесе көшірмелерін жасату алға қойылған болатын. Сондай-ақ, Ресейдің Мәскеу қаласында орналасқан «Палеонтология» музейінен Кеңес үкіметі дәуірінде Қазақстан жерінен әкетілген динозаврлардың тұтастай сақталған қалдықтарының көшірмесін жасату үшін ұсыныс берілді.

«Ұлық Ұлыс» экспозициясын құру

«Ұлық Ұлыс» экспозициясын құру Алтын Орда мемлекетінің 750 жылдығымен байланысты. Залдың тұжырымдамасын дайындау барысында еліміздегі Ұлық Ұлыс кезеңімен тікелей айналысатын, белгілі ғалым, т.ғ.д. А. Кушқумбаевтан ғылыми кеңес алынып, зал бойынша жұмыс бағыты ай-

қындалды. Залдың тұжырымдамасы, тақырыптық-экспозициялық жоспары Музейдің Ғылыми кеңесінде талқыланып, бекітілді. Лед-экранда берілетін карталар жинақталды (6 дана). Тақырыпты ашып көрсету мақсатында ғылыми-көмекші құралдар тізімі анықталып, музейдің «Реставрация және консервация» бөліміне жасауға берілді (Алтын орда мемлекетінің туы, найзалар, Әмір Темір тасы, Кетбұға жырау бюсті, тақ) (Қосымша 12). Жұмыс барысында ғылыми кеңес берілді. Қабырғалық витринаға фон беру үшін Алтын Орда кезеңіндегі өсімдік тектес ою-өрнектің 3 нұсқасы іріктелді. Дизайн бөлімімен бірлесіп «Ұлық Ұлыс» залының эскиздік нұсқалары жасалды. Залдың жетекші мәтіні, «Ұлық Ұлыстың әскери ісі», «Ұлық Ұлыстың Қазақстан аумағындағы қалалары», «Сәулет ескерткіштері» туралы ғылыми-көмекші мәтіндер жазылды.

Бөлімнің ғылыми қызметкері С. Абдрахманов Алтын Орданың астанасы «Ортағасырлық Сарайшық» қаласының (XIV ғ.) макетін әзірледі. Макет өлшемі 1:95x95 см. Макет ЛДСП-да ламинатталған бөлшектер тақтасында орналастырылды. Топырақ қоңыр және ашық жасыл түсті гуаш бояуларымен боялып, сазбен сыланды. Жасыл шөптер қара-жасыл түсті арнайы ұсақталған синтетикалық материал – поролоннан жасалып, өзендегі су силикон тығыздағыштан және судың арнайы әсерінен, ғимараттар пеноплекс оқшаулауынан, бұталар мен ағаштар жасыл түсті полипропилен талшығынан, сондай-ақ, ғимараттардың бекітпелері, көпір және қайықтар сияқты ұсақ элементтер балса ағашынан жасалды.



Сарайшық қаласының макетін дайындау барысы

МУЗЕЙ ЗАЛДАРЫН ҚАЙТА ЖАСАҚТАУ ЖҰМЫСТАРЫ

«Ежелгі және ортағасырлар тарихы» залы

«Ежелгі және ортағасырлар тарихы» залындағы қайта жасақтау жұмыстарын жүргізу үшін археология қорында жәдігерлерді іріктеу жұмыстары жүргізілді. Қордан жалпы саны 181 аталым, 283 с.б. экспозицияға шығарылды. Іріктелген экспонаттар қола дәуірі мен ортағасырлар аралығын қамтиды.

Залдың кіреберіс бөлігін жасақтау үшін палеонтология дәуіріне жататын экспонаттар қорға ауыстырылды. Ал оның орнына антропологиялық реконструкциялар қойылды. Жалпы саны 8 дана.

Залдың тақырыптық құрылымына сәйкес «Нұр-Сұлтан» залынан Ботай мәдениетіне қатысты 12 дана жәдігер «Ежелгі және ортағасырлар тарихы» залына ауыстырылды.

Залдағы археологиялық заттардың этикетаждары мен аудармасы толықтай дайындалды. Сондай-ақ, залдың экскурсиялық мәтінінің қазақша және орысша нұсқасы дайындалды.



Антропологиялық реконструкцияларды
қою жұмысы

«Ұлы даланың ежелгі өнері және технологиялары» залы

«Ұлы даланың ежелгі өнері және технологиялары» залының медиаконтентіне жаңа ақпарат екі тілде жазылып, фотосуреттер іріктелді. Сонымен қатар, жаңадан ашылатын залдың этикетажы мен аннотациясы жасалды. Аталмыш залдың жаңа экскурсиялық мәтіні екі тілде әзірленіп, жаңартылған экспозицияның этикетажы үш тілде дайындалды.

«Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залы

«Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залын қайта жасақтау үшін аталған залда сараптамалық жұмыстар атқарылды. Жұмыс барысында залды ағаш бұйымдары, яғни қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяқтары мен ат-әбзелдерімен толықтыру жөнінде шешім қабылданды.

Экспозицияны жасақтау үшін метал, ағаш, тері, қару-жарақ, ат-әбзелдері, кілем-тоқыма бұйымдары, қазақ халқының дәстүрлі ыдыс-аяқтары қорларында жәдігерлерге іріктеу жұмыстары жүргізілді.

Аталған қорлардан жалпы саны ағаш пен теріден жасалған 72 дана ыдыс және 19 дана ат-әбзелдері іріктелді.

Залдың экспозициялық кеңістігін тиімді пайдалану үшін арнайы орындарды белгілеу, экспонаттардың орналасуының сызбалық нұсқасын жасау және қажетті құрал-жабдықтар (витрина, жарық көздері) таңдалып, залды қайта жасақтау жобасы ұсынылды.

Зал этикетаждары үш тілде дайындалды және экспозиция бөлімінің қызметкерлерімен бірлесіп жәдігерлерге этикетаждар қойылды. Залдың реэкспозициясына байланысты «Ат-әбзелдері», «Ыдыс-аяқ» тақырыптарында екі тілде аннотация дайындалды. Дайындалған аннотация мен қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары туралы (сәукеле, өңіржиек) ғылыми сипаттама дайындалып, музейдің Instagram, Facebook парақшаларында жарияланды. Сондай-ақ, залды қайта жасақтау негізінде залдың экскурсиялық мәтіні мен этикетаждарына толықтырулар енгізілді.

«Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залының экскурсиялық мәтіні реэкспозициялық өзгертулерді ескере отырып, қайта жазылды.

«Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залындағы мультимедиялық киоскіге: «Қазақ халқының дәстүрлі баспанасы», «Қазақ халқының шаруашылығы», «Қазақ халқының қолөнері», «Қазақ халқының рухани дүниетанымы» сияқты бөлімдерге бөлініп, осы негізде ақпарат жинақталды.

Музейдің Атриум және «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» залында орналасқан киоскілерді толтыру бойынша зал аннотациялары (2 тілде), және 5 жәдігердің ғылыми сипаттамалары жазылып, фотосуреттері тапсырылды.



Залдағы реткспозиция жұмысы



ҚР Ұлттық музейі Ғылыми Кеңесінің жұмысы

«XIII-XX ғғ. Қазақстан тарихы» залы

Залды жасақтаудың жаңа концепциясы Музейдің Ғылыми кеңесінде талқыланып, суретші, қарутанушы-этнограф Қ. Ахметжан, т.ғ.д., профессор Ж. Артықбаев сынды ғалымдар өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіріп, зал экспозициясының құрылуы бойынша негізгі бағыттар анықталды.

Төмендегі тақырыптар бойынша залдың эскиздік нұсқалары жасалды:

«Тарих тұғырындағы ұлы тұлғалар» – Қожа Ахмет Яссауи, Әбу Насыр Әл-Фараби, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Қаныш

Сәтбаев, «XIX-XX ғғ. өнеркәсіп және қалалар», «Қазақ хандығының өркендеуі», «Қазақ қоғамындағы батырлар институты», «Қазақ халқының рухани мәдениеті (жыраулар), «Билер институты», «Қазақ хандығының патша үкіметіне қосылуы және ұлт-азаттық көтерілістер», «XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысы және ұлттық автономиялар», «Кеңес үкіметінің орнауы. Қырғыз (Қазақ) автономиясының құрылуы. Индустрияландыру», «Кеңес үкіметінің қуғын-сүргін саясаты. Гулаг: Алжир, Карлаг (1937-1938 жж)», «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-

1945 жж)», «1946-1991 жылдардағы Қазақстан: ғылым, мәдениет, спорт», «1946-1991 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі: саясат, полигон, тың игеру, Арал мәселесі, Желтоқсан оқиғасы».

Жұмыс барысында көрмеде ұсынылатын жәдігерлердің фотосуреттері jpeg форматында жинақталып, тізімі жасалды. Артқы фонға берілетін суреттер іріктелді, тұлғаларға қатысты фотодефектер берілді. Ғылыми-көмекші мәтіндер, фотосурет этикетаждары (3 тілде) жазылып, ғылыми редакцияланды.

КӨРМЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қызметке қарасты «Өнертану» бөлімі қазіргі заманғы бейнелеу өнері саласында үнемі зерттеулер жүргізіп, суретшілердің жұмыстарын зерделеу, көркем өнер туындыларын талдау, заманауи суретшілердің жұмыстарын насихаттау, көрме ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп отырады. Бөлімнің атқаратын міндеттері:

- экспозициялар мен көрмелерді безендіру;
- экспозицияларға материалдар дайындау;
- «Бейнелеу өнері» бағыты бойынша музей қорларын толықтыру тұжырымдамасын әзірлеу;
- музей заттары мен коллекцияларын зерттеу.

Бөлімнің негізгі міндеті - заманауи өнерді зерттеу, музей қорын қалыптастыру, көпшілікке танымал ету және экспонаттау.

Көркем өнер көрмелерінің басты міндеті - көрерменді заманауи өнер шеберлерінің шығармашылығымен таныстыру ғана емес, сонымен қатар қазіргі кездегі Қазақстан мен басқа елдердегі өнердің негізгі даму бағыттары туралы жалпы түсінік беру.

Бөлім қызметкерлері Қазақстан Суретшілер Одағымен бірлесе отырып, суретшілердің жеке көрмелерін өткізіп отырады. Ұйымдастырылатын көрмелер Одақ мүшелерінің қатысуымен ғана емес, сонымен қатар кәсіби емес суретшілердің де қатысуымен өткізіледі, бұл олардың жұмысын көпшілікке танымал етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бөлімнің жұмысы сәндік-қолданбалы өнер шеберлерін анықтауға, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, көрмелер ұйымдастыруға бағытталған. Білім беру бағдарламалары бөлімнің жұмысының маңызды бөлігі болып табылады. Олардың қатарында суретшілермен кездесулер, шеберлік сағаттары, байқаулар, келесі тақырыптардағы дәрістерді қамтиды: Ғасырлар тоғысында Қазақстан өнері (90 - 2000 жж.); Туындының техникалық талдауы; Кескіндеме стилі; Қазіргі заманғы өнер практикасының қазақстандық феномені; Заманауи өнерді қалай түсінуге болады?; Арт-стрит; Портреттік кескіндеме.

«Өнертану» бөлімі 2020 жылы бейнелеу өнері бағытында жалпы саны 8 көрме ұйымдастырды. Сонымен бірге, бөлім қызметкерлері музейдің экскурсия жүргізушілеріне арнайы 2 дәріс оқыды. Есеп беру мерзімінде музей қорындағы 72 бейнелеу өнері туындыларына ғылыми сипаттама жазылып, музейдің ресми парақшаларында жарияланды.

Ел аумағында індеттің таралуына байланысты орын алған карантин кезінде бөлім мамандары, Музейдің өзге қызметкерлерімен бірге жұмыстарын онлайн форматта ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жалғастырды. Бөлім қызметкерлері карантин кезінде 1 онлайн коференция, 2 онлайн дәріс, 1 шеберлік сағатын, 9 онлайн сұхбат өткізді.

«Көп қырлы символизм» көрмесі (12 ақпан)

Көрменің ашылу салтанаты музей директоры А. Мұхамедиұлы, көрмеге қатысушы суретшілер мен музей қонақтарының қатысуымен музей атриумында өтті.

Заманауи символизмнің барлық нұсқалары кескіндеме мен графикадан бастап, этно-авангардтың зергерлік артефактілеріне дейін бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер түрлерінде ұсынылды. Көрмеге қойылған туындылардың авторлары Қазақстанның танымал суретшілері, ҚР Суретшілер одағының мүшелері Сембіғали Смағұлов, Сержан Баширов, Зейналхан Мұхамеджан, Ералы Оспанов, Садыр Кәрібай және Оразбек Есенбаев. Суретшілердің есімдері Қазақстан аумағында ғана емес, шетелдерде де танымал. Сондай-ақ, көрмеде Ералы Оспановтың Абылайханның рухани тәлімгеріне арналған «Жалаңаяқ Әздер» кітабының тұсаукесері өтті. Автор кітапта тарихи құжаттар мен аңыздардың негізінде қамқоршының тұлғасын ашады.

«Суретшілер және Целиноград. Өмір және қала» көрмесі (20 ақпан)

«Суретшілер және Целиноград. Өмір



мен қала» атты, сонау тың игеру жылдарында кәсіби өнердің қалыптасуына негіз болған тұлғаларға және қаланың мәдени-тарихи өмірінің куәсі болып саналатын Целиноград Суретшілер одағына (1961-1997) арналды.

Қазақстан Республикасының қазіргі астанасының тарихы бірнеше тарихи кезеңдерден тұрады. Қала іргетасының қалануы Кеңестік кезеңдегі тың жерлерді игерумен тығыз байланысты. Дәл осы кезде Целиноградқа Ленинград, Львов, Мәскеу сынды ірі қала орталықтарынан өнер ордаларының түлектері келді. Солардың ішінде: В. Белтюков, М. Антонюк, В. Товтин, Л. Колотилина, В. Холуев, Ю. Буштрук, В. Толчинский, Е. Яблонская, В. Толчинский, О. Шлепугин, Л. Свитич, М. Порунин, В. Кучеровский болды. Осы кезде Қазақстан Суретшілер одағының Целиноград бөлімшесін құру туралы шешім қабылданды.



«Өнер төресі» көрмесінің экспозициясы

«Өнер төресі» көрмесі (15 қыркүйек)

Көрмеде жарты ғасырдан астам тарихы бар Целиноград Суретшілер одағының негізін қалаушылар мен олардың шәкірттерінің 200-ден астам жұмысы ұсынылды, олардың ішіне кескіндеме, графика, сәндік-қолданбалы өнер және мүсіндік жұмыстар кірді. Сол заманның рухын беру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласының Мемлекеттік қалалық архиві ұсынған тарихи құжаттар, музей қорынан жинақталған өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы тұрмыстық заттар, жеке коллекциялар және Fading.THE қоғамдастығының қатысуымен дайындалған жәдігерлер қойылды.

«Өнер төресі» сәндік-қолданбалы өнер көрмесіне музей қорынан XX ғасырдың екінші жартысындағы шеберлердің туындылары, сондай-ақ заманауи суретшілердің киізден, ағаштан жасалған туындылары, инсталляциялар, гобелендер, зергерлік бұйымдар қойылды. Көрмеде келушілер назарына М. Зейнелхан, Б. Зәуірбекова, Сәуле және Әлібай Бапановтар, С. Баширов, Э. Казарян, Л. Казбеков, Т. Батанов сынды танымал шеберлердің туындылары ұсынылды.





«Стрит-арт» перформансы (22 қыркүйек)

Музейдің ашық алаңында «Стрит-арт» перформансы мемлекеттік мәдени жобаларды кеңінен насихаттау және іске асыру аясында, дәлірек айтсақ, Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай бейнелеу өнерінің заманауи құралдары перформанс және граффити арқылы мәдениеттің, тарихтың және өнердің тұтастығын көрсету мақсатында ұйымдастырылды.

Аталған перформансқа еліміздің бірқатар республикалық және халықаралық байқауларының жеңімпаздары, мемлекеттік көрмелердің қатысушылары, суретші-бездендіруші Р. Сәкенов және А. Шакер қатысты.

Жоба аясында әлемдік пандемияның таралуы салдарынан орын алған карантинге қарамастан Музейдің атқарып отырған жұмыстарын көрсету және қалалық мәдениетті дамыту мақсатында көркемөнер құралдары арқылы, көрермендерге еліміздің бейнелеу өнерінің түрлерін насихаттау болды.

«Шығыс әлемі» көрмесі (23 қазан)

Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Суретшілер Одағының мүшесі А. Ахаттың 65 жылдық мерейтойына арналған көрменің негізгі идеясы А. Ахат шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі болып саналатын Шығыс Әлемінің құрылғысы тақырыбына негізделді. Көрменің тақырыбы жартаста бейнеленген суреттердің мотивтері арқылы ашылды, олар ерекше көркемдік пластикамен, ықшамдылық және өткір мәнерлікпен берілген.

ҚР Ұлттық музейінің директоры А. Мұхамедиұлы, ҚР Мәжіліс депутаты Ш. Нұрымов және суретші А. Ахат



Көрменің ашылу салтанатында

«Шығыс әлемі»
көрмесінен



«Болашаққа бастар жол» фото көрмесі (5 қазан)


Көрме Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі білім беру жүйесінің қоғам дамуындағы атқаратын ролі мен маңыздылығын көрсетуге бағытталды. Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде ұстаздардың алар орны айрықша, еңбегі орасан зор. Көрмеге Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы балабақша меңгерушілері қатысып, балабақша өмірін бейнелейтін 200-ден астам жұмыс қойылды.



«ШАРЫҚТАУ: ЖАСТАР ЖОЛЫ ...» көрмесі (17 қараша)

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен еріктілер жылын іске асыру аясында Ұлттық музей жас суретші Абсаматов Тохтамыстың «Шарықтау: жастардың жолы ...» атты жеке көрмесін ұйымдастырды.

Жас суретшінің музей алаңындағы жеке көрмесі - еріктілер жылы аясындағы маңызды оқиға. Бұл іс-шара жастарға өз шығармашылықтарын ары қарай дамытуға және өсу әлеуетін арттыруға тамаша мүмкіндік береді.



«Шарықтау: жастардың жолы ...» көрмесі

«Бірінші тұлға жөнінде» фотокөрмесі (27 қараша)

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай атты фотожурналист Тұрар Қазанғаповтың жеке көрмесіне Тұңғыш Президент - Елбасының қызметі туралы фотосуреттер қойылды.

Фотокөрменің авторы Қазақстан, Түркия, Ресей, Өзбекстанда өткен түрлі фотокөрмелер мен фотофестивальдердің қатысушысы. Баспасөз, радио, интернет журналистика саласындағы үздік жетістіктері үшін «Үркер» ұлттық сыйлығының номинанты, «Үркер» ұлттық сыйлығының «Жылдың үздік фотосуреті» лауреаты.



«Бірінші тұлға жөнінде» атты фотожурналист Тұрар Қазанғаповтың жеке фотокөрмесінен

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛАР

1. Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Жәнібек-Шалқар көлі маңында «Жәнібек ханның» кесенесіне қазба жұмыстары мен қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

2. Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Көкентау ауылы маңында Көкен археологиялық ғылыми экспедициясы жүргізілді.

3. Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, Шеңбер ауылы маңында Моңғол кезеңіне тән археологиялық ескерткіштерге қазба жұмыстары жүргізілді.

Насихаттау жұмыстары

«Ұлы Отан соғысының 75 жылдығы» тақырыбындағы бейнероликтер.

Бұл айдар бойынша барлығы 3 дана бейнеролик әзірленді. Бейнероликтер қазақ және орыс тілдерінде келесі тақырыптарда дайындалды:

1) Лица и письма победы (хронометраж: қазақша – 7:11, орысша – 6:52);

2) Оружия победы (хронометраж: қазақша – 5:43, орысша – 5:51);

3) Ордена и медали победы (хронометраж: қазақша – 7:09, орысша – 7:16);

«Бір жәдігер тарихы» бейнероликтері.

«Жәдігер» жобасы аясында аталған «Ежелгі және ортағасырлар тарихы», «Қазақтың дәстүрлі мәдениеті» және

«Алтын залы №1, №2» залдарында бейнежазбалар түсірілді. Бейнероликтер үшін «Тобыл ойшылы», «Күлтегін» стелласы, «Ювелирные украшения эпохи бронзы», «Зеркало из кургана Бирлик», «Ритуальный стол из Тургеня», «Детали конского снаряжения», «Костяная ложка из могильника Сынтас», «Тургайский утюжок», «Бронзовые котлы», «Зеркало с изображением пантеры», «Бронзовый топор» тақырыптарында жазылған мәтінді ғылыми қызметкерлер оқыды.

Біліктілікті арттыру мен тағылымдама

Ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметінің 3 қызметкері Ұлттық музейде ұйымдастырылған «Экскурсовод – Гид – музейдің мәдени-білім беру қызметінің негізгі тұлғасы» атты 36 сағаттық біліктілікті арттыру курсына қатысып, сертификат алды.

Ұйымдастыру және құжаттама жұмыстары

Алтын Орданың 750-жылдығына орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде «Қазақстан Республикасы музейлері қорындағы Алтын Орда мұралары» атты көрме өткізу туралы хат дайындалып, Қазақстанның облыстық мәдениет басқармалары мен мемлекеттік музейлеріне жіберілді.

Халықаралық байланыс жұмыстары бойынша хат алмасулар мен келіссөздер жүргізілуде: Литва мен Германия, Голландия елдері өкілдерімен «Ұлы дала: тарих және мәдениет» көрмесі бойынша хат алмасу; Армения елшілігі мен «Матедаран» ғылыми-зерттеу институтына Қыпшақ жазбаларына арналған көрме өткізу жөнінде хат жіберілді; Лит-

вада өткізілетін «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» көрмелік жобасына қолдау көрсету жөніндегі хат жіберілді; «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы бойынша қорытынды ақпарат жасалды (2017-2020);

Музейде ұйымдастырылатын Қытайдың «Наньхайдың жануарлар әлемі» көрмесіне байланысты ақпараттар алынып, басшылыққа жіберілді және «Из Рентендорфа в Мир – путешествие в Западную Сибирь, Казахстан и Китай в 1876 году» көрмесінің тұжырымдамасы алынып, сол бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ғылыми, ғылыми-танымдық және білім беру шаралары

«Алтын Адамның әлем музейлеріне шеруі»

«Алтын Адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасын қолдау мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы мектеп оқушыларына арналған дәріс сабағы ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушыларға Қазақстан аумағынан табылған алтын бұйымдар мен ескерткіштер төңірегінде тақырыптық баяндамалар жасалды. Оқушылар тарапынан ерте темір дәуіріне қатысты қызықты сұрақтар қойылып, дәріс сұрақ-жауап форматында жалғасты. Дәрісте айтылған мәліметтерді ғылыми қызметкерлер жүргізген Алтын залындағы экскурсия барысында нақтылай түсті.

«Археология және этнография» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Қанайбекова Элмира Қытай елінің ұйымдастыруымен 2020 жылдың 18-20 қазан аралығында Хэнань провинциясының Лоян қаласында онлайн

форматта өткен көне қалалардың Халықаралық III-форумына қатысты. Форумның мақсатына сәйкес мәдени мұраны сақтау және қалалардың тұрақты дамуы тақырыбы аясында «Preservation and Development of the Historical City of Turkestan as a Cultural and Spiritual Center of the Turkic World» атты тақырыпта ағылшын тілінде мақала оқылды. Мақалада жалпы түрік халықтарының мәдени астанасы саналатын Түркістан қаласының тарихы, мәдени-тарихи ескерткіштері, ұлттық құндылықтары, осы қалада дүниеге келген ұлы тұлғалардың қаланың дамуына қосқан үлесі, сондай-ақ, қазіргі таңдағы даму стратегиясы баяндалды. Мәдени мұраны сақтауға әрі көне қалалардың маңыздылығын арттыруға бағытталған онлайн форумның талаптары бойынша видео түсіріліп, монтаждалды, мақала мәтіні негізінде презентация жасалды.

ОНЛАЙН-СҰХБАТ

«Өнертану» бөлімінің қызметкерлері бейнелеу өнері саласының белгілі тұлғаларымен өзекті мәселелерді көтеретін онлайн сұхбаттар жүргізіп, музейдің әлеуметтік желілерінде жариялады. А. Ақанаев, С. Смағұлов, Қ. Ахметжан, Б. Мұхамеджанов, С. Жәнібек, П. Серикпаева, А. Мусалимов және Т. Байғалиев сынды белгілі өнер майталмандарымен жүргізген сұхбаттары музейдің әлеуметтік желілерінде жарияланып, 23 185 қаралым жинады.



ОНЛАЙН-КОНФЕРЕНЦИЯ

30 мамыр күні Халықаралық музейлер күніне орай «Жалпы цифрландыру дәуіріндегі суретшінің рөлі» тақырыбындағы Art talk форматында халықаралық конференция өтті. Конференция Facebook желісінде жарияланып, 4900 қаралым жинады.

Конференцияға халықаралық деңгейдегі өнер саласының мамандары, соның ішінде 13 суретші және әртүрлі өнер бағыттарындағы эксперттер: А. Қадыржанова, Яо Чанг Хван, Ж. Нөгербек, Д. Қастеев, С. Қастеев, А. Шевцова, А. Алева, А. Саргин, Ә. Қойлақаев, О. Мұхамедди, А. Давлетов, С. Жәнібек, М. Коровина қатысты.

Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Ұлт кеменгері – Хәкім Абай» атты ғылыми-практикалық (онлайн) конференция ұйымдастырылды. Конференция мақсаты – Хәкім Абайдың интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясын, қажыр-қайратқа толы тағылымды ғұмыры мен «толық адам» тұжырымын ұрпақ тәлім-тәрбиесінің өзегіне айналдыру, қазақ әдебиетіне қосқан үлесі және әлемдік ғылым-білім

мен руханияттың заңғар биігіне сай іргелі еңбектерін жан-жақты насихаттау болды. Конференция жұмысына белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері: Ө.Озғанбаев, белгілі Абайтанушылар – А. Омаров, А. Мұхаметқалиқызы, О. Жәлелұлы, жоғары білім ордаларының оқытушылары С. Негимов, Р. Тұрысбек, Г. Құрманбай, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің жанынан ашылған «Абай академиясы» ҒЗИ директоры Е. Сайлаубай, Б. Тоқанұлы, Е. Іргебай, Қ. Күзембаев, Г. Шауенова, ғылыми-зерттеу және мәдениет орталықтары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Ш. Қалдаяқовтың 90 жылдық мерейтойына орай композитор, режиссер, продюсер, сценарист О. Сарыбасовпен музыкалық (онлайн) сұхбатта.

Іс-шарада Ш. Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығы кеңінен насихатталды. «Сыған серенадасы», «Өмір – өзен», «Дүнген қызы», «Ана туралы жыр», «Наз» сияқты әндерге бейнебаяндар көрсетілді. Әр әннің шығу тарихы кеңінен баяндалды. Әлеуметтік желідегі тыңдармандармен сұрақ-жауап өткізілді.



Онлайн-конференцияның афишасы



О. Сарыбасовпен онлайн-сұхбат

ДӘРІСТЕР

Экскурсия бөлімі қызметкерлеріне «Сан қырлы Қазақстан» (12.02.2020) және «Суретшілер және Целиноград. Өмір және қала» көрмелері бойынша (19.02.2020) дәрістер оқылды.

Карантин уақытында ғылыми қызметкерлер онлайн дәрістер оқып, аталған дәрістер ҚР Ұлттық музейінің әлеуметтік парақшалары арқылы және «ZOOM» бағдарламасы арқылы жүргізілді. Олар:

№	Дәріс тақырыбы	Лектор	Уақыты және қаралымы
1	«Өзекті арт-тәжірибе»	Г.Н. Поволяшко	27.03.2020
2	Вклад Национального музея РК в исследование палеолита Казахстана.	Ж. Таймагамбетов	02.04.2020 1600
3	«Қазіргі заманғы көркемөнер практикасы»	Д. Нугер	09.04.2020 2,200
4	Исследование памятников каменного века Казахстана: итоги реализации Национальных программ.	Ж. Таймагамбетов	27.04.2020

5	Музеи – как учебно - воспитательный, образовательный и научный центр (на приме музея палеолита Казахстана)	Ж. Таймагамбетов	04.05.2020 1600
6	Стратифицированная палеолитическая стоянка Ушбулак в Восточном Казахстане	Ж. Таймагамбетов	10.05.2020 3100
7	Музейдегі ғылыми әдістемелік жұмыстар	П. Мұсырманқұл	12.05.2020 1900
8	Военная история в миниатюрах и диораме https://www.facebook.com/ulttyqmuzei/videos/296846399668051/?__tn__=%2CdkCR&eid=ARDfFDOM0mQINg5QcPwomOwXQzcyMlq4KdFclr1QJrqTmApzlgf1vjc5njLX0FN7gP9D19b0bQkbTFij&hc_ref=ARTtI51QhNYKqICTCbIWK1sA6bh0U9iOktaEJSnalKdL0gCHTivz8nBZUMgkfFPaTE.	С.Абдрахманов	07.05.2020 272
9	Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау жүзеге асыру https://www.facebook.com/ulttyqmuzei/videos/578500666381563/?__tn__=%2CdkCR&eid=ARDfFDOM0mQINg5QcPwomOwXQzcyMlq4KdFclr1QJrqTmApzlgf1vjc5njLX0FN7gP9D19b0bQkbTFij&hc_ref=ARTtI51QhNYKqICTCbIWK1sA6bh0U9iOktaEJSnalKdL0gCHTivz8nBZkUMgkfFPaTE;	Г. Ибраева	13.05.2020 967
10	«Абай мұрасын сақтау және насихаттау жұмыстары». (Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен «Абай әлемі» атты онлайн-вебинар).	Г. Ибраева	19.05.2020

11	«Ұлы Дала жауһарлары». «Тас дәуірінің құпиялары» тақырыбындағы «Музей түні» акциясы аясындағы бейнесұхбат	Ж. Таймағамбетов	18.05.2020 411
12	«Қазақтың дәстүрлі қару - жарағының тарихнамасынан». https://www.facebook.com/ulTTYqmuzei/videos/31167965691137/	С.С.Хасенов	
13	«Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы атты онлайн дәріс	А.Қ. Джанеева	14.07.2020, 1100
14	Металлургия Қазақстана в эпоху бронзы	М.К. Лачкова	21.07.2020 1600
15	«Қазақ халқының зергерлік өнері» атты дәріс. https://www.facebook.com/ulTTYqmuzei/videos/772768236622803	Б. Нұрғожина	24.10.2020

Кесте 7. Ғылыми қызметкерлердің 2020 ж. карантин кезінде оқыған онлайн дәрістері

«Өнертану» бөлімінің кіші ғылыми қызметкері Ф. Баймағамбетова 30-шы сәуір күні «Көркем шығарманы композициялық талдау» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді. Әлеуметтік желілерде жарияланған шеберлік сабағы 3000 қаралым жинады.



ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ КӨРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ҚЫЗМЕТІ

Музейдің көрме қызметі экспозициялық және ғылыми-ағартушылық жұмыстарды жоспарлау арқылы музей алаңдарында көрме кешенін құру және пайдалану жұмыстарымен байланысты.

Заттарды іріктеуден бастап, оларды консервациялауды ұйымдастыруға дейінгі көрме жобаларын дайындау, көрмелер бойынша баспа материалдарын және жарияланымдар дайындау, құқықтық және құжаттамалық қамтамасыз ету, сондай-ақ музей коллекцияларының қолжетімділігін ұйымдастыра жүріп, жұртшылықпен жұмыс жүргізу, көрме жобаларын ақпараттық қолдау бағыттары бойынша Ұйымдастыру және көрме жұмыстары қызметі (бұдан әрі-қызмет) төмендегідей бөлімдерден тұрады:

- Экспозициялық-көрме жұмыстары бөлімі
- Ұйымдастыру жұмыстары бөлімі;
- Көркем безендіру және дизайн бөлімі;
- Халықаралық қатынастар бөлімі;
- Баспасөз бөлімі

Қызметтің барлық қызметкерлерінің басты міндеті - Музейдің экспозициялық қызметінің тиімділігін кеңейту. Бөлім жұмысының негізгі бағыттары бүкіл музейдің көрме стратегияларын ұйымдастыру және жүзеге асыру болып табылады..

ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ-КӨРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ

Экспозициялық - көрме жұмыстары бөлімі негізгі экспозицияның жұмысын толықтырады және музей жұмысының бейіні мен бағытын неғұрлым толық ашуға, музейдегі заттардың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға, басқа музейлер мен жеке коллекциялардың материалдарын тартуға мүмкіндік береді.

Экспозициялық- көрме жұмыстары бөлімі төмендегідей міндеттерді атқарады:

- тұрақты экспозицияның тақырыптық-экспозициялық жоспарларын әзірлеу
- (ғылыми қызметкерлермен бірлесіп) және уақытша көрмелердің экспозициясын құру;
- жыл сайынғы көрме жоспарларын құру және үйлестіру;
- уақытша көрмелерді және тұрақты экспозицияларды өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- музей залдары мен галереяларында экспонаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

Экспозиция музейлік коммуникацияның негізін құрайды, ол ең алдымен келушілердің белгілі бір кеңістікте орналасқан экспозициялық материалды көріп, қабылдауы арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық музей экспозициясы 9

зал, 2 галереядан және 4 уақытша көрме залдарынан тұрады.

Үстіміздегі жылы экспозициялық-көрме жұмыстары бөлімі музей бойынша ұйымдастырылған 8 көрменің, соның ішінде 3 музейден тыс және 1 шетелде өткен көрменің экспозициясын құру және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Сонымен бірге музей залдарындағы 1 жаңа залдың, 1 жаңа зал бөлімінің экспозициясын және 3 залда реэкспозиция жұмыстарын жасады:

- Ежелгі және ортағасырлар тарихы - «Антропология» жаңа бөлімі
- Түркі өркениеті-жаңа зал
- Нұр- Сұлтан, Асыл Мұра, Ежелгі және ортағасыр тарихы- залдарында реэкспозиция жұмыстары жүргізілді.

№	Іс-шара атауы	2017	2018	2019 ж.	2020
1	Көрме жұмыстары	42	22	42	8
	Халықаралық көрме	18	9	11	2
	Музейде өткен көрмелер музей қорынан	4	3	6	3
	Музейде өткен көрмелер басқа фондтардан	12	3	16	-
	Музейден тыс музей қорынан ұйымдастырылған көрмелер	8	2	2	3
	Шетелде өткен көрмелер Алтын адамның шеруі		5	1	1
2	Экспозиция жұмыстары	6	2	6	6
	Жаңа экспозиция құру			1	2
	Залдарда реэкспозиция жұмыстары	6	2	5	4

Кесте 8. «Экспозициялық - көрме жұмыстары» бөлімінің 2017-2020 жж. атқарған іс-шаралары

«Үнді Сарии: Ескірмейтін әсемдік» көрмесі (3 наурыз)

«Үнді Сарии: Ескірмейтін әсемдік» атты дәстүрлі Үнді тоқымасы өнімдерінің көрмесінің ашылуы ұйымдастырылды.

Бұл көрме Махатма Ганди ретінде танымал Мохандас Карамчанд Гандидің (1869-1948) туғанына 150 жыл толуына орай 2018 жылғы 16-25 қазан аралығында Қазақстанның Ұлттық музей-



«Үнді сариі: Ескірмейтін Әсемдік» көрменің ашылу салтанатында

інде SVCC ұйымдастырған «ВАСТРАМ: Үнді тоқымасының ғажайып әлемі» көрмесінің жалғасы болып табылады.

Осы көрме үшін арнайы дайындалған саридің 33 түрі Үндістанның жеті штатынан әкелінді. Бұл штаттарға: Уттар Прадеш, Керала, Тамил Наду, Андхра Прадеш, Орисса, Махараштра және Батыс Бенгалия кіреді. Осы керемет үлгілермен көрме сансыз иірушілер мен тоқушылардың шеберлігі мен қабілеттеріне құрмет көрсетеді.

«Алтын адам» көрмесі (18 қаңтар)

Ұлттық музейдің «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы 2020 жылғы «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты атанып, сыйлықты тапсыру салтанатына қатысты. Осы марапаттау рәсімінің аясында «Rixos» қонақ үйінде «Алтын адам» көрмесі өтті.



«Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты сыйлығын тапсыру салтанаты

Көшпелі фото-көрме (30-31 қаңтар)

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі коллегиясының кеңейтілген отырысы аясында «Астана Балет» театрында музей қорынан ұйымдастырылған көшпелі фото-көрме өтті.

«Ұлы дала: Тарих. Кеңістік. Мәдениет» көрмесі (5 наурыз)

Үндістанның Ұлттық музейінде «Ұлы дала: Тарих. Кеңістік. Мәдениет» көрмесі ашылды. Үндістан мемлекеті халықаралық «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы аясында көрме өткен он үшінші ел болды.

Үндістан астанасы Нью-Делиде ұйымдастырылған бұл көрмеде Ұлттық музей қорларынан Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық өнері мен Еуразия дала мәдениеті мұрасының ерекшелігін



Нью-Делиде өткен «Ұлы дала: Тарих. Кеңістік. Мәдениет» көрмесі

көрсететін 292 жәдігер таныстырылды.

Н.Ж. БатпенOVты еске алу көрмесі (2 қыркүйек)

2020 жылдың қыркүйек айынан бастап Музей карантиндік сақтық шараларын, әлеуметтік қашықтық пен са-



Профессор Н.Ж. БатпенOVты еске алу көрмесі

нитариялық дезинфекциялық режимді сақтай отырып, өз жұмысын қалыпты жағдайда қайта жандандыра бастады.

Карантин мерзімінен кейінгі музей қабырғасында алғаш ұйымдастырылған көрме Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор Н.Ж. БатпенOVты еске алу көрмесі болды.

Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институтының негізін қалаушы және бірінші директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Н.Ж. БатпенOV, Қазақстан Республикасы Ғылым және техника саласындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, еңбек сіңірген қайраткер, ДСМ

штаттан тыс бас травматолог-ортопеді, Қазақстан травматолог-ортопедтері қауымдастығының президенті, жоғары біліктілік санатты травматолог-ортопед.

«Абай және рухани мұра» кітап-иллюстрациялық көрмесі (30 қазан)

Музейде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасымен бірлесе отырып, қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай және рухани мұра» кітап-иллюстрациялық көрмесі ұйымдастырылды.

«Ғасырлар үні» көрмесі (4-5 қараша)

«Астана» халықаралық қаржы орталығында музей қорынан «Ғасырлар үні» көшпелі көрмесі өтті.

«Қазақ Алтайының қазынасы» (18 қараша)

«Қазақ Алтайының қазынасы көрмесі» музейде «Ұлы Даланың ежелгі өнері және технологиялары» залының ашылу салтанатына орай ұйымдастырылды. Аталған залдың ашылуына Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы мұрындық болды.

Зал экспозициясында көпшілікке Есік, Берел, Талды, Тақсай және т.б. қорғандарынан табылған, «аң» стилінде орындалған скиф-сақ кезеңінің бірегей алтын бұйымдары ұсынылды.

Сондай-ақ залдың ашылуына Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі қорынан Елеке сазы қорғанынан табылған алтыннан жасалған экспонаттар қойылды.



Экспозиционерлер «Ғасырлар үні» көрмесінің монтажын жасауда

«Нюрнберг сабақтары: ұмытпас үшін» көрмесі (19 қараша)

Қазақстан Республикасындағы Ресей ынтымақтастық өкілдігі, Ресей тарих қоғамы, Ұлы Отан соғысының орталық музейі (Мәскеу), Қазақстан Республикасындағы Ресей Федерациясы Елшілігі Нюрнберг процесінің басталуының 75-жылдығына арнайы дайындаған экспозицияға ресейлік жетекші мұрағаттардан, Ресейдің қазіргі тарихының музейінен (Мәскеу қ.) алынған сирек кездесетін құжаттар мен фотосуреттер ұсынылды.

Көрме гитлерлік фашизмнің қылмысын айыптаған және адамзат тарихында ең көп қан төгілген Екінші дүниежүзілік соғыстың нүктесін қойған әлемдік тарихтағы алғашқы Халықаралық әскери трибунал туралы сыр шертеді.



«Нюрнберг сабақтары: ұмытпас үшін» көрмесі



Музей қызметкерлері көрменің жинақтау жұмыстарын өткізуде

Үстіміздегі жылы бөлім қызметкерлері Грекия мемлекетінің Афина қаласындағы Эпиграфиялық музейінде өткен «Ұлы дала: тарих және мәдениет» көрмесінің жинақтау және қайтару жұмыстарына қатысты.

ЗАЛ ЭКСПОЗИЦИЯСЫ ЖҰМЫСТАРЫ

Есеп беру мерзімінде жаңа «Көне түркі өркениеті» залы құрылды. Бөлім қызметкерлері экспозицияның тақырыптық құрылымын жасау, қордағы жәдігерлерді іріктеу, аннотация мен этикетаж дайындау жұмыстарын жүргізді. Экспозиция дизайны мен жаңа экспозицияға арналған подиумдар жасалды. Ғылыми тұжырымдамаға сәйкес экспозицияға түркі кезеңіне қатысты музей заттары қойылды.

Ежелгі және ортағасырлар тарихы залының экспозициясы жаңа жәдігерлермен толықтырылып, жаңа «Антропология» экспозиция бөлімі құрылды. Қор сақтау бөлімінен экспонаттар іріктеліп, экспозицияға қойылды. Қызметкерлер экспонаттарды витриналарға орналастыру үшін экспозициялық жабдықтар жасады.

Сонымен бірге, есеп беру мерзімінде Нұр-Сұлтан залында, Тарих залында,



«Антропология» бөлімі

«Асыл мұра» және Ежелгі және ортағасырлар тарихы залдарында реэкспозиция жұмыстары жүргізілді.

Музей қорын фотограмметриялық 3D-сканерлеу мақсатында Ежелгі және ортағасырлар тарихы залы, Алтын залы №1 және Алтын залы №2 экспозицияларынан көптеген экспонаттар фотосуретке түсірілді (жыл бойы).



«Көне түркі өркениеті» залындағы «Көне түркі өркениеті» залындағы экспозиция жасау жұмысы



Залдарда реэкспозиция жасау барысы



«Ежелгі және ортағасырлар тарихы» залындағы реэкспозиция жұмыстары



ҚОР ЖҰМЫСЫ

Осы жылдың қараша айында Экспозициялық – көрме жұмыстары бөлімінің қызметкерлері және Есеп бөлімінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, материалдық құндылығы бар музей заттарын түгендеу жұмыстарын жүргізді.

Қор сақтау бөлімінен Ежелгі және ортағасырлар тарихы, «Нұр-Сұлтан», Асыл мұра залдарына экспонаттар, атап айтқанда Қарақаб, Түйетас, Аян, т.б. қорғандарынан табылған тас мүсіндер, археологиялық нысандар іріктеліп, экспозицияға қойылды.

КӨРКЕМ БЕЗЕНДІРУ ЖӘНЕ ДИЗАЙН

«Көркем безендіру және дизайн» бөлімі музей басылымдарының дизайны, музей аумағын визуалды коммуникация құралдарымен безендіру, залдарды көркем және техникалық безендіру жобаларын әзірлеу, экспозиция және резекпозиция дизайнын жасау, көрмелердің схемалары мен экспозицияларын, экспозициялардың тұжырымдамаларын, көркем-сәулет жобасын қалыптастыру сияқты ауқымды жұмыстар жүргізеді.

Бөлім әртүрлі сипаттағы жарияланымдардың, журналдардың, кітаптардың, көрме каталогтарының, есептердің, ақпараттық және жарнамалық материалдардың және т.б. компьютерлік дизайнын дайындаумен, беттеумен және көркемдік безендіру жұмыстарымен айналысады.

3D-форматта интерьерлер, экстерьерлер, көрме павильондары, музей-





дің республика аумағындағы және шет мемлекеттердегі көрмелері, залдар, қабаттар дизайнын жасайды. Бөлім қызметкерлері визуалдау, көрмелерді және залдардың реэкспозициясын жобалау, визуалдау және концепциясын дайындайды, сондай-ақ музейдің ішкі көрінісін, экстерьерін, көрме павильондарын, республика аумағы мен шет мемлекеттерде ұйымдастырылған көрмелерді 3D-форматта модельдеумен айналысады.

Эмблемалар мен логотиптердің, күнтізбелердің дизайнын, баннерлер мен кәдесый өнімдерінің эскиздерін және т.б. әзірлеу бойынша бөлім қызметкерлерінің жұмысы маңызды болып табылады.

2020 жылы 154 тапсырыс бойынша жұмыстар атқарылды. Тапсырыстардың ішінде визуализациясын жасау, 3D визуализациясын жасау, эскиздерді, суреттерді, афишаларды, стендтерді басып шығару жұмыстары жүзеге асырылды.

Жыл	Көрмелер	Конференция/ семинар/дөңгелек үстел (ғылыми)
2016	70	21
2017	94	14
2018	60	22
2019*	36	8
2020	15	6
Барлығы	288	82

Кесте 9. Соңғы 5 жылдағы музейде ұйымдастырылған ауқымды іс-шаралардың саны

№	Іс-шара атауы	Оффлайн	Онлайн
1	Көрме	15 (4935 адам)	-
2	Дөңгелек үстел	6 (260 адам)	5 (220 қаралым)
3	Конференция	-	2 (88 қаралым)
4	Музейлік сабақтар	70 (1234 адам)	71 (53040 қаралым)
5	Экскурсия	1784 (27275 адам)	29 (55800 қаралым)
6	Дәріс	12 (240 адам)	34 (37450 қаралым)
7	Сұхбат	-	30 (120648 қаралым)
8	Бейнедәріс		22 (22597 қаралым)
	Барлығы	1887 (33944 адам)	193 іс-шара (289843 қаралым)

Кесте -10. 2020 ж. музей бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ БӨЛІМІ

Қызметтің «Ұйымдастыру жұмыстары бөлімі» мынадай жұмыстарды жүзеге асырады:

- музей қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ музейдің және оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметін тұтас дамыту және жетілдіру;
- музей қызметін тиімді ұйымдасты-

рушылық және функционалдық қамтамасыз ету;

- музейдің іс-шаралар жоспарына сәйкес іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

«Ұйымдастыру жұмыстары бөлімінің» қызметкерлері ағымдағы жылда 100-ге жуық маңызды іс-шаралар (сұхбат, кездесулер, көрмелер және т.б.) ұйымдастыруға атсалысты.



Ел аумағында пандемияның таралуы салдарынан орын алған карантиндік шектеулерге байланысты музей өз жұмысын виртуалды форматта жалғастырды. Карантин кезінде музейде онлайн форматта жалпы саны 200-ге жуық лекция, кездесу, сабақтар мен шеберлік сағаттары Facebook және Instagram әлеуметтік желісінде ұйымдастырылып, жалпы саны 289 843 қаралым жинады. Сонымен қатар, 29 онлайн тақырыптық және экскурсиялық турлар жүзеге асырылып, 55 800 қаралым жинады. Есеп беру мерзімінде 15 көрме ұйымдастырылып, 4935 келуші тамашалады.

2020 жылы барлығы 2080 шара өтіп, 323 787 адам қамтылды.

Есеп беру мерзімінде музей қабырғасында ұйымдастырылған ауқымды іс-шаралардың бірқатары төменде беріледі.

Музей қызметкерлері мен мәжіліс депутаттарының кездесуі (9 қаңтар)

Музей қабырғасында музей қызметкерлері мен ҚР Мәжіліс депутаттарының Гүлшара Абдықалықовамен кездесуі ұйымдастырылды.

«Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығын тапсыру салтанаты (18 қаңтар)

Нұр-Сұлтан қаласындағы «RiXos» мейрамхана кешенінде Ұлттық музейдің «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты атанып, сыйлықты тапсыру салтанатына қатысты. Алтын адамның музейлерге шеруі жобасы аясында шығарылған кітаптар мен журналдар, 250-ге жуық каталог



«Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты сыйлығын тапсыру салтанаты



Ғылыми кеңес отырысы



Жұлдызды гидтер музей келушілеріне экскурсия өткізуде



Шоу-бағдарламаның ашылу салтанаты

алдын-ала дайындалып, естелік сыйлық ретінде және музейді жарнамалау мақсатында келушілерге үлестірілді.

Музейдің Ғылыми кеңесі мүшелерінің отырысы өтті (13 ақпан)

Бүкіләлемдік экскурсия жүргізушілер күніне орай «Жұлдызды гид» шоу-бағдарламасын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді (21 ақпан).

«Біз біргеміз» челленджі (24 қаңтар)

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің бастамасымен Нұр-Сұлтан қаласындағы қысқы климаттық жағдайға байланысты музей маңындағы қалың қарды тазалау мақсатында «Біз біргеміз» атты челленджін қолдау жұмыстары жүзеге асырылды.



Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қызметкерлері ұйымдастырған «Біз біргеміз!» челленджі





Монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияның отырысы

Монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияның отырысы (28 ақпан)

ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияның отырысы ұйымдастырылды.

«Шын жүректен алғыс айтамын» мерекелік шарасы (27 ақпан)

1 Наурыз – Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған «Шын жүректен алғыс айтамын» мерекелік шарасы ұйымдастырылды.



Іс-шара барысы





«Келушілерді тарту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталығының» тұсаукесері



«Келушілерді тарту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталығының» тұсаукесері (5 наурыз)

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің қатысуымен музей қабырғасында «Келушілерді тарту жөніндегі үйлестіру-әдістемелік орталығының» тұсаукесері өтті. Аталмыш шараға Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдері, Қазақстан аумағындағы музейлердің басшылары мен қоғам қайраткерлері қатысты.



«Қазақтың музыкалық аспаптары» кітабының тұсаукесері (13 наурыз)

Б.Сарыбаевтың «Қазақтың музыкалық аспаптары» атты кітабының тұсаукесерін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.



Кітаптың тұсаукесері

Ұйымдастыру жұмыстары қызметінің мамандары наурыз-қыркүйек айлары аралығында орын алған карантин кезінде музей қызметкерлерінің онлайн шараларын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Жалпы саны 235 – ке жуық онлайн лекция, онлайн-сұхбат, шеберлік сағаттары, онлайн конферен-

ция, онлайн баяндама, онлайн семинар, онлайн концерттік сұхбаттың ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асырды.

музей» сарапшымен сұхбат жобасы аясында өз жалғасын тапты.



Онлайн-сұхбат афишалары



Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің директорымен онлайн-сұхбат барысы

«Рухани қазына – 2020» фестивалі (7 қазан)

Музейде Мәдениет және өнер саласының қызметкерлері мен ұйымдарының ІІІ-республикалық «Рухани қазына – 2020» фестивалінің салтанатты марапаттау рәсімі ұйымдастырылып, өткізілді. Марапаттау рәсімі карантин шараларын сақтай отырып, тек қана жеңімпаздардың қатысуымен ұйымдастырылды.

Карантин кезінде бастамасы қолға алынған онлайн-сұхбат іс-шарасы карантиннен кейінгі кезеңде де «Біздің

Ақпараттық-имидждік жұмыстар және халықаралық ынтымақтастық

Музей өзінің халықаралық қызметін Қазақстанның сыртқы мәдени саясатында жетекші орында көріне отырып, шет елдерде елдің имиджін қалыптастыру құралын дамытады.

2020-2023 жылдарға стратегиялық даму концепциясы музей келушілермен және әлеуетті серіктес музейлермен байланысты дамытуда қазіргі заманғы өзекті трендтерін пайдалануға, музей аудиториясын кеңейтуде жаңа медиа



Республикалық «Рухани қазына – 2020» фестивалі



және сандық технологияларды қолдануға бағытталған.

Стратегиялық тұрғыдан дами отырып, музей сандық технологиялар дәуіріндегі өз модернизациясының және музей саласының дигитализация мәселелерін жүйелі түрде шешеді.

Халықаралық байланыс бөлімі 2020 жылы төмендегідей іс-шараларды жүзеге асырды:

- Музейде Қазақстан Республикасындағы Үндістан елшілігінің жанындағы Свами Вивекананда мәдени орталығының ұйымдастыруымен «Үнді сарии уақытқа бағынбайтын талғампаздық» көрмесі (03.03.2020);

- Нью-Дели қаласындағы (Үндістан) «Алтын Адамның әлем музейлеріне шеруі» көрмесі (18.03.2020);

- Музей басшылығы мен БАӘ-нің Қазақстандағы елшілігінің саясат, экономика мен медиа мәселелері жөніндегі жетекшісі Мира Аль Азизи ханыммен кездесуі (08.10.2020);

- Палестинаның Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі доктор Монтасер Абузейдамен достық кездесуі (14.10.2020);

- «Көнетүркі өркениеті» залының ашылу салтанатына Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия елшіліктерінің өкілдері шақырылды (13.11.2020).

- «Нюрнберг сабақтары: ұмытылмас үшін» көрмесі Нұр-Сұлтан қаласындағы Ресей ғылым және мәдениет орталығы, Ресей тарих қоғамы, ҰОС орталық музейі мен Қазіргі заман тарихының Ресей мемлекеттік орталық музейімен бірге ұйымдастырылды (19.11.2020).

БАҚ-мен жұмыс

БАҚ-мен жұмыс бөлімінің негізгі бағыты – Музейдің атқарып жатқан ба-

сты қызметі бойынша хабарды, ақпараттық қолдауды ұйымдастыру арқылы халықтың көкейіне жеткізу.

Бөлім қызметкерлері келушілерді музей жұмысы туралы баспасөз және электронды БАҚ арқылы: шетелдік және республикалық баспасөз басылымдарында және интернет-ресурстарда үнемі ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Келушілер музейдің тыныс-тіршілігі туралы үнемі Баспасөз және электронды БАҚ арқылы ақпаратпен қамтамасыз етілді: БАҚ -да 118 мақала мен 34 бейнесюжет жарық көрді. Оның ішінде шетелдік электронды және мерзімді БАҚ – 10 мақала мен 6 сюжет жарияланды.

2020 жылы музейде баспасөз бөлімінің тікелей атсалысуымен біршама маңызды іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, 2020 жылы музейде өткен 12 көрме, жыл сайын дәстүрге айналған әлеуметтік маңызы бар Әлемдік экскурсия жүргізушілер күніне арналған «Жұлдызды гид» акциясы, балалар педагогикасы мен шығармашылығына арналған шаралар мен т.б. ауқымды іс-шараларды ұйымдастырып, ақпараттық қолдау көрсетті.

Аталған іс-шараларға «Хабар 24», «Kazakh TV», «Қазақ радиосы», «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Астана ақшамы», «Литер», «Казинформ», «Baq.kz» т.б. электрондық және мерзімді БАҚ қатысты. Сондай-ақ іс-шараның есебі әзірленіп, Музейдің әлеуметтік парақшаларында кеңінен жарық көрді.

2020 жылғы наурыз айының ортасынан бастап дүниежүзін жаулап алған COVID-19 індетіне байланысты елімізде төтенше жағдай режимі жарияланып, музей келушілер үшін карантинге жабылды.

Осыған орай, музейдің барлық

құрылымдық бөлімдерімен бірге, БАҚ-мен баспасөз бөлімінің қызметі де өз жұмысын толығымен онлайн режим үлгісінде жалғастырды.

Аталған кезеңде онлайн-форматында бірнеше музейлік ауқымды жобалар қолға алынып, ресми әлеуметтік желілер арқылы көрермен назарына ұсынылып отырды. Олардың қатарында, «Біздің музей» арнайы жобасы, музей саласына арналған сан-түрлі тақырыптардағы «Онлайн-экскурсия» және «Онлайн-сабақтар» жобалары әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпай, керісінше музейдің тұрақты оқырмандарының үзбей қарайтын виртуалды нұсқадағы жобаларына айналып жүргізілуде.

БАҚ-мен жұмыс бөлімі қазан айында музейдің бекітілген жоспарына сәйкес жұмыс істеді. Айдың жұмыс жоспары бойынша апталық іс-шаралар кестесі тұрақты түрде музейдің әлеуметтік парақшаларында жарияланып отырды.

Қыркүйек, қазан, қараша айлары аралығында баспасөз бөлімінің ақпараттық қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде БАҚ-ның тікелей қатысуымен бірнеше маңызды жобалар ұйымдастырылды.

2020 жылғы қараша айының 13 күні «Көне түркі өркениеті» залының ашылуы өтті. 18 қараша күні Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Нұр-Сұлтан қаласы және Шығыс Қазақстан облысы әкімдіктерінің қолдауымен «Ұлы Даланың ежелгі өнері және технологиялары» залының ашылуы өтті.

Аталған іс-шараларға республикалық

электрондық және мерзімді БАҚ-мен қатар, шетелдік «Синхуа» ақпараттық агенттігі мен «TRT AVAZ» түрік телеканалы ақпараттық қолдау көрсетті.

Сонымен бірге, біршама электрондық және мерзімді БАҚ-мен әріптестік туралы Меморандумдарға қол қойылды.

Сондай-ақ, Баспасөз бөлімі елімізде орын алып жатқан маңызды тарихи-мәдени қоғамдық оқиғалар жайында ақпаратты әзірлеумен қатар, мерекелік және салтанатты шараларға арнайы құттықтаулар мәтінін жазып, кейін олардың БАҚ-ның беттері мен Музейдің ресми парақшаларында жариялануын қамтамасыз етеді.

Ұлттық музей төменде көрсетілген БАҚ-мен тығыз байланыста:

ТВ: «Qazaqstan», «Хабар», «Хабар 24», «Astana», «Қазақ тв», «Атамекен бизнес», «Алматы тв» және т.б.

Халықаралық тв: МТРК «МИР», «Синхуа» ҚХР ақпараттық агенттігі, «TRT Avaz» Түркия мемлекетінің арнасы.

Радио: Қазақ радиосы, ШАЛҚАР радиосы, «Орда ФМ» радиосы.

Газет: Казахстанская правда, Егемен Қазақстан, Айқын, Литер, Караван, Туркестан, «Білімді ел – Образованная страна», «Деловой Казахстан», «Қостанай таңы», «Астана ақшамы» және т.б.

Ақпараттық сайттар: «Елорда ақпарат», «Вечерняя Астана», «Рухани жаңғыру» жобасының ақпараттық порталы, МИА «Казинформ», «Baq.kz», «Abai.kz», «Давай сходим», Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының ресми сайты, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми сайты және т.б.

МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ БАҒЫТЫ

Музейдің мәдени-білім беру жұмыстары ең алдымен келушілердің әлеуметтік белсенділіктерін дамыту үшін жағдай жасауға, тұлғаның рухани әлеуетін ашуға, білім беру саласында өзіні тануға бағытталған.

Музей тарихи және мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудың ғылыми орталығы ғана емес, сонымен қатар, елорданың қоғамдық өмірінің белсенді күшіне айналды.

Музейдің мәдени-білім беру жұмыстарын – Экскурсиялық жұмыстар және музей педагогикасы қызметі (бұдан былай – Қызмет) жүзеге асырады. Қызмет екі бөлімнен тұрады: Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі мен Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі.

ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМІ

Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі – Ұлттық музейдің (бұдан әрі - Музей) маңызды құрылымдық бөліктерінің бірі болып саналады.

Бөлімде 13 адам жұмыс істейді, оның ішінде бөлім жетекшісі – 1, әдіскер - 1, ж/д экскурсия жүргізушілер – 11.

Экскурсиялық қызмет көрсету жұмысы «Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің білім беру бағдарламасы туралы ереже», «Музей қонақтарымен экскурсиялық жұмыс туралы ережеге» сәйкес нормативтік құжаттармен регламенттеледі.

Экскурсиялық қызметтің негізгі бағыттары:

1. Ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу.

2. Халықтың бос уақытын тиімді өткізуіне, рухани, адами және патриоттық тәрбие жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау.

3. Музей қонақтары үшін музей залдарында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде тақырыптық экскурсияларды әзірлеу және өткізу.

4. Әртүрлі санаттағы келушілер үшін музейдің тұрақты экспозициясы және уақытша көрмелері бойынша экскурсиялық мәтіндер әзірлеу.

5. Отандық және шетелдік музеология саласындағы жетістіктерді меңгеру.

Есеп беру кезеңінде Музейге 16518 қонақ келсе, соның ішінде 8162 келуші музей залдары бойынша жүргізілген экскурсияларға қатысты. Музейге келушілердің статистикасын келесі санаттарға жіктеуге болады:

№	Санат	Келушілер саны	Экскурсияға қатысқандар
1	2	3	4
1	Оқушылар	3843	2099
2	Студенттер	676	335
3	7 жасқа дейінгі балалар	525	362
4	Зейнеткерлер	183	60
5	Ерекше жандар	156	133
6	Әскери қызметкерлер	107	158
7	Шетелдіктер	3368	717
8	Балалар үйінің тәрбиеленушілері	0	0
9	Ересектер (өзге санат)	7660	4298
	Жалпы:	16518	8162

Кесте 11. Музейге келушілер санаттары.



Диаграмма 11. 2020 ж. жүргізілген экскурсия саны

Музей қонақтарының жалпы санына талдау жасай отырып, 9 санатқа жіктелген келушілердің басым бөлігін оқушылар, шетелдік қонақтар және ересектер құрайтындығын атап өту қажет. Есеп беру кезеңінде музейге 4298 ересек, 2099 орта мектеп оқушылары, сондай-ақ 717 шетелдік қонақтар келгендігіне көз жеткізіп отырмыз.

16518 келушілердің 8162-сі музей залдары бойынша шолу және тақырыптық экскурсияларға қатысты. Есеп беру кезеңінде Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі 682 ақылы және 476 тегін, яғни, 1158 жалпы шолу және тақырыптық экскурсиялар өткізді.

Ағымдағы жылы экскурсиялар мен келушілер саны өткен жылдардағы көрсеткіштермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Бұл айырмашылықтар осы жылғы әлемдегі пандемияның таралуына байланысты орын алған карантиндік шектеулердің салдарынан болып отырғандығы белгілі. Музейдің экскурсия жұмыстарының 5 жылдық көрсеткіштері төмендегі кестеде беріледі.

Музей залдары бойынша экскурсия 5 тілде өткізіледі. Төменде келтірілген кестеде тілдер бойынша экскурсиялардың жалпы саны көрсетілген.

Жыл	Экскурсиялар саны	Келушілер саны
2016	5599	154 141
2017	8833	282 073
2018	6544	199 356
2019	4417	66 384
2020*	1784	27 275
Барлығы	27 177экскурсия	729 229келушілер

Кесте 12. Музейде өткен экскурсиялар мен келушілер санының соңғы 5 жылдағы көрсеткіштері

Тілдер бойынша жіктеу.

№	Тілдер	Экскурсия саны
1	Қазақ тілі	602
2	Орыс тілі	457
3	Ағылшын тілі	88
4	Қытай тілі	5
5	Түрік тілі	6
Жалпы:		1158

Кесте 13. 2020 ж. тілдер бойынша экскурсиялар саны.

Тілдер бойынша жіктеу.

Экскурсиялар әртүрлі санаттағы келушілер үшін өткізіледі. Әдіскерлер экскурсоводтармен бірлесіп, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға, шетелдік келушілерге экскурсиялық мәтіндерді бейімдейді. Музей залдары бойынша экскурсияларды ерекше білім беру қажеттіліктері бар келушілердің 85%-ы тыңдады.

Есеп беру кезеңінде Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің мамандары 7 ресми делегацияға экскурсия жүргізді:

9 қаңтар – РФ Мемлекеттік думасының спикері – Ю.Н. Мищеряков (экс-

курсия жүргізуші Жұмағұлова А., орыс тілінде);

15 қаңтар – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобының (ГРЕКО) атқарушы хатшысы Жанлука Эспозито, Франция (экскурсия жүргізуші Жүнісбек Г., ағылшын тілінде);

3 наурыз – Қазақстандағы Тәжікстан Республикасының елшілігі (экскурсия жүргізуші Жұмағұлова А., ағылшын тілінде);

4 наурыз – Қазақстандағы Францияның елшілігі (экскурсия жүргізуші Смағұлов Н., ағылшын тілінде);

9 қазан – Қазақстандағы БАӘ елшілігінің саяси, экономикалық және БАҚ бөлімінің басшысы Мира ал Азизи (экскурсия жүргізуші Смағұлов Н., ағылшын тілінде);



Экскурсовод А. Ткаченко ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға экскурсия өткізуде.

келушілердің жас, әлеуметтік категорияларына арналған бақылау-экскурсиялық мәтіндерді бейімдеуге бағытталған.

Бөлім қызметкерлері музейде және одан тыс жерлерде ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысады. Наурыз-сәуір айларында А.Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы – халық ұлағаты» атты байқау ұйымдастырылды. Оған 89 қатысушының



Экскурсия жүргізуші Н. Смағұлов Пәкістан мемлекетінің Қазақстандағы елшісі М. Абузейдке экскурсия жүргізуде.

14 қазан – Пәкістан мемлекетінің Қазақстандағы елшісі Монтасер Абузейд (экскурсия жүргізуші Смағұлов Н., ағылшын тілінде).

Бөлім қызметкерлері көрмелердің ашылу рәсіміне белсенді қатысып, экскурсия жүргізу қызметін қатар атқарады.

Әдістемелік жұмыс жалпы шолу экскурсияларының мәтіндерін даярлауға,

350 жұмысы қабылданды. Экскурсиялық жұмыс, музей педагогикасы және экспозициялық залдардың сақталуы қызметінің басшысы Ж. Беисова осы байқауды қазылар алқасы ретінде ұйымдастыруға қатысты. Қазылар алқасының мүшесі ретінде қызмет басшысы Ж. Беисова 2020 жылдың қыркүйегінде ҚР ПМ музейлері арасында өткен республикалық конкурсқа қатысты.

18-24 мамыр аралығында «Түркі әлемі музейлері апталығы» халықаралық жобасы іске асырылды. Бөлім қызметкерлері қызмет басшысының басшылығымен бейнематериалдар ұйымдастырып дайындады, келіссөздер жүргізді. Сондай-ақ, олар жобаға спикер ретінде қатысты.

Қыркүйек айында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру жобасымен жұмыс басталды. Жоба барысында бағдарлама ұзақтығы 10-15 минуттан тұратын ыңғайлы қысқаша онлайн форматта 1-11 сыныптардың оқушылары үшін бейнедәрістер әзірленді. Балаларға үйде отырып Қазақстанның киелі жер-

леріне виртуалды турлар жасауларына жағдай жасалды. Сонымен қоса опера, балет, драма өнерінің үздік үлгілерін, отандық және шетелдік қызықты кинофильм, мультфильмдерді көріп, таңғажайып музыка туындыларын тыңдай алады.

Оқушыларға madeni-m.kz сайтында қазақ және орыс тілдерінде музыкалық өнер, театр өнері, кинематография, бейнелеу өнері және Қасиетті Қазақстан атты 5 бағыт бойынша барлық білім беру бейне-сабақтары қолжетімді екенін айтып кеткен жөн.

Бөлім қызметкерлері әр бейнероликтің 22 мәтінін белгілі бір жасқа ар-

№	Дәріс тақырыбы	Дәріскер	Сынып	Сілтеме
1	Киелі мекен– Қазақстаным Ұлытау	Әнел Кемал	1	https://madeni.m.kz/kz/lessons/1/1/1
2	Святое место- Казахстан: Улытау	Аягөз Сұлтанова	1	https://madeni.m.kz/ru/lessons/1/1/1
3	Ұлы даланың көне қалалары: Бозоқ	Әнел Кемал	2	https://madeni.m.kz/kz/lessons/1/2/1
4	Древние города Великой степи: Бозок	Аягөз Сұлтанова	2	https://madeni.m.kz/ru/lessons/1/2/1
5	Қазақ халқының аңыздары: Тайқазан	Әнел Кемал	3	https://madeni.m.kz/kz/lessons/1/3/1
6	Легенды казахского народ Тайқазан	Аягөз Сұлтанова	3	https://madeni.m.kz/ru/lessons/1/3/1
7	Айша бибі, Бабаджа хатун, Қараханскерткіштері	Әнел Кемал	4	https://madeni.m.kz/kz/lessons/1/4/1
8	Памятники Айше Биби, Бабаджа Хатун, Карахан	Аягөз Сұлтанова	4	https://madeni.m.kz/ru/lessons/1/4/1
9	Отырар қамалдары	Әнел Кемал	5	https://madeni.m.kz/kz/lessons/2/5/1
10	Отрарские крепости	Аягөз Сұлтанова	5	https://madeni.m.kz/ru/lessons/2/5/1
11	Берел- патшалар алқабы	Әнел Кемал	6	https://madeni.m.kz/kz/lessons/2/6/1
12	Берель- долина царей	Аягөз Сұлтанова	6	https://madeni.m.kz/ru/lessons/2/6/1
13	Таңбалы тас – бабалар дүниетанымы	Әнел Кемал	7	https://madeni.m.kz/kz/lessons/2/7/1
14	Тамгалы – мировоззрение предков	Аягөз Сұлтанова	7	https://madeni.m.kz/ru/lessons/2/7/1
15	Қазақ хандығының қалалары: Сарайшық	Әнел Кемал	8	https://madeni.m.kz/kz/lessons/2/8/1

16	Города Казахского ханства:Әйгерім Сарайшық	Жұмағұлова	8	https://madeni.m.kz/ru/lessons/2/8/1
17	Қазақ даласының ғұламалары:Әнел Кемал Қожа Ахмет Яссауи		9	https://madeni.m.kz/kz/lessons/3/9/1
18	Ученые казахских степей: Аягез Кожа Ахмет Яссауи	Сұлтанова	9	https://madeni.m.kz/ru/lessons/3/9/1
19	Жоңғар шапқыншылығына Әнел Кемал қарсы күрескен батырлар мен сұлтандар		10	https://madeni.m.kz/kz/lessons/3/10/1
20	Батыры и сұлтаны, Аягез сражавшиеся против Сұлтанова джунгарского нашествия		10	https://madeni.m.kz/ru/lessons/3/10/1
21	Абай және XXI ғ. Қазақстан	Әнел Кемал	11	https://madeni.m.kz/kz/lessons/3/11/1
22	Абай и Казахстан в XXI в.	Аягез Сұлтанова	11	https://madeni.m.kz/ru/lessons/3/11/1

Кесте 14. «Экскурсия жұмыстары» бөлімі қызметкерлерінің дайындаған бейне жазбалары

налған қазақ және орыс тілдерінде әзірлеумен, аударумен, редакциялаумен және бейімдеумен айналысты. 10-11 қазанда осы жоба аясында бейнедәрістер түсірілді. Дәрісті бөлім басшысы А. Сұлтанова, әдіскер А. Кемал және экскурсия жүргізуші А. Жұмағұлова жүргізді. Роликтердің жасалуына қызмет басшысы Ж. Беисова бақылау жасады.

«Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру жобасының бейнедәрісі.

Ақпараттық жоспар барысында бөлім қызметкерлерінің ықпалымен Ұлттық музейдің сайты мен әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында әртүрлі тақырыптағы мәдени-танымдық іс-шаралардың өту барысы туралы мәлімет беріліп отырды. Экскурсия жүргізушілері Ұлттық музей экспозициялары бойынша сұхбат беріп, деректі фильмдер, теле және радиохабарларды түсіруге қатысады.

- 19 ақпанда «Дүниежүзілік экскурсия жүргізушілер күніне» орай,

«Qazaqstan» және «Еуразия» Бірінші каналына Ә. Жұмағұлова және Н. Жақсылықова қазақ және орыс тілдерінде арнайы репортажға түсті;

- 20 ақпанда «Орда ФМ» радиосының студиясына экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің әдіскері – Кемал Әнел экскурсиялық қызмет туралы сұхбат берді.

- 22 наурызда «Ел Орда» ақпараттық порталында бөлім әдіскері Айгүл Рахтаеваның ұлттық тағам Наурыз көже туралы мақаласы жарияланды.

- Тамыз айында «Вечерняя Астана» газетінде экскурсиялық жұмыс, музей педагогикасы және экспозициялық залдарды сақтау қызметінің басшысы Жанар Беисованың сұхбаты жарияланды.

- 14 және 15 қыркүйекте «Казахстанская правда» газетінде экскурсиялық жұмыстар, музей педагогикасы және экспозициялық залдарды сақтау қызметінің басшысы Ж. Беисованың сұхбаттары жарық көрді.

- 15 қыркүйекте әдіскер А. Рахта-



«Жұлдызды гид» жобасының афишасы.

еваның «Жемқорлыққа қарсы күрес – біздің басты міндетіміз» атты мақаласы жарияланды.

- 9 қазан күні Экскурсиялық жұмыс, музей педагогикасы және экспозициялық залдарды сақтау қызметінің басшысы Ж. Беисова «Baigenews» АА үшін музей туралы сұхбат берді.

- 9 қазанда экскурсия жүргізуші Ә. Жұмағұлова сұхбат беріп, «Baigenews» АА үшін виртуалды экскурсия өткізді.

- 11 қазанда Н. Жақсылықова «Қазақфильм» киностудиясының «Музейді тонау» сериалында эпизодтық түсірілімдерге қатысты.

2020 жылдың 21 ақпанында экскурсиялық қызмет көрсету бөлімі белгілі

өнер қайраткерлерінің қатысуымен Халықаралық экскурсия жүргізушілер күніне арналған «Жұлдызды гид» - «Звездный гид» жобасын жүзеге асырды. Экскурсиялық қызмет көрсетуге отандық телеарна, театр және эстрада жұлдыздары қатысты: Бағдат Сәмедінова, Жасұлан Жүрсінұлы, Майра Төлепберген, Жұмаділов Данияр және «Назар» тобы.

Келушілер (600 адам) өнер жұлдыздары өткізген экскурсиядан, сондай-ақ өз кумирлерімен бетпе-бет кездесуден үлкен әсер алды.

Жұмыс сапасын арттыру мақсатында бөлім қызметкерлері әрдайым тәжірбие



*Бөлім қызметкерлері біліктілікті арттыру курстарында.
Лектор – Б.К. Оразымбетова*

алмасып, фундаменталды білім алып отырады. Бөлім әдіскерлері экскурсия жүргізушілерінің экскурсиялық мәтіндерін үнемі тыңдап, ұсыныстарын білдіріп, жеке әдістемелік жұмыстар жүргізеді. Бөлім қызметкерлерінің ұсынысы бойынша шолу және тақырыптық экскурсия мәтіндерін, экскурсия маршруттары, экскурсияның технологиялық карталарын, сонымен қатар әдістемелік оқу құралын бекітетін ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды.

«Palarch's Journal of Achaology of Egyur / Egyptology» ғылыми журналында қызмет басшысы Ж. Беисованың Scopus индексациясымен «Special aspects of Metropolitan area (based on

the material of the historical and cultural evolution of the city of Nur-Sultan)» атты ғылыми мақаласы жарық көрді.

Сондай-ақ, жыл бойы «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының, ғылыми-әдістемелік жұмыс қызметінің ғылыми қызметкерлері, Заманауи өнер бөлімінің мамандары кәсіби дағдыларын арттыру үшін жоспар бойынша ағымдағы жылдың 10 қаңтары мен 27 ақпаны аралығында экскурсия жүргізушілеріне дәріс оқып, шеберлік сағаттарын өткізді.

2020 жылдың 2-7 наурыз аралығында Музей қызметкерлері үшін «Экскур-



«Ғасырлар үні» көрмесінің ашылуы.

сия жүргізушісі (гид) – музейдің мәдени-білім беру қызметінің базалық фигурасы» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өтті. Дәріскер – Қазақ Спорт және туризм академиясының Туризм ҒЗИ-ның сарапшы-әдіскері Б.Қ. Оразымбетова.

2020 жылы «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» халықаралық жобасы Үндістанның Ұлттық музейінде көпшілік назарына ұсынылды. Бүкіләлемдік пандемияға байланысты көрменің ашылу салтанатына 50 адам қатысты. «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы аясында көрмені жалпы 13 мемлекетте 2 миллионнан астам халық тамашалаған.

Ағымдағы жылдың 19 наурызынан

бастап Қазақстан Республикасында әлемдік пандемияға байланысты карантин режимі жарияланды. Осыған орай, Музейдің басқа да қызметкерлерімен бірге Экскурсиялық қызмет көрсету бөлімінің қызметкерлері онлайн жұмысқа көшті. Апта сайын Музейдің ұйымдастыруымен өткізілген атақты ғалымдар, суретшілер және музей қызметкерлерінің онлайн дәрістеріне, шеберлік сағаттарына Экскурсия бөлімінің қызметкерлері қатысып отырды.

Карантин кезінде бөлім қызметкерлері бірнеше шолу және тақырыптық бейне-экскурсиялар, «Бір жәдігер тарихы», «Музей құрметті қонақтар көзімен» атты жобаларды жүзеге асы-

рды. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде музей залдары бойынша шолу және тақырыптық экскурсия түсірілімдері ұйымдастырылды. Түсірілімге Ә. Кемал, А. Дарбаев, Н. Смағұлов, Ж. Әмірбекова сынды бөлім қызметкерлері белсене қатысты.

Ж. Әмірбекова қазақ тілінде балаларға арналған шолу экскурсиясына түсті. Бейнероликтер Facebook, Instagram және Youtube әлеуметтік желілеріндегі Музейдің ресми парақшаларында жарияланды.

«Бір жәдігер тарихы» жобасы музей экспозициясындағы белгілі экспонат туралы айтылған бейнероликті жасап, жариялауды көздейді. Бейне-экскурсия жарияланбас бұрын жауапты экскурсия жүргізуші экскурсияның арнайы сценариін дайындайды. Экскурсия жүргізушілерімен дайындалған бейне-экскурсия сценариін бөлім жетекшісі мен әдіскерлер пысықтап, түсірілім дайындалады. Тексеріліп, дайын болған бейне-экскурсия қызмет басшысына жолданады. Қызмет басшысымен мақұлданған бейне-экскурсиялар баспасөз бөлімінің қызметкерлеріне жолданып, Ұлттық музейдің әлеуметтік желілердегі парақшаларына жарияланады.

Бөлім қызметкерлері «Музей құрметті қонақтар көзімен» жобасын жүзеге асыруда. Жобаның басты мақсаты – Музейге келген ресми делегациялардың алғыстарын, жылы лебіз-тілектері мен құттықтауларын жариялау. Аса қадірлі қонақтардың келуі музей тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Бөлім қызметкерлері фотоархив жасаумен қатар «Пікір-лебіз кітабындағы» жазбаларды қазақ, орыс,

ағылшын тілдеріне аудару жұмыстарын жүргізуде. Аудармалар Музейдің ресми сайты мен әлеуметтік желі парақшаларында жарияланатын болады.

22-28 қыркүйекте бөлім қызметкерлері Ә. Кемал, Ә. Жұмағұлова, Н. Жақсылықова және М. Әзімбекова «Ұлы Дала елі» Орталығының ашылу салтанатында экскурсия жүргізушісінің экскурсиялық мәтінін әзірлеп, редакциялады. Олар экспозициялық залдар бойынша экскурсия бағытын әзірлеуге белсенді қатысты.

Онлайн-экскурсияларды жүргізу мақсатында бөлім қызметкерлері ZOOM платформасын белсене қолданады. Бұл форматтағы онлайн-экскурсиялар пікір алмасуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күнге дейін мектеп оқушылары үшін (1 қыркүйек, Ә. Кемал), Халықаралық экономика олимпиада қатысушылары үшін (11 қыркүйек, Г. Мүтәлі), С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет студенттеріне (9 қазан, Н. Жақсылықова, Ә. Жұмағұлова) және Л.Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің студенттеріне (29 қазан, Н. Жақсылықова) онлайн экскурсиялар жүргізілді.

6 қарашада «Астана» халықаралық қаржы орталығында «Ғасырлар үні» көрмесі ашылды. Көрмеге музей қорынан алынған суреттер қойылды. Көрмеде Н. Жақсылықова мен Н. Смағұлов, Ә. Жұмағұлова, Г. Мүтәлі, М. Әзімбекова және Ұ. Қожамұрат экскурсия жүргізді. Көрме ҚР Ұлттық музейінің филиалының ашылуына орай ұйымдастырылды.

№	Күні	Іс-шара атауы	Сілтеме	Көрілім	Лайк	Бөлісу	Пікір
1	02.04	Видеочеллендж Абай 175 (Кемал Ә., Тұрсын М., Жұмағұлова Ә, Беркенова К., Әмірбекова Ж., Ыбырайым М.)	https://fb.watch/1pyug3CH9f/	846	35	9	0
2	03.04	Қазақ тілінде шолу онлайн-экскурсиясы (КемалӘ.)	https://fb.watch/1pyi8WG1sV/	2507	60	29	8
3	06.04	Орыс тілінде шолу онлайн-экскурсиясы (Дарбаев А.)	https://fb.watch/1py86B2Bjj/	2745	64	34	0
4	15.04	Ежелгі және орта ғасырлар тарихы залы Орыс тілінде онлайн-экскурсия (Дарбаев А.)	https://fb.watch/1pxTntKPr2/	4562	51	19	6
5	18.04	Алтын залыҚазақ тілінде онлайн-экскурсия (КемалӘ.)	https://www.facebook.com/watch/?v=28598354891103	4302	40	10	
6	21.04	Қазақтың дәстүрлі мәдениеті залы.Қазақ тіліндеонлайн - экскурсия (КемалӘ.)	https://www.facebook.com/watch/?v=226695431916450	948	39	7	
7	22.04	Алтын залы Орыс тілінде онлайн-экскурсия (Дарбаев А.)	https://www.facebook.com/watch/?v=511851829482654	466	23	1	1
8	05.05	Лекция «Культурно-образовательная деятельность Национальногомузея: состояние и перспективы» (Бейсова Ж.)	https://www.facebook.com/watch/?v=1136834726676959	7740	128	21	58
9	10.05	Информационный видеоролик о героизме участника ВОВ Малика Габдуллина (Жақсылықова Н.)	https://www.facebook.com/watch/?v=286298752390048	983	33	7	4

10	05.06	ҚР Мемлекеттік рәміздері. Тақырыптық экскурсия (Жақсылықова Н.)	https://www.facebook.com/watch/?v=657073435023682	1182	24	6	3
11	06.07	Ағылшын тілінде Шолу онлайн-экскурсиясы. (Смағұлов Н.)	https://www.facebook.com/ulttyqmuzei/posts/2909705369151224	731	62	3	2
12	25.07	«Үржар ханшайымы Тарбағатайдың тамырыперенде екенін танытты» Тақырыптық экскурсия (Азимбекова М.)	https://www.facebook.com/watch/?v=889549954869451	779	41	1	
13	27.07	«Тұғыры биік – сәукеле». Тақырыптық экскурсия (Жақсылықова Н.)	https://www.facebook.com/watch/?v=208058660609710	1659	30	12	
14	10.08	«Абай Құнанбаев – қазақ халқының Ұлы хәкімі». Тақырыптық экскурсия (Жұмағұлова Ә.)	https://www.facebook.com/watch/?v=317980519402515	803	37	4	1
15	14.08	ҚР Ұлттық музейі қорындағы кілемдер топтамасы Тақырыптық экскурсия. (Жұмағалиева Ж.)	https://www.facebook.com/watch/?v=342203600137566	4523	71	48	15
16	19.08	«Ботай мәдениеті». Тақырыптық экскурсия (Жұмағұлова Ә.)	https://www.facebook.com/watch/?v=608233726557086	1166	30	8	

Кесте 15. Facebook платформасында атқарылған online шаралар статистикасы

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ МЕН БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ

Музейдің мәдени білім беру жобасының негізгі бағыттарының бірі – Экскурсиялық жұмыстар қызметі, музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімі мен экспозициялық залдарды сақтау қызметі болып табылады. Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінде музейге жастарды тарту және патриоттық-адамгершілік тәрбие беру, шығармашылық тұлға қалыптастыруда жоспарға сай кешенді мәдени-білім беру іс-шаралары ұйымдастырылып келеді. Олар «Тарихи тұлғалар», «Шаңырақ», «Әсемдікке құштарлық», «Қызықты этнография», «Дана» студенттік клубы және «Мейірім» әлеуметтік мәдени-білімдік жобалар, «Сән әлеміне саяхат» аядарындағы ұйымдастырылатын музей сабақтары, музей квесттері, танымдық-ойын бағдарламалары, экс-

курсиялар, лекциялар, дөңгелек үстелдер, тақырыптық кештер, концерттер. Сонымен қатар, 2016 жылғы ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша «Ұрпақ+» жобасы аясында «Мирас» үйірмесі, «Кескіндеме және графика», «Шебер» үйірмелері жұмыс істейді.

2020 жылдың қаңтар-қазан аралығында Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінде 141 әртүрлі форматтағы шаралар өтті, оған 2700 оқушы офлайн қатысты және 65 570 көрсетілім болды.

Музей педагогикасы мен балалар шығармашылығы бөлімінің 2014-2020 жылдар аралығындағы атқарған іс-шаралары, атап айтқанда дәрістер, музей сабақтары, шеберлік сабақтары мен квест сабақтардың статистикалық көрсеткіштері төмендегі кестеде берілді.

12 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласының №85 мектеп оқушылары «Тарих сабағы музейде» жобасы аясында «Берел қорғандары» тақырыбында музей залдарында тарих сабағын өткізді. «Көзімнің қарасы», «Бесікке салу», «Ұлы Отан соғысына 75 жыл» сабағы, және

Жылдар	Дәрістер	Музей сабақтары	Шеберлік сабақтары	Квест сабақтар
2014	3	20	-	-
2015	-	15	-	10
2016	1	18	7	12
2017	2	37	3	26
2018	9	47	5	18
2019	3	45	17	8
2020	2	43	15	10
Всего	18	225	32	74

Кесте 16. Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінің 2014-2020 жж. атқарған іс-шаралары

«Сән әлеміне саяхат» айдарымен карантин кезінде онлайн форматында танымдық сабақтары өткізілді.

«Шаңырақ» жобасы аясында: Нұр-Сұлтан қаласы мектеп оқушыларының қатысуымен Қазақстан халықтарының ынтымағы күніне арналған «Өнерлі өрендер» атты онлайн-концерті, «Арғымақ, Қазанат», «Құнды жәдігерлер сыр шертеді», «Қазақ халқының қолөнер бұйымдары мен ою-өрнектері», Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Абай – ұлылықтың бойтұмары», «Тіл – ұлт мәдениетінің басты қазынасы» атты музейлік танымдық сабақтар, офлайн форматында 1 қазан Қарттар күніне «Қарттарым – асыл қазынам» қайырымдылық концерті және қазақ музыкалық мәдениетіне біртуар дарын иесі, композитор, дирижер, орындаушы ретінде өшпес із қалдырған суреткер Н. Тілендиевтің 95 жылдығына арналған еске алу кеші өтті.

Қазақстан қайраткерлерін дәріптейтін, музей экспонаттары арқылы жеке тұлғалардың тарихын келушілерге насихаттайтын «Тарихи тұлғалар» жобасы аясындағы өтетін музей сабақтары мен түрлі шараларда жеке тұлғалардың қайраткерлік өмір жолдары таныстырылып, дәрістер оқылады, сұрақ-жауап, викториналық сұрақтар қойылып, шығармашылығы жайлы әңгіме қозғалады, әндер айтылады, күйлер шертіледі.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Ұлы Даланың ұлы тұлғасы», «Тақсай ханшайымы» музей квест сабақтары, дәстүрлі әнші Қ. Байбосыновтың 70 жылдығына орай, Қазақстан Республи-



«Арғымақ, Қазанат» квест сабағы.



«Құнды жәдігерлер сыр шертеді» музейлік танымдық сабағы.



1 наурыз – Алғыс айту күніне арналған «Шын жүректен алғыс айтамын» концерті.



«Ұлы дала сәулет өнерінің жауһарлары» атты танымдық сабақ.



«Ұлы дала сәулет өнерінің жауһарлары» атты танымдық сабақ.

касының Мемлекеттік рәміздер күніне орай Музеі Time тест сауалнамалары, Ш. Уәлихановтың 185 жылдығына орай, әлемдік суретшілер туралы, Әкелер күніне арналған «Адам ұрпағымен мың жасайды» тест сауалнамасы, Ш. Қалдаяқовтың 90 жылдығына орай композитордың өмірі мен шығармашылығына арналған «Ән – ғұмыр» тест сауалнамасы ұйымдастырылды, Ұлттық музей қорының жәдігерлері туралы Музеі Time тест сауалнамасы, Спорт күніне орай «Қазақстан спортшылары» тақырыбында ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ж. Молдағалиевтің 100 жыл-

дығына арналған тест сауалнамалары жүргізілді.

«Әсемдікке құштарлық» жобасы бойынша елорданың төл мерекесіне арналған «Еңселі Елордам!», «Ұлы дала сәулет өнерінің жауһарлары», «Әшекей бұйымдарының әсем әлемі», «Ерлердің зергерлік бұйымдары» атты танымдық, бейне сабақтары өткізілді.

Балалардың эстетикалық талғамын оятып, ұлттық құндылықтарымызды насихаттау мақсатында «Әсемдікке құштарлық» жобасы аясындағы өткізілген шаралар әртүрлі жас ерекшеліктеріне қарай және әлеуметтік белсенділіктеріне сай айналадағы ортаны, табиғатты және эстетикалық қабылдау және шығармашылық қабілеттерін ашуға арналады (үйлестіруші А. Халимбай). Сонымен бірге, бұл жобаның алдына қойған мақсаты оқушыларға музей қорындағы картиналарды, мүсіндерді насихаттап қана қоймай, олардың шығу тарихын таныстыру, оқушылардың рухани жан дүниесінің сұлулығын ашу болып табылады. Жоба аясында «Ұлы дала сәулет өнерінің жауһарлары», «Зергерлік әшекей бұйымдары», «Ерлердің зергерлік бұйымдары», ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы – халық ұлағаты» атты Нұр-Сұлтан қаласының мектеп оқушылары арасындағы қашықтық байқауы <https://www.facebook.com/704560159665767/videos/2841540639261872>; «Әшекей бұйымдарының әсем әлемі», «Күлтегін біздің бабамыз», Нұр-Сұлтан қаласының төл мерекесіне арналған «Еңселі Елордам!» шаралары ұйымдастырылды.



«Әшекей бұйымдарының әсем әлемі» атты танымдық сабақ.

«Қызықты этнография» жобасы аясында ұйымдастырылған шараларға келушілер мен балалар үлкен қызығушылықпен қатысады. «Асық», «ләңгі», «тоғыз құмалақ» ойын сабақтары, қазақ халқының жұмбақтары, әлем елдерінің жаңылтпаштары дәстүрлі түрде креативті, жаңаша форматта өткізіледі. Карантин кезеңінде «Кескіндеме және графика» мен «Шебер» үйірмелерінің жылдық жұмыс қорытындылары бойынша «Balavision» көрмесі, ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы – халық ұлағаты» атты Нұр-Сұлтан қаласының мектеп оқушылары арасындағы қашықтық байқауы, «Кел, асық ойнайық» Muzei Time тест сауалнама-

сы, «Суреттер арқылы ұлттық ойынды табу», мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ұлттық ойындар, смайликтер, ребустар онлайн сабағы, 1 қыркүйек Білім күніне арналған Ыбырай Алтынсариннің өмірбаянына арналған, «Қазақстан жастары арасындағы өнерлі тұлғалар», «Тоғыз құмалақ» ойын сабағы тақырыптарына сұрақ-жауап Muzei Time тест сауалнамалары ойын түрінде жүргізіліп, «Ковид-19», жазғы демалысты қалай өткіздім» атты мектептер арасындағы балалардың сурет көрмесі, т.б. көптеген шаралар музейдің әлеуметтік желілерінде тұрақты түрде жарияланып отырды.

Музей педагогикасы және балалар шығармашылығы бөлімінде мәде-



«Дана» жобасы аясында өткен «Бізге қосыл-ерікті бол» дөңгелек үстелі.

ни мұраларды насихаттау мақсатында, белсенді азаматтық көзқарас пен шығармашылық тұлғаны қалыптастыруда, эстетикалық мәдениетке баулу жолында студенттік «Дана» клубы өз жұмысын жүргізіп келеді (үйлестіруші А.Р. Кемеңгерова). музейде орын алған ата-бабамыздан бізге жеткен жәдігерлерді болашақ ұрпаққа сақтап, жеткізу – басты мақсат. «Дана» жобасы аясында «Бізге қосыл-ерікті бол» дөңгелек үстел, таныстырылым дәрісі, Нұр-Сұлтан қаласы техникалық колледжінің жетім балаларына арналған «Ұлттың құндылығы – ұлттық тәрбиеде» шеберлік сабағы, «Дарынды жастар» айдарымен онлайн музей сабағы, Ш. Қалдаяқовтың 90 жылдығына арналған «Өнер жастан»



«Құрақ көрпе» шеберлік сабағы.



«Тропинки творчества: нежные пионы».



«Шығармашылық баспалдақ: нәзік таушымылдықтар».



«Түрлі-түсті идеялар» шеберлік сабағы.



«Шығармашылық баспалдақ: берекелі алтын күз».



«Кең байтақ туған жер» пейзаж жанрындағы шеберлік сабағы.

«Шебер» және «Кескіндеме және графика» үйірмелерінде балалар өз шығармашылығын дамыта алады. Мәселен, «Шебер» үйірмесі аясында «Құрақ көрпе» және «Киіз басу» шеберлік сабақтары, «Шебер» үйірмесі тәлімгерлерінің жазғы демалыстағы шұғылданатын қолөнер түрлерінен «Білгенге – маржан» атты шеберлік сабағы өтті.

Үйірмеде балалар кесте тігу, басқа да қолөнердің түрлерін дамыта алады. «Кескіндеме және графика» тәлімгерлеріне тікелей эфирде «Рисование яблока», «Рисование дерева», Білім күніне орай «Білім әлеміне саяхат», «Қарияларға тағзым» атты шеберлік сағаттары өтті.

«Кескіндеме және графика» және «Шебер» үйірмелері қорытындысы бойынша «Balavision» онлайн көрмесі өткізілді. Сондай-ақ, Нұр-Сұлтан қаласы мектеп оқушыларының суреттерінен «Как я провел лето. «Ковид-19» атты бейне көрмесі өтті.

«Мейірім» әлеуметтік жобасының аясында өтіп жатқан мәдени-білім беру іс-шаралары мен шеберлік сабақтары әр аудиторияның ерекшеліктерін, балалардың диагнозын ескере отырып, арнайы әдіс бойынша өткізіледі, сурдоаудармашылар шақырылады, Брайл шрифтіндегі мәтіндер қолданылады. «Түрлі-түсті идеялар», «Шығармашылық баспалдақ: нәзік таушымылдықтар», «Білім және шығармашылық баспалдақтары» (Абайдың 175 жылдығына арналған және Танграм ойыны), «Шығармашылық баспалдақ: берекелі алтын күз», «Туған жер кеңістігі» пейзаж жанрындағы шеберлік сабағы және «Қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлері», «Шығармашылық баспалдақ» дәстүрлі шеберлік сабақтары өткізілді.

Карантин кезінде де ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін әртүрлі форматта іс-шаралар өткізілді: «Көктем симфониясы» (суреттер мен қолөнер көрмесі) онлайн-көрмесі; «Менің әлемім» (суреттер). Іс-шараға 7-18 жас аралығындағы балалар қатысты. Елорда күніне арналған «Арман қала» музейлік онлайн-сабағына және «История столицы на стендах музея» зум сабақтарына елордамыздың студенттері мен оқушылары қатысты. Сонымен қатар жоба аясында «Музей және біз», «Сүйкімді таушымылдықтар» (ашық хат жасау), отбасылық шығармашылық сабақ «Шығармашылық баспалдақ: «Кітапқа арналған бетбелгі» және Білім күніне арналған шығармашылық сабақ «Шығармашылық баспалдақ: «Қиял ғажайып әлем» атты бейнероликтер түсірілді.

Ең үлкен құндылық ретінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұмытуға болмайтын жеңістің қандай қиындықпен келгенін балалар білуі үшін Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған «ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ ЕТЕМІЗ» – «МЫ ПОМНИМ, МЫ ГОРДИМСЯ» онлайн айдары шықты. Оның басты мақсаты – жас ұрпақты адамгершілік-патриоттыққа

тәрбиелеу, өз елі мен халқына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, оқушылардың Ұлы Отан соғысы туралы білімдерін бекіту және толықтыру. Әлеуметтік желіде 9 бейнеролик жарияланды. Музей залдарында маңызды мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шаралар өткізілді.

«Тұғыры биік – Тәуелсіз Қазақстан», «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты Конституция күніне және Тәуелсіздік күніне арналған музейлік сабақтар өтті.

Бүгінгі күнге дейін музейдегі «Кескіндеме және графика», «Мирас», «Шебер» үйірмелеріне 1200-ден аса оқушылар мен студенттер, «Шаңырақ», «Әсемдікке құштарлық», «Қызықты этнография», «Шаңырақ», «Тарихи тұлғалар» жобаларының, «Дана» клубының аясында өткізілген музей сабақтары, дәрістер мен әдеби-сазды кештерге және кездесулерге 5 жылдың көлемінде миллионға жуық келуші қатысты.


2014-2019 жылдар аралығында музейде өтетін ертеңгіліктерге 12 000-нан аса оқушы, музейдегі тарих сабақтарына 9280 оқушы қатысты. Жалпы музей бойынша бес жылда 1087 мәдени-білім беру іс-шаралары өткізілді. Соның ішінде бүлдіршіндерге арналған ертеңгілік-

Жылдар	Сабақ	Байқау	Көрме	Ертіңгілік	Концерт	Фестиваль	Тест	Барлығы
2014	23		1		1			25
2015	25		2	6	2			35
2016	38		3	6	1			48
2017	58		3	10	2			73
2018	79	1	4	10	2	1		97
2019	73	1	3	6	4	2		89
2020	112	2	3		3		21	141
Барлығы	408	4	19	38	15	3	21	508

17-кесте. 2014-2020 жж. аралығында балалар педагогикасы мен шығармашылығы бойынша ұйымдастырылған іс-шаралардың сандық көрсеткіштері


Іс-шара түрлері

Диаграмма 12. 2014-2020 жж. аралығында балалар педагогикасы мен шығармашылығы бойынша ұйымдастырылған іс-шаралар



2014-2020 жж. өткен іс-шаралар

Диаграмма 13. 2014-2020 жж. аралығында балалар педагогикасы мен шығармашылығы бойынша ұйымдастырылған іс-шаралардың көрсеткіштері



тер, түрлі мәдени білімдік шаралар көп балалы отбасының және мүмкіндігі шектеулі балалары тегін қатыстырылды. Оның ішінде даталы күндер мен балаларға арналған мерекелер жоспардан тыс қалмайды.

Әр жобалар бойынша әлеуметтік желілердегі қаралым саны:

«Этнографиялық қызықты ойындар» жобасы бойынша 5541 қаралым, «Мейірім» әлеуметтік жобасы аясында 10120 қаралым, «Шаңырақ» жобасы аясында 6533 қаралым, «Дана» жо-

басы аясында 4947 қаралым, «Тарихи тұлға» жобасы бойынша сауалнаманы барлығы 8316 рет тамашалап, 604 адам қатысқан, «Әсемдікке құштарлық» жобасы аясында 4237 қаралым, «Сән әлеміне саяхат» айдары бойынша 6023 қаралым болды; «Шебер» үйірмесі 3809, «Кескіндеме және графика» үйірмесі 24 рет өткізіліп, тікелей эфирде 4 сабақ өткізілді. «Кескіндеме және графика» үйірмесі сабақтарының қаралымы – 16044. Барлық жобалар бойынша әлеуметтік желілердегі қаралым саны 65570 болды.



А. Шолпанқұлованың «COVID-19» коронавирустық инфекциясының алдын-алу» туралы дәріс оқу сәті.

ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ЗАЛДАРДЫ САҚТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БӨЛІМІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің экспозициялық залдарды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің міндеті – музейдің көрме және экспозициялық залдарының талапқа сай сақталуын қамтамасыз ету болып табылады. Соған байланысты шаралар тұрақты өткізіліп тұрады:

– Экспозициялық залдарды күнделікті бақылау, санитарлық нормаларды тексеру;

– Атриумдағы кезекшіліктің кестесін бекіту;

– Экспозициялық залдарда кезекшілікті орнату;

– Ағымдағы жұмыс бойынша күнделікті жиналыс өткізу;

– ALTONIKA дабыл батырмасын үлестіру;

– Әр сейсенбі сайын экспозицияларды тіркеу журналын тексеру;

– Әр сейсенбі сайын бір сағаттық санитарлық-дәрілеу сағатын өткізу;

– Әр айдың соңғы сейсенбісінде тазалық күнін өткізу.

Үстіміздегі жылы қыркүйек айының 23-і күні медбике А. Шолпанқұлова «COVID-19» коронавирустық инфекциясының алдын алу және санитарлық нормаларды сақтау ережелері бойынша дәріс оқыды.

Әр айдың соңғы сейсенбісінде залдарда тазалық күндері өткізіліп отырылды. Экспозициялық залдарды сақтауды қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері музей қабырғасында ұйымдастырылған көрмелердің монтаждау және демонтаждау жұмыстарына қатысты.

БАСПА ЖҰМЫСЫ


Есепті кезеңде музейдің ғылыми қызметкерлері ғылыми жарияланым деңгейін арттырды.

Монографиялар


№	Сурет	
1		Смағұлов О., Смағұлова А. Қазақ халқы және ата тегі: Кешенді физикалық антропологиялық анықтамаларына негізделген. (ж.с. XX ғ. – ж.с.д. XX ғ. дейін). /О.Смағұлов, А.Смағұлова. – Алматы. Арна-б, 2020. – 472 бет.
2		Смағұлов О. Қазақтың айбарлы диссиденті. Мақмет Құлмағамбеттің өмір жолы / Оразақ Смағұлов. – Алматы: AmalBooks баспасы, 2020. – 400 б.
3		카자흐스탄 제티수지역의 고분문화 (Ancient tombs in Zhetisu Kazakhstan). – Нур-Султан-Тэджон, 2020. – 352 с. – на корейском

4		Таймагамбетов Ж.К. Мустьерские комплексы Казахстана. Коллективная монография. – Нара. – 160 б.
5		А. Онгарулы, Пён Ёнхван, Нам Санвон, А. Каирма-гамбетов, Ким Ёнхён, А. Нускабай, М. Кызырханов. Катартобе. Некрополь сакской элиты Жетысу. – Нур-Султан–Тэджон, 2020. – 464 с.
6		Сарыарқаның мәдени мұрасы. Жаңа зерттеулер. «Қазына» сериясы. 6-шығарылым. – Нұр-Сұлтан: ҚР Ұлттық музейі, 2020. – 352 б. – қазақша, орысша.

Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы

№	Сурет	
1		Қазақстан Республикасының Тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Ақмола облысы. 3-шығарылым. Бурабай ауданы. – Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Акмолинская область. Выпуск 3. Бурабайский район. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 256 б. – қазақша, орысша

Көрме каталогтары

№	Сурет	
1		<p>Ұлы Дала: Уақыт. Кеңістік. Мәдениет. I-том. Дала әміршілері. Көрме каталогы. – The Great Steppe: Time. Space. Culture. Volume I. Owners of the Steppe. The exhibition catalogue. – Великая степь: Время. Пространство. Культура. Том I. Властители степей. Каталог выставки. Под ред. А. Онгарулы. – Нур-Султан, 2020. – 312 с. – Қазақша, ағылшынша, орысша.</p>

Энциклопедия

№	Сурет	
1		<p>Сакральный Казахстан. Четвертый том / Сост.: А. Екимбаева, Г.Шауенова. – Нур-Султан, 2020. – 392 с.</p>
2		<p>Қасиетті Қазақстан. Төртінші том / Құраст.: А. Екімбаева, Г. Шәуенова. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 378 б.</p>

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі. Жалпы мәліметтер.....	5
Қор және реставрация жұмыстары.....	7
Ғылыми-зерттеу жұмыстары.....	31
«Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығы.....	48
Ғылыми-әдістемелік жұмыстар қызметі.....	54
Ұйымдастыру және көрме жұмыстары қызметі.....	77
Мәдени-білім беру бағыты.....	99
Баспа жұмысы.....	118